
С. К. Жантикеев, Д. А. Жансерикова, Р. А. Молдабаева,
Г. Б. Бейсенбекова

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

ЖЕТКІНШЕК ЖАСҚА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ ЖИНАҒЫ



ISBN 978-601-7616-95-3

"Тұран-Астана"
университеті

С. К. Жантикеев, Д. А. Жансерикова, Р. А. Молдабаева, Г. Б. Бейсенбекова

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

ЖЕТКІНШЕК ЖАСҚА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ ЖИНАҒЫ

Астана, 2023

УДК 159.922.7 (075.8)
ББК 88.8 я73
Ж56

Рецензенттер:

Нағымжанова К.М. - педагогика ғылымдарының докторы, «Тұран-Астана» университетінің профессоры
Бапаева М.Қ. - психология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры
Байбекова М.М. - психология ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік Педагогикалық университеті

«Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды

Жантикеев С.К., Жансерикова Д. А. Молдабаева Р. А., Бейсенбекова Г. Б.
Педагог-психологтің оқу-әдістемелік құралы. Жеткіншек жасқа арналған психологиялық тест жинағы. – Астана: 2023 ж. - 299 б.

ISBN 978-601-7616-95-3

Оқу-әдістемелік құралында нақты жеткіншек кезеңін зерттеуге арналған психологиялық әдістер мен әдістемелер кешенінен, олардың толық сипаттамалары, өткізу тәртібі және нәтижелерді талдау нұсқалары ұсынылған. Оқу-әдістемелік құрал білім беру және кәсіптік саладағы педагог-психологтар мен тәжірибелік психологтарға арналған.

УДК 159.922.7 (075.8)
ББК 88.8 я73
Ж56

ISBN 978-601-7616-95-3

© Жантикеев С.К., Жансерикова Д. А.
Молдабаева Р. А.,
Бейсенбекова Г. Б. 2023 ж.
© «Тұран- Астана» университеті 2023 ж.

Мәдени-тәуелсіз интеллект тесті

Р.Кеттелл

1958 жылы Р.Кеттелл дайындаған интеллекттің даму деңгейін анықтауға арналған, қоршаған орта факторларының ықпалына тәуелді емес (мәдениет, білім және т.б.), «таза» интеллектілік тест. Бұл тест үш нұсқада жүргізіледі.

а) 4-8 жастағы балалар мен ақыл ой дамуы кешеуіл қалған ересектерге;
б) 8-12 жастағы балалар мен жоғары дәрежедегі білімі жоқ ересектерге
(екі параллелді үлгісі бар А және В);
в)жоғары сынып оқушылары мен студенттерге және жоғары білімді ересектерге (екі параллелді үлгісі А және В).
Тестің бірінші нұсқасы 8-субтестен тұрады, оның төртеуі автордың қарастырған
«мәдениет ықпалынан еркін» тесті:
1) «орналасу»;
2) «жіктелуі»;
3) «аталған пәндерді таңдау»;
4) «лабиринт»;
5) «жетіспейтін бөлшектері бар суреттер»;
6) «тапсырмалардың орындалуы»;
7) «жұмбақтар»;
8) «ұқсастылығының анықталуы».

Барлық тапсырмаларды орындалу уақыты 22 минут (ҚОСЫМША 1).

Екінші, үшінші нұсқалар 4 субтестен құралып, тек деңгейлерінің күрделенуімен ерекшеленеді.
-фигураның қатары бойынша орналасу заңдылықтардың өзгеруі;
-«жіктеу»-фигураның жалпы көрінісімен ерекшеленеді;
-«матрицалар»-фигураның комплект бойынша толықтырылуы;
-«шарт»- фигураны алғашқы анықталған орындарына орналастыру (берілген бейнелердің ішінен белгілі бір суретті таңдап соны бір нүкте бойынша бақылауы шарт).

Берілген тапсырмаларды орындау уақыты 12 минут. Мәдени-тәуелсіз интеллект тесті өзімен бірге жылдамдықты қажет етеді, бірақ орындау уақыты шектелген түрде қолданылуы мүмкін. Тестің 2 және 3 нұсқаларының қорытынды бағалары кесте көмегімен процент реті анықталады. Р.Кеттел бұл тесттен жалпы қабілеттерді де өлшеген. Кеттелдің пікірінше, түрлі мәдени тапсырмалардан алынған мәдени-еркін интеллект тестің көмегімен алынған

мәдениеттерге, толығымен өзімен сәйкестенеді.

Тест қоршаған ортаның (мәдениет, білім және т.б.) ықпалына қарамастан интеллект дамуын өлшеуге арналған. Тестті жеке немесе топпен зерттеуде қолдануға болады. Бұл құралда 8–12 жастағы балалар мен жоғары білімі жоқ ересектерге арналған нұсқа ұсынылып отыр.

Тест екі бөлімнен тұрады, олардың әр қайсысында төрт субтест бар.

Барлық тапсырмалар графикалық формада берілген.

Әр субтесті орындауға арналған уақыт шектеулі:

	1 субтест	2 субтест	3 субтест	4 субтест
1 бөлім	4 мин	4 мин	4 мин	3 мин
2 бөлім	3 мин	3 мин	3 мин	3 мин

Кейін субтесті қысқартып айту үшін «тест» деп белгіленеді.
Стимулдық материалда әдістеменің әр бөлімінің және әр тестің алдында нұсқау беріледі. Барлық нұсқауларды эксперименатор дауыстап оқиды және түсініксіз сәттерді түсіндіреді.

Тапсырманы шешуде әріптермен белгіленіп ұсынылып отырған жауап нұсқасынан тек бір ғана дұрыс жауапты таңдау қажет және оны жауап парағында тиісті әріпті сызып тастау арқылы белгілеу керек. Әр тестпен жұмыс жасар алдында эксперименатор уақытты белгілейді. Уақыт өтісімен сыналушыны тоқтатып жауаптар парағын жанына қоюды өтінеді.

НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ

Тестілеу нәтижесі кілтпен тексеріледі. Содан кейін әр тест бойынша дұрыс жауап саны саналады және әдістеменің бірінші және екінші бөлімі бойынша жалпы қосындысы есептеледі. Екі бөлімнің де ұпайларының қосындысы шығарылады, алынған нәтиже шикі ұпай болып есептеледі, ол кейін жас нормаларының кестесінің көмегімен IQ стандартты бағаға айналдырылады.

IQ орташа көрсеткіші 90-нан 110-ға ұпай аралығында болады деп саналады. Бұл деңгейден жоғары көрсеткіш сыналушының дарындылығын, ал төмен көрсеткіш ақыл ой дамуына артта қалуды білдіреді.

Стимулдық материал.

Нұсқау: бұл тест өзара ұқсас екі үлкен бөлімнен тұрады. Әр бөлімде төрт топқа (жеке тесттер) біріктірілген графикалық тапсырмалар бар.

Әр топта тапсырмалар күрделену ретімен орналасқан. Мүмкін барлық тапсырманы дұрыс орындап шығуға

мүмкіндіктеріңіз жетпесе, сонда да мүмкіндігінше көп тапсырма орындап шығуға тырысыңыздар. Тапсырманы шешуге қиналсаңыз, сонда да ең ықтимал шешімді таңдауға тырысыңыз.

Әрбір субтесттің уақыты шектеулі. Сіз жұмысты экспериментатордың нұсқауымен бастайсыз және аяқтайсыз. Егер сіз уақыттан бұрын аяқтасаңыз, өз жауабыңызды тағы бір рет тексеріп шығыңыз. Барлық жауапты арнайы жауап парағына енгізіңіз. Дәптерге ештеңе жазбаңыз және ешқандай белгі жасамаңыз. Әрі қарай жұмыс істеу үшін нұсқауларды күтіңіз!

Жауап парағы

Тегі _____
Аты _____
Жынысы_____Туылған күні _____
Тестілеу уақыты_____
Сіздің ойыңызша дұрыс жауапқа сәйкес келетін әріпті осы жауап парағында қысық сызықпен сызыңыз. Егер сіз басқа әріпті сызып қойсаңыз, онда оны крестпен сызып түзетіңіз.

1 – БӨЛІМ

№	Тест 1	№	Тест 2		Тест 3		Тест 4
	1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
	1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
	1 2 3 4 5				1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5
2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5
3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5
4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5
5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5
6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5
7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5
8	1 2 3 4 5	8	1 2 3 4	8	1 2 3 4 5	8	1 2 3 4 5

			5				
9	1 2 3 4 5	9	1 2 3 4 5	9	1 2 3 4 5		
10	1 2 3 4 5	10	1 2 3 4 5	10	1 2 3 4 5		
11	1 2 3 4 5	11	1 2 3 4 5	11	1 2 3 4 5		
12	1 2 3 4 5	12	1 2 3 4 5	12	1 2 3 4 5		
		13	1 2 3 4 5				
		14	1 2 3 4 5				
Дұрыс жауап саны							
Жалпы қосындысы							

2 – БӨЛІМ

№	Тест 1	№	Тест 2		Тест 3		Тест 4
	1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
	1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
	1 2 3 4 5				1 2 3 4 5		1 2 3 4 5
1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5	1	1 2 3 4 5
2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5	2	1 2 3 4 5
3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5	3	1 2 3 4 5
4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5	4	1 2 3 4 5
5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5	5	1 2 3 4 5
6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5	6	1 2 3 4 5
7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5	7	1 2 3 4 5
8	1 2 3 4 5	8	1 2 3 4 5	8	1 2 3 4 5	8	1 2 3 4 5
9	1 2 3 4 5	9	1 2 3 4 5	9	1 2 3 4 5		
10	1 2 3 4 5	10	1 2 3 4 5	10	1 2 3 4 5		

11	1 2 3 4 5	11	1 2 3 4 5	11	1 2 3 4 5		
12	1 2 3 4 5	12	1 2 3 4 5	12	1 2 3 4 5		
		13	1 2 3 4 5				
		14	1 2 3 4 5				
Дұрыс жауап саны							
Жалпы қосындысы							

Дұрыс жауап саны	1 бөлім	
	2 бөлім	
	1 бөлім+2 бөлім	
IQ		

Кілті (1-бөлім)

1 субтест	2 субтест	3 субтест	4 субтест
1-4	1- 2	1- 3	1- 3
2-2	2- 3	2- 2	2- 4
3-1	3- 4	3- 1	3- 2
4-5	4- 3	4- 5	4- 3
5-3	5- 3	5- 4	5- 1
6-5	6- 1	6- 1	6- 1
7-2	7- 4	7- 3	7- 3
8-3	8- 3	8- 2	8- 2
9-2	9- 5	9- 5	
10-1	10- 3	10- 1	
11-2	11- 3	11- 2	
12-3	12- 5	12- 2	
	13- 3		
	14- 2		

Кілті (2 Бөлім)

91 субтест	2 субтест	3 субтест	4 субтест
1-3	1- 2	1- 3	1- 3
2-4	2- 3	2- 2	2- 4
3-4	3- 4	3- 1	3- 2
4-3	4- 3	4- 5	4- 3
5-2	5- 3	5- 4	5- 1
6-3	6- 1	6- 1	6- 1
7-3	7- 4	7- 3	7- 2
8-5	8- 3	8- 2	8- 2
9-2	9- 1	9- 5	
10-1	10- 1	10- 1	

11-3	11- 3	11- 2	
12-1	12- 1	12- 2	
	13- 3		
	14- 4		

Стимулдық материалдар


1 бөлім

1 тест

Әр қатарда оң жақтағы бес фигурадан сол жақтағы үш фигураға сәйкес келетінін таңда. Сіз жауаптар парағында осы фигураға сәйкес келетін әріпті сызыңыз.


Мысал.

Үлгі





Бірінші мысалда 1 -дұрыс шешім. Ол жауаптар парағында сызылған


Үлгі 1




Келесі екі беттегі 12 тапсырманы осы мысалға сәйкес шешу керек.











Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!






1 тест аяқталды.

2 тест


Нұсқау: Әр қатарда бес шаршыдағы фигуралардың қайсысы қалған төртеуінен өзгеше екенін, яғни оларға сәйкес келмейтінін анықта. Сіз жауаптар парағында осы фигураға сәйкес келетін әріпті сызыңыз.


Мысал 1




Бірінші мысалда 4-дұрыс шешім. Ол жауаптар парағында сызылған.


Бұл жолы осылайша 14 тапсырманы шешу керек. Есіңізде сақтаңыз, бұл жолы тапсырма үш бетте орналасқан. Біріншісін бітіріп, бірден екіншісін орындауға көшіңіз.






Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!




2 тест аяқталды.

3 тест


Нұсқау:Әр тапсырмада сол жақтағы бос шаршының орнын толтыру үшін оң жақтағы суреті бар шаршылардан едәуір сәйкес келетін шаршыны таңда. Сіз жауаптар парағында осы фигураға сәйкес келетін әріпті сызыңыз.

Мысал 1.





Бірінші мысалда 3 -дұрыс шешім. Ол 3 тесттің жауаптар

парағында сызылған.





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!





3 тест аяқталды.


4 тест

Нұсқау: әр тапсырмада қай жерде нүкте барын мұқият қарау керек және оң жақтағы бес фигурадан нүктені дәл солай орналастыруға болатын фигураны таңдау керек.

Дұрыс жауапқа фигураға сәйкес келетін санды жауаптар парағында сызыңыз.


Бұл жолы Сізге екі бетте орналасқан 8 тапсырманы шешуге тура келді. Есіңізде сақтаңыз мәтіннің өзінде ешнәрсе жазуға болмайды, сондықтан нүктені тапсырмалар бар суретке салмаңыз.


Мысал 1




Бірінші мысалда дұрыс шешім- 3, себебі тек осында ғана нүктені шеңберге тік төртбұрыштың сыртында қалатындай етіп орналастыруға болады. Сондықтан сіз жауаптар парағына төртінші тест жауабында 3 саны сызылып тасталған.

4 тест





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!



4 тест аяқталды


2 БӨЛІМ

Нұсқау: тестің екінші бөлімі бірінші бөлімдегідей төрт әртүрлі тапсырмалар тобынан тұрады.
(жекелеген тестер). Олар дәл бірінші бөлімнің төрт топ тапсырмасындағыдай орналасқан. Мұнда әр тапсырманың бір ғана дұрыс шешімі бар. Сіз жауаптарыңызды жауап парағының сыртқы жағына белгілеңіз. Тестің өзінде ешнәрсе жазуға болмайды.


Тест 1


Сізге әр қатарда сол жақтағы үш фигураға едәуір сәйкес келетін фигураны оң жақтағы бес фигураның ішінен таңдап алу қажет. Жауаптар парағынан дұрыс жауапқа сәйкес келетін санды сызып таста.

Мысалы 1, 2, 3.



Бірінші мысалда 1 – дұрыс шешім. Ол жауаптар парағында сызылып тасталған. Келесі беттерде 12 тапсырманы көресіз, оларды осы мысалға сәйкес шешу керек.







1 тест аяқталды

2 тест

Нұсқау: әр қатарда орналасқан бес шаршыдағы фигуралардың қайсысы қалған төртеуінен өзгеше,
яғни Сізге оларға сәйкес келмейтінін анықтау қажет.

Мысал 1, 2.






Бірінші мысалда дұрыс шешім– 4. Ол 2 тесттің жауап парағында сызылып тасталған.


Бұл жолы осылайша 14 тапсырманы шешу керек. Есіңізде сақтаңыз, бұл жолы тапсырма


екі бетте орналасқан. Біріншісін бітіріп, бірден екіншісін орындауға көшіңіз.

2 тест





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!





Сізге айтқанға дейін бетті жаппаңыз!







2 тест аяқталды

3 тест


Нұсқау: әр тапсырмадан сол жақтағы бос шаршыға едәуір сәйкес келетін суреті бар шаршыны тауып жалпы суретті толықтырыңыздар.
Мысал 1, 2.






Бірінші мысалда дұрыс шешім – 3. Ол 3 тест жауап парағында сызылған. Бұл жолы Сізге
келесі екі бетте орналасқан 12 тапсырманы шешу керек.

3 тест







3 тест аяқталды

4 тест


Нұсқау: әр тапсырмада қай жерде нүкте барын мұқият қарау керек және оң жақтағы бес
фигурадан нүктені дәл солай орналастыруға болатын фигураны таңдау керек.
Дұрыс жауапқа фигураға сәйкес келетін әріпті жауаптар парағында сызыңыз. Бұл жолы
Сізге екі бетте орналасқан 8 тапсырманы шешуге тура келді.
Мысал 1, 2.






Бірінші мысалда дұрыс шешім- 3, себебі тек осында ғана нүктені шаршыға шеңбердің сыртында қалатындай етіп орналастыруға болады. Сондықтан сіздегі жауаптар парағына төртінші тест жауабында с әрпі сызылып тасталған.

Келесі мысалдар мен тапсырмаларда нүктені тиісті жерге қоймауыңыз керек, сіздің жауап парағыңызда сәйкес келетін әріпті сызып тастау қажет.





4 тест аяқталды

Векслердің интеллект шкаласы

Векслер тесті батыстағы (әсіресе ағылшын тілді мемлекеттерде) интеллектіні зерттеу тестілері ішіндегі ең танымалы. Авторы - Дэвид Векслер (1896—1981), американдық клиникалық психиатр және психолог; Нью-Йорк университетінің Медициналық колледжінің клиникалық психология профессоры.

Д. Векслер кеңінен танымал интеллект тестін алғашқы рет 1939 жылы жариялады. Wechsier-Bellevue Scale атауына ие болған бұл тест 7 жастан 69 жасқа дейінгі сыналушылар таңдамалары арасында стандартталды. WAIS әдістемесін анағұрлым негізді етіп қолдану үшін және оның нәтижесін бағалау үшін бұл әдістеменің шығу тарихыны анық білу керек.

Интеллект тесті мектептік білім беру жүйесінің, сонымен қатар ақыл-ой кемшілігіне байланысты тиісті талаптарға жауап бере алмайтын адамдарды анықтаудағы практикалық қажеттіліктің заңды нәтижесіне айналып отыр. Осы негізде интеллектің алғашқы тестері Ф. Гальтонның пікірінше, ақыл ой операцияларын өлшеу мен санауды қамтуды алдына мақсат етіп қойды. Интеллект тесті «тұлғаның танымдық ерекшеліктеріне өмір сүру жағдайларының қоятын негізгі талаптарын игеруде қол жеткізген деңгейлерін кесінді анықтауға мүмкіндік береді».

Интеллектінің көрінуі алуан түрлі. Оларды қоршаған ортаны тануды қамтамасыз ететін кез келген интеллектуалдық әрекетке барлық психикалық функциялардың араласуы біріктіреді. Интеллектінің анағұрлым маңызды анықтамаларын айтуға болады.

В. Стирн «интеллектіні жаңа жағдайдағы қиындықтарды жеңуге көмектесетін, жаңа міндеттерге және өмір жағдайларына жалпы рухани бейімдеуші қабілет ретінде» қарастырады.

Қазіргі заман неміс зерттеушісі Ж. Гузк пікірінше, «Интеллект – бұл тұлғаның ақыл ой процестері мен деңгейін сипаттайтын және әр түрлі мәселелік жағдайда әрі әр түрлі ақыл ой материалындағы әрекетін қамтамассыз ететін, әзірше анық емес, көптеген алуан түрлі «ақыл ой қабілетінің», «факторларының» немесе «өлшем бірлігінің» жалпылаушы ұғымы (ойлау абстракциясы)».

Жұмыста «интеллект мидың анатомиялық-физиологиялық ерекшелігі мен жүйке жүйесінің (нышандарының) өзара байланысында қалыптасқан тума тұқым қуалаушылықтар негізінде пайда болатын тұлғаның танымдық қасиетінің дербес өзгермелі құрылымы ретінде қарастырылады». Ол тарихи-

мәдени жағдайларға тәуелді іс- әрекетте көрінеді және қоршаған ортамен дұрыс өзара әрекетті қамтамасыз етеді.

WAIS әдістемесін құрастыра отырып Д. Векслер интеллект туралы мына ұғымға сүйенді: интеллект - бұл индивидумның мақсатқа бағытталған мінез құлқы, саналы ойлауы және сыртқы ортамен сәтті өзара әрекетінің кешенді ғаламдық қабілеті.

Қазіргі уақытта Векслер тесті ақыл ой дамуын зерттеудегі кеңінен таралған тест. Тест әдістемелік нұсқаудан, вербальды (6 субтест) және вербальды емес (6 субтест) тапсырмалардан тұратын стимулдық материалдардан тұрады.

Әдістемелік нұсқауда тестілеу барысы, кілті, сонымен қатар нормативтік жас ерекшелік кестесі берілген.

Бұл тест 12 субтесттен тұрады, олардың әрқайсысы вербальдық (сөздік) және вербальдық емес (әрекеттік) ойлаудың түрлі аспектілерінің сипаттамасын береді (ҚОСЫМША 2).

Әдістемелік нұсқау: бұл тестті қолданбас бұрын психолог әдістемелік басшылықты жақсы меңгеріп, әр субтест бойынша дайындалған көрнекі материалдармен және тіркеу парағымен жұмыс істеу тәсілдерін игеруі керек. Психолог сондай - ақ субтест бойынша нұсқауларды жақсы білуі және нұсқауды түсіндіргеннен кейін туындаған баланың сұрақтарына дұрыс жауап бере білуі тиіс. «Көмектеспеу» үшін әдістемені өткізу бойынша барлық талаптарды қатаң сақтаудың маңызы зор. Барлық субтесттер нақты уақытпен орындалады, сондықтан психолог сыналушының жауаптарын жазып алып отырумен қатар уақытты да қадағалап отыруы тиіс. Сонымен қатар қанша қатеден кейін тестілеуді тоқтату керектігін білуі тиіс.

Тест бойынша қорытынды нәтиже үш көрсеткіш бойынша айқындалады:

Жалпы IQ (ақыл ой дамуының коэффиценті);

Вербальды IQ (сөздік ойлауының дамуының көрсеткіші);

Вербальды емес IQ (әрекеттік ойлаудың даму көрсеткіші).

Тестілеу аяқталған соң сыналушының барлық жауабы бағаланады. Балалдардың қосындысы жас ерекшелік топтары кестесінің көмегімен шкалалық бағаға айналады. Қорытынды нәтиже шкалалық бағалардың профилі түрінде жасалады.

Нормативтік кестелерде 100-интеллект дамуының орташа жас деңгейіне сәйкес келеді. 85-115 диапозон аралығындағы мән нормаға сәйкес деп қарастырылады, 70-85 –шекаралық, 70–төмен интеллек көрсеткіші. 115-130 –аралығы дамудың жоғары деңгейі, 130 –дан жоғары дарындылық. Бұл шекаралар

шартты түрде және бағдар ретінде қарастырылады.

Үш көрсеткіштің ара қатынасы ақыл ой дамуының әр түрлі аспектілерін сипаттайды. Едәуір терең сипаттамаларды әр 12 субтест бойынша мәліметтерге талдау жасау арқылы алуға болады.

Тесті өткізу уақыты –90–100 минут. Векслер тесті өткізу үшін және нәтижелерді талдау үшін көп уақытты қажет етеді, сондықтан бұл тестті жеке сұраныс бойынша қолданған орынды.

Тест жекеше формада өтеді.

Әдістеменің екі кешені жасалған: 5 тен пен 16 қа дейінгі жас аралығындағы балаларға арналған және 16 тан жастан бастап екесектерге арналған.

1 СУБТЕСТ (БІЛІМДІЛІК)

Бағалау 1 - 0

Сынақ 8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балалармен № 1 тапсырмадан басталады, қатарынан 5 қате жауап алынған жағдайда сынақ тоқтатылады.

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызбайтын ересек балаларға: №4 тапсырмадан бастау керек, егер №4, №5 немесе №6 тапсырмаларының бірі орындалмаса, онда келесі тапсырмаға өтпес бұрын № 1,2,3 тапсырмаларына қайта оралу қажет. Егер барлық үш тапсырма № 4, 5, 6 дұрыс орындалса, онда № 1, 2, 3 тапсырмалары үшін алдына ала аванс ретінде балл беріледі, № 7 тапсырмаға өту қажет. Қатарынан 5 сәтсіздіктен кейін сынақ тоқтатылады. Бағалау 1 – 0.

Тапсырмалар мен бақылау жауаптары

1. Сенде қанша құлақ бар?
   1:Екі. Қос.
2. Мына саусақ қалай аталады? (Тапсырма беруші сұқ саусағын көрсетеді)
   1: Сұқ саусақ
3. Иттің неше аяғы бар?
   1: Төрт
4. Сүтті қандай жануардан аламыз?
   1: Сиырда (немесе ешкі, немесе түйе)
5. Су қайнау үшін не істеу керек?
   1: Отқа қою керек (немесе газға, немесе плитаға). Жылыту.
6. Қандай дүкенде қант сатылады?
   1: Азық түлік дүкенінде (немесе гастрономда, немесе нан дүкені, немесе

қант сататын басқа дүкенде).

7. Бір қолда бес саусақ бар, оң қолда неше?

1:Бес

8.Аптада неше күн бар?

1:Жеті

9.Санкт-Петербург деп аталатын қаланың негізін кім қалады?

1: Бірінші Петр

0: Құрлысшылар

?:Ленин ("дұрыс, қала бұрын Лениннің атымен аталған. Бірақ оның негізін кім қалады?").

10. Қос дегеніміз не?

1: Екі. Екеу, екі адам (немесе зат). Мектептегі баға.

0: Қос аяқ (немесе заттар).

?: Бұл сан. Қос қостан балабақшаға барады. ("Дұрыс. Сонымен қос дегеніміз не?").

11. Жылдың төрт мезгілін ата

1: Қыс, жаз, күз, көктем (кез келген ретпен).

12. Анардың түсі қандай?

1: Қызыл (қою қызыл түс)

0: Білмеймін.

13. Күн көзі қай жақта батады?

1: Батыста (Қолымен батысты көрсетіп немесе «көкжиектің арғы жағында»

деген жауап: «Дұрыс, бірақ бұл қай бағыт?»

0: Бұлттың арғы жағында (немесе таудың арғы жағында немесе т.б.)

14. Асқазан не үшін керек?

1: Ол асты қорытады. Асты өзінің сөлімен қорытады. Асты сіңіртеді.

15. Неге мұнай немесе май судың бетінде жүзеді?

1: Себебі судың тығыздығы жоғары (немесе мұнайдікі төмен). Жеңіл.

?: Жеңіл.("Ия, бірақ тиын ақша да жеңіл, бірақ ол су бетінде жүзбейді").

16. «Абай жолы» роман-эпопеясын кім жазды?

1: Мұхтар Әуезов

17. 9 мамырда қандай мереке тойланады?

1: Ұлы Отан соғысының жеңісін.

0: Фашизмді жеңу күнін.

18. SOS дегеніміз не?

1: Апат сигналы. Көмекке шақыру сигналы. Кеме батқандағы

«біздің жанымсызды құтқарыңдар» сигналы.

?: Кеме батқандағы белгі. Кемедегі сигнал.

19. Ересек адамның орташа бойының ұзындығы қандай?
1:150-180 см.
20. Италия қай жерде орналасқан?
1: Еуропаның оңтүстігі. Аппенин жартылай аралында. Жерорта теңізінде.
0:Еуропада. Еуропаның оңтүстік батысында. Балкан жартылай аралында. Францияның жанында. Аралда.
21. Центнерде қанша килограмм бар?
1:100 кг
22. Грецияның астанасы қалай аталады?
1: Афины.
23. Скипидар неден алынады?
1:Қылқан жапырақты ағаштардан (немесе ағаштан, немесе қарағайдан, немесе шырша, немесе қарағай шайырынан)
0: Спирттен (немесе бензиннен, немесе мұнайдан)
24. Астанадан Алматыға дейін неше шақырым?
1200- 1300 шақырым
25. 29 ақпан қашан болады?
1: әр төрт жыл сайын. Толы жылда.
0: Қыста. Ақпанда.
?: Осы жылы (немесе ... жылы). (Егер толы жыл болса, онда «Енді тағы қашан болады? деп сұрау).
26. Оңтүстік полюсті ашқан кім?
1: Амундсен
27 Барометр деген не?
1:Атмосфералық қысымды өлшеу құралы. Ауа райын болжау құралы.
0:Температураны өлшейді.
?:қысымды өлшеу үшін.
28. Иероглиф деген не?
1: Кейбір елдердің (Египет, Қытай, Жапония және т.б.) немесе ежелгілердің жазба белгілері.
0: Ежелгі халықтар қолданған сына жазу. Салынған суреттер. Белгі. Әріптер.
29. Александр Македонский кім болған?
1: Ежелдеге ұлы қолбасшы. Ежелгі грек қолбасшысы. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген жаулап алушы. Персияны (немесе Египедті) бағындырушы.
Грек, македония, персия мемлекетінің басшысы.
0: Ұлы орыс қолбасшысы.
?: Ұлы қолбасшы. Әскербасы. Македондардың

қолбасшысы. Македония қолбасшысы.

30. Тәркілеу (конфискация) деген не?

1: Соттың шешімімен (немесе әкімшілік тәртіпте, немесе заң жүзінде)

біреудің мүлкін еріксіз мемлекет пайдасына алу. Заң жүзінде мүлікті алу.

?: Мүлікті тартып алу. Зорлықпен мүлікті тартып алу.

Бұл субтест бойынша нәтиже білім көлемі мен білім деңгейін және олардың ұзақ мерзімдік есте сақтау қабілетін, сыналушының жалпы білімділігі туралы түсінік береді. Субтесттің жалпы қортындысы мен интеллект бағасы арасында жоғары коэффиценттік корреляция бар. «Білімділік» бойынша және басқа субтестер бойынша бағасы арасындағы мәнді айырмашылық тұлғаның қалыпты және патологиядағы сипаттарына қызығушылық туғызып, интеллектінің біржақты вербальды дамуы, шындықтан алшақ болуы, білімнің кітаптық сипатта болуы туралы қорытынды жасауға негіз болады. Бұл субтестінің тағы бір ерекшелігі оның нәтижелері басқа субтестерге қарағанда түрлі клиникалық ауруларға қарамастан нәтижесі сирек «төмен» болады.

Келесі ерекшеліктерге назар аударыңдар:

-уақытша «ұмыту» - сыналушы бірден жауап бермейді, келесі бірнеше тапсырма орындағаннан кейін, кенеттен шешілмеген сұраққа қайта оралып, оған жауап береді. Ойлау ебдейсіздігі кезінде де кездесуі мүмкін;

-қайта жаңғыртудың нақтылығы - сыналушы қойылған сұраққа нақты ақпарат береді немесе беруге тырысады, кейде экспериментатор сұрамаса да сыналушы өзінің білім көлемінің кеңдігін көрсетеді;

-халықтар саны – елдің ішіндегі жағдайға зер салып бақылайтын адамдарда кездеседі;

-географиялық атаулар – Роршахтың феноменіне ұқсас – акцентуацияланған тұлғаларда кездесетін географияға қызығушылық, (мұнда географ мамандары туралы айтылып тұр);

-әлеуметтануға және философияға қызығушылық соңғы екі сұраққа берілген жауаптар бойынша байқалады.

2 СУБТЕСТ (ТҮСІНГІШТІК)

Бағалар 2 – 1 - 0

2 субтестте берілетін нұсқаудың ерекшелігі: № 6 тапсырманы орындамас бұрын «Сен осы уақытқа дейін бәріне дұрыс жауап бердің, өте жақсы. Ал енді сенің едәуір көп сөйлегеніңді қалаймын. Өзің бәрін айтып болғанға дейін

немесе мен сені тоқтатқанға дейін сөйлей бер».

Нұсқау: «№ 1 тапсырмадан баста. Қатарынан үш сәтсіздік болған жағдайда тапсырманы орындауды тоқта». Бағалар: 2 1 0. №1-5 тапсырмаларға арналған бағалаудың жалпы критерилері: егер сыналушы өз дербестігін көрсетсе, яғни өзі шешім қабылдайды немесе ұсынылған жағдаятты өзі түзетуге тырысса, онда 2 балл; егер сыналушы түзетуді басқа адамға ұсынса немесе басқа біреуден көмек сұрасса, 1 балл. № 1-5 тапсырмаларға міндетті түрде оң жауап алу қажет. «Білмеймін» деген жауап болмайды.

№ 6-14 тапсырмаларға арналған бағалаудың жалпы критерилері: егер жауабында кем дегенде 2 себепті көрсетсе - 2 балл, егер 1 ғана себепті көрсетсе - 1 балл.

Тапсырмалар мен бақылау жауаптары

1.Егер саусағыңды кесіп алсаң не істейсің?

2: Йод жағамын. Бинтпен ораймын. Пластырь жапсырам. Сабынды сумен жуамын.

1: Анама айтамын. Дәрігерге барамын.

0: Жылаймын. Үйге қайтамын. Ештеңе істемеймін.

2.Егер саған ойнауға берілген допты жоғалтып алсаң, не істейсің?

(қуыршақ, кітап – баланың жасына, жынысына байланысты)

2: Жаңасын сатып аламын.Өзімдікін беремін

(немесе осындай немесе басқасын). Жылаймын.

1: Кешірім сұраймын. Анама айтамын.

0: Жылаймын. Жоғалтып алғанымды айтамын.

?: Тапқанға дейін іздеймін. (?: "Ал егер таба алмасаң ше?")

3.Нан алуға дүкенге бардың, бірақ нан болмай шықты, не істейсің?

2: Басқа дүкенге барамын. Бөлке нан сатып аламын.

1: Анамнан не істейтінімді сұраймын.

0: Үйге барам. Ақшаны берем.

4.Егер бойы сенің бойыңнан аласа кішкентай бала сенімен төбелессе, сен не істейсің? (қыздарға «қыз»).

2:Оны жұбатамын (немесе бір нәрсеге көңілін аударамын,

немесе тоқтатамын, немесе тыныштандырамын. Бұлай істеуге болмайтынын

түсіндіремін. Қалжыңға айналдырамын.

1: Біреулерден оны тоқтатуды сұраймын. Анама айтамын. Бұрышқа тұрғызамын.

0: Жығып саламын және ұстап тұрамын. Итеріп жіберемін. Есесін қайтарамын.

?: Ештеңе істемеймін. Кейін шегінемін.

5.Бұзылған темір жолға поездың жақындап келе жатқанын

көрсең сен істейсің?

2: Поезді тоқтатуға тырысамын. Темір жолға тұрып белгі беремін.

Бір нәрсені бұлғаймын (немесе қызыл орамалды бұлаймын).

1: Жол бұрушыға (темір жолда рельсті ашып-жауып тұратын жұмысшыға,

немесе кез келген біреуге) айтамын.

0: Кері шегінемін. Қашамын. Қарап тұрамын.

?: Айғайлаймын.

Қосымша нұсқау

6. Неге үйді ағаштан емес, кірпіштен салған жақсы?

2: Берік (немесе мықты). Шірімейді (немесе ұзақ тұрады, немесе даттанбайды).

Кірпіш жанбайды. Кірпіштен көп қабатты үй салуға болады.

0: Үй салуға ыңғайлы (немесе жеңіл). Бөлектеуге жақсы. Әдемі.

Жылы. Арзан. Ағашты найзағай соғуы мүмкін, ал тасты найзағай соқпайды.

?: Пайдалы. Қауіпсіз. Қолайлы.

7.Қылмыскерлерді неге түрмеге отырғызады?

2: Қоғамнан бөлектеу үшін (немесе басқа қылмыс жасауы мүмкін).

Түзету үшін (немесе қайта тәрбиелеу үшін). Жазалау үшін.

0: Қашып кетпес үшін. Басқаларға сабақ болу үшін.

Жазасын өтеу үшін. Заңды бұзуға болмайды.

?: Олар қылмыскерлер (немесе қылмыс жасады) (?: "Дұрыс.

Сонда да оларды неге түрмеге отырғызады?)

8.Неге кеме апатында бірінші кезекте әйелдер мен балаларды құтқару керек?

2: Әйелдер әлсіз (немесе еркектер әйелдерге қарағанда күшті).

Балаларды күтуге әйелдер қажет. Балалар ұзақ өмір сүреді.

0: Олар жүзе алмайды. Солай қабылданған. Дүрбелең болмас үшін.

?: Әйелдер – әлсіз жандар.

9. Неге ақшаны үйде сақтағаннан гөрі банкте сақтаған едәуір пайдалы?

2: Жұмсап жіберуден сақтайды. Қауіпсіз (немесе үйден ұрлап кетуі

мүмкін немесе өрт кезінде жанып кетуі мүмкін). Пайызы өседі.

Мемлекетке пайдалы, ол бұл ақшаны пайдаланады.

0:Үйде жоғалуы мүмкін.

?: Пайдалы. Қолайлы. Сенімді. Сақтау. Жинау. Мемлекетке пайда.

10. Жалға беру орнының пайдасы неде?

2: Егер зат қысқа мерзімге ғана (немесе бір рет қана немесе бір ғана маусымға) керек болса.

1: Кез келген затты сатып алуға адамның жағдайы жете бермейді.

11. Неге жоғары оқу орнына түсу үшін емтихан тапсыру қажет?

2: Білгірлерді (немесе дайындығы бар, немесе білімділерді) іріктеу (анықтау).

1: Білмейтіндерді (немесе дайын еместерді) електен өткізу.

Талантты (немесе қабілеттілерді) таңдап алу. Жоғары оқу орнында оқи алу қабілетін анықтау (немесе «топастарды» електен өткізу).

Барлығы үшін шарттың бірдей болуы (немесе әділетсіз жолмен оқуға түсуге жол бермеу). Конкурс (немесе оқуға түсуге тілек білдірушілер саны көп, ал орын аз).

0: Оқу материалын бәрінің қалай білетінін анықтау.

Өз білімін толықтыру (немесе еске түсіру).

?: Білімін (немесе сен нені білетініңді, немесе неге қабілеттілігіңді) тексеру.

Оқуға түсушілер немесе олардың білімдері, немесе қабілеттері туралы түсініктің болуы үшін. Барлығын бірдей қабылдауға болмайды. («Дұрыс.

Оқуға түсу үшін неліктен емтихан тапсыру керек?»)

12. Балалар ойыншығын өндіруде ағаштан гөрі неге пластмассаны жиі қолданады?

2: Ол жеңіл. Жасау (немесе өндіру) жеңіл. Таза. Шөгірі болмайды.

1: Арзан. Ағаштан үнемдеу. Өңдеп шығару жеңіл.

0: Берік. Әдемі (немесе көркем).

?: Қолайлы. Пайдалы. Тиімді.

13.Біз Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісіне депутаттарды неліктен сайлаймыз?

2:Лайықтыларды (немесе таңдаулыларды) іріктеу. Бәрі де бірдей басқара білмейді. Себебі қай қайсымыздың да дауыс беруге (сайлауға) құқымыз бар. Бізде билік халық өкілдері арқылы жүзеге асады.

1: Депутаттар - халық өкілдері. Билік сайлауға негізделген.
?: Бізде демократия (немесе халықтық билік). Депутаттар халықтың
мүддесін қорғайды.
14.Неге берген уәдені орындау қажет?
2: Басқаны алдамас үшін. Саған бұдан кейін ешкім сенбейді (немесе
сені өтірікші деп санайды).
1: Іске пайдасы тиеді.
0: Солай болуы тиіс. Ондай болмаса, бұл дұрыс емес. Әділетсіз.
?: Бұл абыройлы іс. Адамгершілік мәселесі.

Өз мінез-құлқын әлеуметтік жағдайларға сай икемдеу қабілетін зерттеу. Тұрмыстық және әлеуметтік тәжірибеге қатысты сыналушының пікірін, ойлау тиімділігін зерттеу. Нәтижелері мінез-құлықтың жалпы болмысы туралы ақпарат береді. Нәтижелер әдетте сыналушының әлеуметтік бейімделуінің бұзылуына аса сезімтал келеді. Нәтижелердің төмендеуі әлеуметтік конформдылықты елемеуді не ескермеуді білдіреді, немесе әлеуметтік қатысуға қызығушылықтың әлсіреуін көрсетеді. Жоғары баға шектен тыс
конформдылықты, енжарлықты немесе мінездің әлеуметтік лайықты бітістерінің (демонстративті тұлғаларда кездеседі) көрінуін бейнелейді. Кейбір әлеуметтік белсенді психопаттар осы субтест бойынша жоғары баға алатынын есте ұстаған дұрыс.

Жекелеген құбылыстар:

-сыналушының жауап беру кезіндегі табандылығын не тартыншақтық
мінез сипатын атап көрсету керек;

-сыналушы әлеуметтік жағдайдағы өзінің мінез-құлық моделін адекватты түрде сипаттап береді, бірақ шындықтағы жағдайда оның мінез-құлқы керісінше болады, бұл мінез акцентуациясындағы «фасад» құбылысы.

3 СУБТЕСТ (АРИФМЕТИКАЛЫҚ)

Баға 1- 0

Сынақ 8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балаларға № 1 тапсырмадан басталады, қатарынан 3 сәтсіздіктен кейін сынақ тоқтатылады.

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызбайтын ересек балаларға:
№ 4 тапсырмадан бастау керек, егер № 4, № 5 тапсырмаларының екеуі де орындалмаса, онда № 1, 2, 3

тапсырмаларға қайта оралу қажет. Егер барлық екі тапсырма № 4 және 5 немесе екеуінің бірі орындалса, онда № 1, 2, 3 тапсырмалары үшін алдын ала аванс ретінде балл алады, № 6 тапсырмаға өту қажет. Қатарынан 3 сәтсіздіктен кейін сынақ тоқтатылады. Бағалау 1 – 0. Тапсырманы орындау уақытпен шектелген. Уақытты есептеу тапсырманы оқығаннан кейін басталады.

Ескерту. № 13 тапсырма текшелермен орындалады. Сыналушыға № I4-16 тапсырмалар карточкаларда беріледі. Сыналушы тапсырманы өзі оқиды, міндетті түрде дауыстап оқу керек. Секундомер сыналушы тапсырманы оқуды аяқтаған кезден іске қосылады. Егер сыналушы тапсырманы есте сақтай алмаса, оның өтінішімен сұрақты қайталауға болады, бірақ уақытты санау бірінші оқылғаннан кейін басталады.

Тапсырмалар, жауаптар және уақыттық шектеулер

	Тапсырмалар	*жауаптар*	*уақыттық шектеулер*
1	Қатардағы барлық текшелерді санау	(9 текше)	45 сек
2	Барлық текшелерді алып тастап, тек төртеуін ғана қалдыру		45 сек
3	Барлық текшелерді алып тастап, тек жетеуін ғана қалдыру		45 сек
4	Егер алманы ортасынан бөлсе, қанша бөлік болады?	(екі)	30 сек
5	Сенде 4 теңге болды, анаң тағы 2 теңге берді. Қанша болды?	(6 теңге)	30 сек
6	Сенде 8 шар болды, сен тағы 6-ын сатып алдың.Қанша болды?	(14 шар)	30 сек
7	Дүкеншіде 12 газет болды, ол 5-ін сатты. Қанша қалды?	(7 газет)	30 сек
8	Әрқайсысы 7 теңгеден тұратын 3 қарындаш қанша тұрады?	(21 теңге)	30 сек
9	Дүкеншіде 25 бөтелке сүт болды. 11 бөтелкені сатты. Қанша қалды?	(14 бөтелке)	30 сек

10	4 балада 72 теңге болды. Олар оны өзара теңдей етіп бөліп алды. Әрқайсысында қанша тенгеден болды?	(18 теңге)	30 сек
11	Жұмысшы 36 теңге жалақы алды. Оған күніне 4 теңгеден төледі. Ол қанша күн жұмыс істеді?	(9 күн)	30 сек
12	Сен ондығы 30 теңге тұратын 3 ондық апельсиндер сатып алдың. Сен 100 теңгеден қанша қанша ақша қайтарып аласың?	(10 тенге.)	60 сек
13	Егер оның 3-тен 2 бөлігі 36-ға тең болса, онда бұл қай сан?	(54 саны)	30 сек
14	Егер 3 қарындаш 5 теңге тұрса, онда 24 қарындаш қанша тұрады?	(40 теңге)	60 сек
15	Егер таксимен километрдің алғашқы ширегін жүру бағасы 20 теңге тұрса және келесі ширектердің бағасы 5 теңгеден болса, онда 2 километрлік жолға қанша ақша төлеу керек?	(55 теңге)	120 сек
16	Серік пен Берік «Коммерсант» экономикалық ойынын ойнады. Олар әрқайсысы өзіне 27 теңге «капитал» алды. Олар өзара әр партияның соңында жеңілген ойынша жеңіпазға оның жеңгенінің үштен бір бөлігін төлеуге уағдаласты. Серік алғашқы үш партияны жеңді. Берікте төртінші партияның басында қанша ақша болды?	(8 теңге)	120 сек

4 СУБТЕСТ (ҰҚСАСТЫҚ)

Баға: аналогиясы үшін: 1 – 0

ұқсастығы үшін: 2-1-0

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балаларға нұсқау: «Мен қазір бір нәрсе айта бастаймын, ал сен жалғастыр, жақсы ма? Ал енді байқап көрейік: «Лимон қышқыл, ал қант…». Сәтсіздік болса сөз тіркесінің дұрыс жалғасын беріп, келесі № 2 тапсырмаға өту керек. Сәтсіздік болса тағы көмек көрсету қажет. Енді көмектесуге болмайды. Егер алғашқы 4 тапсырманың кем дегенде 2-і орындалса, № 5-16 тапсырмаларды орындауға көшу керек. Ондай болмаған жағдайда сынақты тоқтату қажет.

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызбайтын ересек балалар үшін нұсқау: «Мен саған кез келген екі затты атаймын, ал сен екеуіне ортақ не барын, олар несімен бірдей екенін айтасың.Тек өзің бәрін айтып болғанға дейін немесе мен сені тоқтатқанға дейін көбірек айтуға тырыс. Ал, қане, байқап көрелік...».№5 тапсырманы ұсыну қажет. Сәтсіздік болған жағдайда «Олардың сүйегі, қабығы бар, олар ағашта өседі, бұл жеміс». №6 тапсырмаға көшу керек. Сәтсіздік болған жағдайда көмек көрсету қажет. Енді көмектесуге болмайды. Қатарынан болған үш сәтсіздіктен кейін сынақты тоқтату керек.

Егер тапсырманы аяқтаған кезде, яғни қатарынан болған үш сәтсіздіктен кейін № 5-16 тапсырмалардың кем дегенде үшеуін орындаса, онда № 1-4 тапсырмалар үшін алдына ала қосымша 4 балл алады, егер 3 баллдан кем болса, онда бұл тапсырмаларға қайта оралады. Бағалау №1-4 тапсырмалар үшін: 1 – 0, № 5-16 тапсырмалар үшін: 2-1-0.

Тапсырманы орындау уақытпен шектелген. Уақытты санау тапсырманы оқығаннан кейін басталады. Көмек көрсетілген жауаптар үшін баға қойылмайды. №5-16 тапсырмалар үшін жалпы бағалау өлшемдері: егер жалпылаушы сөз берілсе (жіктеу жасалса) - 2 ұпай; егер жекелеген белгілері ғана тізіліп айтылса –1 ұпай беріледі.

Тапсырмалар мен бақылаушы жауаптар

1. Лимондар қышқыл, ал қант… (тәтті)
2. Сен аяқпен жүресің, ал лақтырасың... (қолмен)

3.Ұлдар өсіп ер азамат болады, ал қыздар өсіп… болады (бойжеткен, немесе тәте, немесе әйел).

4.Пышақ пен әйнек сынығы екеуі де… (өткір).

5.Қара өрік – шабдалы (немесе шие).

2: Жемістер. Жемістік ағаштар. Жеміс.

1: Тамақ. Оларды жейді. (Келесілердің кез келген екі белгісі: сүйегі, терісі,

домалық, пішіні, шырын, тәтті).

0: Дәмді. Дәм. Кішкентай. Ұнайды. Бүлдіргендер.

6.Мысық –тышқан

2: Жануарлар. Сүтқоректілер. Тірішілік иесі. Төрт аяқты.

1: Төрт аяқты. (Келесілердің кез келген екі белгісі: көзі, құйрығы,

табаны, құлақтар, мұрты, жүні).

0: Ішеді. Терісі. Жылдам жүгіреді. Шапшаң.

7.Қымыз – шұбат.

«Білмеймін» деген жауаптың астарында «ішкен жоқпын, татып көрген емеспін» деген жауап жатыр. Келесі сұрақ формасы қажет: «Қалай ойлайсың, олардағы ортақ

нәрсе не ?»).

2: Екеуі де малдың сүті. Пайдалы зат.

1: Сусын. Оларды ішеді, сұйық. Сұйықтық. Шипалы.

0: Түсі (немесе дәмі) бірдей.

8.Пианино – скрипка.

2: Музыкалы (ішекті) аспаптар. Ойнайтын аспаптар.

1: Оларда ойнайды. Ішегі. Әуені (дыбысы) бар. Музыкалы заттар.

Ойнауға болатын заттар.

0: Бірдей ойнайды. Ағаштан жасалған.

?: Аспаптар.

9.Қағаз –көмір.

2: Шығу тегі органикалық (немесе өсімдіктік). Көміртегі бар.

Олардың құрамында көміртегі бар. Органикалық зат.

1: Жанады. Ағаштан алынады.

0: Жанармай.

?: Шығу тегі бойынша өнеркәсіптік өндіріс өнімі.

10.Килограмм – метр.

2: СИ жүйесінің (немесе өлшеу) бірлігі. Өлшем. Өлшем шамасы.

1: Олармен өлшейді. Екеуі де шаманы білдіреді.

0: Екеуінде де ұзындық немесе салмақ туралы айтылады. Килограммда

1000 грамм бар және метрде 1000 мм. бар. Кг/'м = Дж.

?: Өлшеу түрлері.

11.Қайшы – жез таба.

2: Үй тұрмысындағы заттар. Металдан жасалған.

1: Тұрмыста (немесе шарушылықта, немесе үйде) қолданылады.

Болаттан жасалған металл жылтыры бар.

0: Жылтырайды. Ұстауға ыңғайлы тұтқасы бар. Темір.

?: Бірдей металдан жасалған.

12.Тау – көл.

2:Жер қыртысының омырылымдары. Топографиялық ұғымдар (атаулар). Географиялық атаулар. Табиғи құрылымдар. Ауданның бедері.

Бедер бөліктері (немесе құрамдас бөліктері).

1: Жер бетінің кедір-бұдырлылығы. Табиғат элементтері. Пейзаж элементтері.

Пайдалы заттары бар.

0: Су және жері бар. Әрқашан орнында. Жер беті.

?: Табиғат. Табиғаттан алынған. Пейзаж. Көрінісі. Жер.

13.Тұз – су.

2: Химиялық (немесе органикалық) заттар (немесе қосындылар). Өмірге қажетті заттар. Тамақ өнімдердің құрамына кіреді.

1: Тағаммен бірге қолданылады. Оларды жейді. Тағам өнімі (немесе зат).

Табиғатта бар зат. Молекулалардан тұрады.

0: Екеуі де мұхитта бар. Тұзды судан алады. Химиялық элемент.

?: Оларды қолданады.

14.Бостандық – әділеттілік.

2: Философиялық (гуманистік, идеологиялық, заң) ұғымдары.

Философиялық категория. Әлеуметтік идеялар (немесе құндылықтар).

Демократиялық құқық.

1: Халықтардың тәуелсіздігі үшін күресетіндердің ұраны (прогрессивтік,

гуманистік ұран). Әлем халықтары күрсетін принциптер. Бұл кез-келген халықтың тілегі. Оларсыз адам бақытты өмір сүре алмайды.

0: Теңдік. Заңдар. Жақын ұғымдар. Азаматтық құқық.

Әділетсіздік жоқ жерде бостандық та болмайды.

?: Әділетсіздік үшін күреспен байланыс. Адам құқығы. Адамзат мұқтаждықтары.

Бұл тапсырманы орындау сыналушының ойлау ерекшелігімен және типімен байланысты болатын абстрактілі-логикалық вербальды ойлауының белгілі бір даму деңгейін талап етеді, алайда бағалау кезінде сыналушының өмірлік тәжірибесін ескеру қажет, себебі субтест тапсырмаларын орындау белгілі бір білім минимумын талап етеді. «Ұқсастық» бойынша нәтижелер қалған субтестермен салыстырғанда төмен болса, онда орталық нерв жүйесінің бұзылғаны туралы ойлауға болады. Жоғары бағалар абстрактылы ойлауға бейім адамдарда кездесуі мүмкін.

Ұстамалы шизофренияда «Ұқсастықтың» нәтижесінің төмендеуімен бірге «Түсініктіліктің» де нәтижесі төмен

болады, содай –ақ «Арифметикалық» субтесті бойынша да төмен нәтижесіні көрсетуі мүмкін. Ұқсастық абстрактілі ойлауды талап етеді, сондықтан әртүрлі қорқынышты туғызуға, сондай ақ қарым-қатынас, «біреудің оның соңына түсуі» сияқты сандыраққа бейім адамдарда баға көбінесе жоғары болады.

Келесі құбылыстарға назар аудару қажет:

-ойлаудың қандай типі басым: ұғымдық, қызметтік, нақты;

-мәнді емес белгілер бойынша жалпылауға назар аудару қажет, қандай мәнді емес белгілері жалпыланады: бұл ұғымдармен мағынасы жақын емес немесе қызметтік немесе ситуациялық реңкі бар белгілер. Бұл феномен шизофренияда ойлаудың бұзылуын анықтауда көмектеседі;

-ақпараттың артықтығы, сыналушының ақылгөйлік элементтері;

-психоорганикада сыналушының ұқсастықтың орнына ұғымдардың айырмашылығын сипаттауын көрсететін феномен кездеседі. Бұл феномен олигофренияда кездеседі;

-сыналушы ұғымдар арасында ешбір ұқсастық жоқ деп мәлімдеуі (әсіресе субтестің күрделі тапсырмаларын орындағанда) деп мәлімдеуі, бұл феномен сыналушының төменгі мәдени деңгейін көрсетеді;

-тапсырманы шешудегі белсенділігі немесе батылсыздығы, ойлаудың шапшаңдығы немесе баяулығы сияқты тұлға бітістері.

5 СУБТЕСТ (САНДАР ҚАТАРЫН ҚАЙТАЛАУ)

Нұсқау:

Тура санау: «Қазір мен саған бірнеше сан айтамын, ал сен мен аяқтағаннан соң бірден сол ретпен сандарды қайтала. Түсінікті ме? Онда бастайық...»

Кері санау: «Қазір мен саған тағы да бірнеше сандарды айтамын. Сен оларды тағы да қайталайсың. Бірақ сен сандарды соңынан бастап, кері бағытта айтасың. Міне, қара, мен, мысалы «Бір, екі» деп айтамын (столдың әр түрлі жағын көрсету керек), ал сен «Екі, бір» айтасың (столдың әр түрлі жағын тағы да көрсету керек, бірақ кері бағытта). Түсіндің бе? Ал енді байқап көрейік. Бастаймыз!..»

Жалпы ереже.

1.Сандар анық 1 сек. интервалмен айтылады.

2. Экспериментатор санап біткеннен бастап сыналушы қайта жаңғыртқанға дейін бөгде дыбыстар болмауы тиіс. Қайта жаңғыртуға берілетін бұйрық ишарамен көрсетілуі тиіс.

3. Бір қатар екі рет қайталанбайды.

4. Тура санаудан бастау керек. Ол аяқталғаннан кейін ғана кері

санауға көшу керек.

5. 1 серияның 1 қатары ұсынылады. Сәтті орындалған жағдайда осы серияның келесі қатары беріледі. 1 серияның қандай да бір қатары сәтсіз орындалған жағдайда 2 серияның көлемі жағынан сәйкес келетін қатары ұсынылады. Дұрыс қайталанған жағдайда 1 серияның келесі қатары беріледі. 1 және 2 сериялардың көлемі жағынан бірдей 2 қатардың екеуі де тура санауда қате жаңғыртылса, онда кері санауға көшу керек, ал кері санауда қателессе, онда сынақ тоқтатылады. Санаудың әр түрі (тура немесе кері) бойынша баға дұрыс жаңғыртылған қатардағы сандардың максималды көлеміне тең. Субтестің жалпы бағасы тура және кері санау бағасының қосындысына тең.

Тапсырмалар мен бағалар

Тура санау

Бірінші серия	Екінші серии	Бағасы
3-8-6	6-1-2	3
3-4-1-7	6-1-5-8	4
8-4-2-3-9	5-2-1-8-6	5
3-8-9-1-7-4	7-9-6-4-8-3	6
5-1-7-4-2-3-8	9-8-5-2-1-6-3	7
1-6-4-5-9-7-6-3	2-9-7-6-3-1-5-4	8
5-3-8-7-1-2-4-6-9	4-2-6-9-1-7-8-3-5	9

Кері санау

Бірінші серия	Екінші серия	Бағасы
2-5	6-3	1
5-7-4	2-5-9	3
7-2-9-6	8-4-9-3	4
4-1-3-5-7	9-7-8-5-2	5
1-6-5-2-9-8	3-6-7-1-9-4	6
8-5-9-2-3-«	4-5-7-9-2-8-1	7
6-9-1-6-3-2-5-8	3-1-7-9-5-4-8-2	8

Субтест зейіннің аса күшті шоғырлануын қажет етеді әрі сыртқы және ішкі кедергілер, әсіресе эмоционалдық сипаттағы кедергілер ықпал етуі мүмкін. Кедергілерге төзімділіктің төмен болуы көптеген авторлардың пікірінше, сыналушының тапсырмаға зейінін шоғырландыруға кедергі болатын ішкі мазасыздануын, алаңдаудың белгісі деп саналады. «Қайталаудың» нәтижелері церебралды патологияға өте сезімтал келеді (әсіресе самай локолизациясы).

Төмендегідей құбылыстарға назар аудару қажет:

-қайталау ырғағы – сыналушы экспериментатор қалай айтты сол ырғақпен тура бағытта сандарды қайталайды. Мұндай құбылыстан алшақ болу үшін экспериментатор сандар қатарын бір қалыпты дауыспен айтуы тиіс;

-қатарды қайталауға өтініш – зейін шоғырлануы әлсіз адамдарда кездеседі. Әдетте сандар тобының төменгі қатарын қайталайды;

-тура қайталауда бірінші сан қате қайталанды – невротиктердің зейін шоғырлануының әлсіздігін көрсетеді;

-орнын ауыстыру - сыналушы қайталау кезінде сандардың орнын ауыстырады, бұл да невроз кезінде;

-сандарды турасынан қайталауды сандарды кері қайталаумен салыстыру. Егер олардың арасындағы айырмашылық екіден көп болса психоорганикалық тип бойынша зейіннің шоғырлануының төмендеуінің белгісі болып табылады;

-4 санды турасынан санауда қайталай алмау – психоорганиканың терең түрі.

Нәтижелерді сандық талдау:

-егер «Қайталау» бағасы «Сөздіктің» бағасынан әлдеқайда төмен болса, онда мазасыздануның бар екенін көрсетеді;

-егер «Қайталау» бағасы «Сөздіктің» бағасынан жоғары болса, эмоцияның бабында болуы, әсіресе шизоидтарда;

-«Қайталау» бойынша жоғары баға психопаттарда және эгоцентризмі айқын көрінетін демонстративті тұлғаларда кездесуі мүмкін;

-төменгі баға қажуды, тұлғаның бойына әбден сіңісіп кеткен әрі одан арылғысы келмейтін ішкі қолайсыздықты білдіреді;

-«Қайталау», «Ұқсастық» және вербальды емес сындарлы байқау субтестерінің нәтижелерінің төмен болуының үйлесімі – бас миының органикалық бұзылысы туралы ақпарат береді.

6 СУБТЕСТ (СӨЗДІК)

Сынақ 8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балалар үшін № 1 тапсырмадан басталады, тапсырманы орындаудағы қатарынан болған 5 сәтсіздіктен кейін сынақты тоқтату керек.

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызбайтын ересек балалар үшін № 10 тапсырмадан бастауы керек.

Егер сыналушы №10-14 тапсырмалар үшін 10 ұпай жинаса, онда № 1-9 тапсырмалары үшін алдын ала қосымша ұпай (18 ұпай) беріледі және № 15 тапсырмаға көшеді. Бұлай болмаған жағдайда сыналушы № 9 тапсырмаға қайта оралады

және керісінше ретпен 5 тапсырма қатарынан орындалып, 2 ұпаймен бағаланғанша орындала береді. Мұндай жағдайда әлі орындалмаған тапсырмалар үшін алдын ала қосымша ұпай беріледі (2 ұпайдан) және № 15 тапсырмаға көшеді. Тапсырманы орындауда қатарынан болған 5 сәтсіздіктен кейін сынақты тоқтату керек.

№1-5 тапсырмалар үшін баға: 2-0,

№ 6-40 тапсырмалар үшін баға: 2-1-0.

Жауапты бағалауды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

1 кезең. Сыналушының жауабын бағалау мүмкіндігін анықтау, сөз-тапсырма сыналушыға таныс болса (+) деп бағалау, сөз-тапсырма сыналушыға таныс емес болса (-) деп бағалау. Егер сыналушының жауабы түсініксіз болса, жауаптарын (-), немесе (+) ретінде бағалау үшін сыналушыға қосымша сұрақ қойылады.

2 кезең. Егер жауап (-) болса, онда 0 ұпай беріледі. Егер жауап (+) болса, онда № 1-5 тапсырмалар 2 ұпайдан бағаланады, № 6-40 тапсырмалар үшін 2 немесе 1 ұпаймен бағаланады. Мұнда жауапта нақты әрі толық анықтама берілсе, («Қайырма - әр шумақтан кейін қайталанатын әннің бөлігі») немесе мағынасы жақын («Қайсар - Батыл») синоним сөздер берілсе 2 ұпаймен бағаланады. Егер толық емес бірақ дұрыс анықтама берілсе («Қайырма - бірнеше рет қайталанатын әндегі сөз»), немесе жекелеген белгілерін («Құмар ойын – тоқтау қиын ойын) сипаттау немесе сыналушы мысал арқылы түсіндірсе («Қайсар адам- басқаларды құтқару үшін суық судан қорықпайтын адам») жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Жауап сапасын бағалауда елемей кетуге болатын жауаптың көркемдігі мен көбінесе бағалау деңгейіне тәуелді келетін толық жауапты ажыраты білу керек.

Тапсырмалар мен бақылау жауаптары

1. ВЕЛОСИПЕД

2: Көлік түрі. Онымен қыдырады (немесе жүреді). Мотоцикл сияқты, бірақ моторы жоқ (немесе аяқпен айналдыру керек). Оның тепкісі, дөңгелектері бар (басқа да бөліктер – екеуден кем емес).

0: Менде осындай бар. Осындай үлкен.

?: Үш дөңгелекті. Балаларға арналған.

2. ПЫШАҚ

2: Кесуге арналған құрал. Құралдың кесуші бөлігі. Суық қару. Онымен кесуге болады. онымен нанды (немесе етті, немесе т.б.) кесуге болады.

0: Менде бар.Темірден жасалған.
?: Үшкір.
3. БӨРІК
2: Бас киім. Басқа киеді. Тоңбас үшін басқа киеді.
0: Қалпақ.
?: Оны киеді. Қыста киеді.(?: «Киеді» деген қалай?),
4. ХАТ
2: Жіберілетін, жазылған хабарламасы бар мәтін. Біреуге арналған хабарлама.
Әжесіне ауылға жазады. Оны конвертке (хатқалтаға) салады. Оны жолдайды. Жазу және жіберу.
0: Қағазда жазылған. Қағаз. Конверт (хатқалта).
?: Жазылатын.
5. ҚОЛШАТЫР
2: Жауыннан немесе күннен қорғайтын құрал. Ағаштан, металл шыбықтан тұрады
және оларға шүберек керілген. Жаңбыр жауғанда біз қолданатын құрал.
Жаңбырдан (немесе күннен) қорғану үшін жамыламыз. Су болмас үшін алады. Басымыздың үстінде ашылады.
0: Оны ұстайды. Бастың үстінде ашады.
?: Ашылады.
6. ЖАСТЫҚ
2: Төсек жабдығы. Бастың астына қойылатын, құс жүніне (мамыққа
немесе сабанға) толтырылған қап.
1. Бастың астына қойылады.Қап, ішінде құс жүні (мамық немесе сабан) бар.
Тысы бар, ішінде құс жүні (мамық немесе сабан) бар. Жұмсақ орын.
0: Жұмсақ. Бала ұйықтайды. Төсек-орын.
?: Төртбұрышты қап. Оның үстінде ұйықтайды. (?: "Ұйықтайды деген қалай?").
7. ШЕГЕ
2: Бір ұшы үшкір, екінші ұшында қалпақшасы бар металл (немесе темір) сабақ (таяқша). Заттарды бекітуге арналған металл (немесе темір) сабақ (таяқша). Құрылыс материалы.
1: Бір нәрсені бекітуге арналған зат. Онымен ағаш бұйымдарды қағады. Оны қабырғаға (немесе тақтайға, немесе т.б.) қағып кіргізеді. Темір (немесе металл) таяқша, оны қағып кіргізеді. Металдан, оны қағады. Оны балғамен қағып кіргізеді. Бір нәрсені ілу үшін қағып кіргізеді.
0: Оны қағады. Үшкір. Темір. Еңбек құралы.
?: Онымен бекітеді. Құрылыс құралы.
8. ЕСЕК

2: Жылқы тұқымдас, бірақ көлемі кіші (немесе үй жануары, немесе жүк артатын мал, құлағы ұзын және қатты айғайлайды, немесе оңтүстікте, немесе таулы аймақта, немесе Азияда жүк таситын жануар). Қиқар (немесе топас) адам.
1: Онымен тауда (немесе оңтүстікте, немесе Азияда) жүк (немесе адамды) тасиды.
Ат сияқты, бірақ одан кіші. Қиқар (немесе топас) жануар.
0: Орманда жүретін (немесе жабайы, немесе мүйізі бар) жануар.
?: Шөппен қоректенетін жануар. Жануар.
9.ТОН
2: Жануардың терісі. Аң терісі. Жануардың түк басқан қабаты.
1: Түлкінің (немесе мысықтың, немесе т.б. жануардың) жүні. Қояннның (немесе
иттің немес т.б.жануардың) түгі.
Аңнан, оны өлтіргенде сыпырып алады. Теріден тон (немесе жаға, немесе бөрік, немесе т.б.) тігеді.
0: Жұмсақ, мамық зат. Мысықта (немесе қоянда, немесе т.б.) бар. Жылытуға
арналған зат. Жылы.
?: Жануардың жамылғысы. Жануарлардан алады. Үлбір бұйымдарды тігуге қажет.
10. АЛМАЗ
2: Бағалы тас. Ең берік кристалл. Өте берік (немесе бағалы) минерал. Таза
көміртегінің модификациясы (түрленімі). Әйнек кесуге арналған құрал.
1: Өте қатты (немесе әдемі, немесе бағалы, немесе сақинадағы, немесе
сәнді түйреуіштегі, әшекейдегі) тас. Кен тасы. Әйнек кесетін нәрсе.
0: Қатты тас (немесе әдемі, немесе бағалы).
?: Пайдалы қазба. Кристалл. Минерал.
11. БІРІКТІРУ (біріктірмеу!)
2: Бірнешеуден бір бүтін құрау. Жанастыру.
Бірге жалғау. Біріктіру. Қиыстыру. Байланыс орнату.
1: Бірігіп бір нәрсе жасау. Екі (немесе үш немесе т.б.) затты (немесе қолды, немесе т.б.) біріктіру. Дәнекерлеу. Байланыстыру. Желімдеу. Бір біріне қағу. Бекіту. Топтастыру.
0: Жақындастыру. Жақындату. Жуықтату.
?: Қосу. Араластыру. Заттарды (немесе вагондарды, немесе т.б.) біріктіру.
12. ҚЫРЫ
2: Кесетін заттың (немесе қарудың, немесе пышақтың, немесе т.б.) өткір қыры (немесе бөлігі). Ұстараға қажет кесуші зат.

Болаттан жасалған (немесе жұқа) қайралған ұстараға арналған пластинка. Пышақтың (қылыштың немесе т.б.) қайралған қыры.
1: Пышақтың кесетіні. Пышақтың өткір жағы. Ұстараға арналған өткір, жұқа (немесе металлдан жасалған) заты. Ұстараның ұшалған жағы. Қырынатын зат. Ұстара.
0: Өткір заттың аяғы. Пышақтың өткір жағы. Өткір. Суық қару. Жұқа металл. Құрал.
?: Кесуге арналған зат. Кесетін зат. Металл заттың ұштаған бөлігі. Заттың өткір жағы.
13. ҚЫЛЫШ
2: Екі жағы бірдей өткір суық қару (немесе ежелгі суық қару, немесе кесуші суық қару).
Ежелгі (немесе көне) қырлары өткір қару (немесе кесуші суық қару).
Қырлары өткір қару (немесе кесуші суық қару).
1: Суық қару (немесе ежелгі, немесе көне; немесе кесуші, екі жағы бірдей өткір).
Сабы мен ұзын қырлы жүзі бар, Ертеректе оны рыцарлар шайқаста қолданған. Ұзын пышақ тәрізді.
0: Семсермен шайқасу. Шанышқылы қару. Қорғанушы қару. Ауыр. Темірден жасалған. Қорғану үшін қолданылады. Жұмыр, қорғану үшін қолданылады.
?: Қару, бір тілкем металл. Қару. Соғыс қаруы. Шайқасу.
Шайқасуға арналған зат. Шайқасатын зат.
14. ЖАЙСЫЗДЫҚ
2:Жағымсыз көңіл-күй (немесе реніш, немесе күйзеліс, немесе қанағаттанбау)
туғызатын дерек (немесе хабарлама, немесе оқиға).
1: Адамда болатын нашар көңіл-күй (немесе реніш, немесе күйзеліс, немесе қанағаттанбау). Адамда сәтсіздік кезінде болатын көңіл күй. Жағымсыз хабар. Адамды ренжіткенде болатын көңіл-күй.
0: Жек көру сезімі. Қайғы. Бақытсыздық. Жағымсыз нәрсе.
?: Адамның жағдайы қиын болғанда. Жамандық болғанда. Бір нәрсе ауыр тисе. Жағымсыз көңіл күй. Қанағаттанбау. Күйзелу. Ренжу. Адамда кейде осындай күй болады.
15. БАТЫЛ
2: Батыр. Ержүрек. Көзсіз батыл. Ер. Қорқынышты білмейтін адам.
1: Қауіпке көңіл бөлмейтін адам (немесе ешнәрседен қорықпайтын, қиындықтан да, қауіптен де және т.б. қорықпайтын адам). Табанды.
0: Күшті. Қайрымдылық (немесе пайдалы іс) жасайды. Одан басқалар қорқады. Ақылмен әрекет етеді. Ерлік жасаған адам.

?: Адамның қасиеті (немесе бітісі). Ержүрек жауынгер, шайқасқан. Егер үлкен бала кішкентай баланы соғып жатса, ол арашаға түседі.

16. БОС СӨЗ

2: Маңызды емес. Мәні жоқ. Түкке тұрмайтын. Болмашы. Түкте емес. Назар аударуға тұрмайтын ұсақ-түйек.

1: Жеп-жеңіл, түк те емес. Түсініксіз бір нәрсе. Сөз ететін нәрсе емес. Мәні жоқ нәрсе.

Қисыны жоқ нәрсе. Мәнсіз сөздер жинағы. Жалған. Өтірік. Ақымақтық.

0: Тапсырманы дұрыс шешпеді.Сандырық.

?: Керек емес іс. Болмайтын нәрсе. Мүміне емес нәрсе.

17. БАТЫР

2: Ерлік жасаған (немесе әйгілі іс жасаған) адам.

1: Басқалардың қолынан келмейтін, пайдалы іс жасаған адам. Жауды жеңген адам. Батыл (ержүрек) қылық көрсеткен адам.

0: Жақсы іс істеген (немесе бәрін істей алатын, немесе ерлік жасаған) адам. Ержүрек. Батыл. Күшті. Медальдары бар.

?: Қандай да бір қылықтарымен көзге түскен адам.

18. ДОЙБЫ ОЙЫН

2: Спорттық ойын. Алпыс төрт шаршыға бөлінген тақтада таспен екі адам ойнайды.

1: Қызықты ойын. Интеллектуалдық ойын.

0: Уақытты бекер өткізу.

?: Білмеймін.

19.НИТРОГЛИЦЕРИН

2: Май тәрізді, ауыр, жарылғыш сұйықтық. Зат (немесе химиялық зат) жарылғыш (немесе жарылатын, немесе дәрі түрінде қолданылатын). Дәрілік (немесе медициналық) препарат (немесе құрал).

1: Химиялық (немесе органикалық) зат. Жарылғыш. Жарылыс үшін қолданылады.

Жүрекке арналаған дәрі. Таблеткалар. Дәрі.

0: Теріні жұмсартуға арналған сұйықтық (немесе дәрі, немесе құрал).

?: Сұйықтық. Қауіпті сұйықтық.

20.МИКРОСКОП

2: Қарапайым көзбен көруге келмейтін заттарды, мысалы микробтарды (немесе клеткаларды, немесес жәндіктерді және т.б.) қарауға арналған үлкейткіш әйнегі бар аспап.

1: Ұсақ бөлшектерді (немесе микробтарды, немесе клеткаларды, немесе жәндіктерді және т.б.) қарауға арналған аспап (немесе зат).

0: Жұлдыздарды, қабырғадағы картиналарды көрсете отырып

олар туралы толық мәлімет береді.
21. ДОЛЛАР
2: АҚШ - тың (немесе Канада, немесе Австралии) ақша бірлігі. Америкадағы ақша бірлігі. Американдық монета, 100 центтен құралған. Валюта.
1: Американдық тенге. Американдық монета. Ақша. Шетел ақшасы.
0: Англиядағы ақша. Тенге.
22.МЫСАЛ ӘҢГІМЕЛЕР
2: Жануарлар (заттар немесе т.б.) кейіпінде тұрып ақыл беруші әдеби шығарма (немесе өлең, немесе проза, немесе т.б.). Ойдан шығарылған. Біреудің әдейі ойлап шығарғаны. Жоқты әңгіме қылу. Өтірік әңгіме айту.
1: Жануарлар бейнесінде тұрып адамдардың бойындағы кемшіліктерін, жарамсыз қылықтарын мазақ, келемеж ететін, ақыл беруші, жөн сілтейтін, үйретететін әдеби шығарма (өлең, немесе т.б.)
0: Жануарлардың қылықтарын келемеждеу.
?: Өлең. Мұнда аңдар арқылы адамдардың қылықтары тұспалданып айтылады.
Халық ауыз әдебиеті.
23. КҮМБЕЗ
2: Шатыры жарты шар формасында. Төбесі жарты шар түрінде. Төбесі дөңес ғимарат.
1: Цирктің (немесе шіркеудің, мешіттің) шатыры. Ағаштың жоғары жағы. Соборлардың төбесі дөңгелек формада болады.
0: Үй. Дөңгелек. Шар.
?: Күмбез тәріздес шатыр. Цирктікі (немесе шіркеудікі, мешіттікі). Бір нәрсенің төбесі жартылай дөңгелек. Дөңгелек шатыр.
24. ТЫҢШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ
2: Құпия ақпарат (құпия ақпарат, немесе әскери құпия, өндірістік құпия, саяси құпия) алуға мақсатындағы (немесе жинау, немесе ұрлау) қылмыстық іс әрекет (немесе қарсы жақтың әрекеті). Қарсы жақты барлауы.
1: Басқа жақтың құпиясын білу. Барлаушылар басқа елде өз жағы үшін мәлімет табады. Құпияны білу үшін. Ізіне түсу.
0: Сатқындық. Махинация. Адал емес.
?: Тың тыңдайды. Шпиондар із кескенде. Біреудің тапсырмасымен қандай да бір мәліметтер жинау. Барлау жасау. Қылмыс. Басқа елге құпия түрде кіру.
25.ҚАЙЫРМА
2: Әр шумақтан соң қайталанатын әннің бөлігі.
1: Бірнеше рет қайталанатын әннің бөлігі (немесе әннің сөзі). Әнде бірнеше рет қайталанады. Әр шумақтан соң келіп

отыратын қысқа ән. Әр шумақтан кейінгі қайталау.
0: Әннің әуені (немесе қосымша шумақ, немесе қайталанатын шумақ). Қосылып айтылады. Біреу ән айтады, басқалар қосылады.
?: Әннің бөлігі. Әннен үзінді. Әнде болады.
26. ОҢАШАЛАНУ
2: Сыртқы әлемнен (қоршаған ортадан) шеттелу (немесе оқшаулану, немесе жасырыну). Ешкіммен қарым қатынасқа түспеу.
1: Адамдардан бөлектену. Жалғыз тұру (немесе жалғыз қалу). Жалғыздықта өмір сүру. Достардың болмауы. Адамдардан (немесе қоғамнан) алысқа кету.
0: Бір жаққа қашып кету (немесе кетіп қалу, немесе жасырыну, сені ешкім көрмеуі үшін кетіп қалу, немесе көшіп кету). Байланысты үзу. Тұйықталу. Бәрі одан бас тартқанда болады.
?: Бөлектену. Ешкімді көрмеу үшін, ешнәрсе естімеу үшін барлығынан кету. Бұрын фанаттар сияқты.
27. ЖАЛТЫР
2: Тегіс жазықтықтың жарықты (сәулені) шағылыстыру қасиеті. Тегіс заттың (жазықтықтың) жарықты шағылыстыруы. Жарықтың найзағай сияқты қысқамерзімдік жарқ етуі. Шұғыла. Жарқырау. Бір нәрсенің жарығы.
1: Құлап келе жатқан жарықтың (жарықтың, немесе күн сәулесәнің) бейнесі. Металдың қасиеті. Жарық әйнекке түсіп шағылысқанда борлады. Сәленің сыну қасиеті. Бір нәрсе жарқырағанда болады. Тамаша. Жақсы.
0. Бір нәрсе жарқырайды. Зат сәуле шашады. Сәуле түсіретін зат. Күннің көзінен бір нәрсенің жарқырауы. Металлдың жарқырауы.
?: Бір нәрсе жарқырайды. Көңіл күйдегі жарқындылық. Күннен бір нәрсенің сәулесінің түсуі.
28. КЕБЕЖЕ
2: Тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым . Үй жиһаздарының бірі. Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі.
1: киіз үйдің ішінде тамақтарды, асты, азық-түліктерді сақтауға өте қолайлы .
0: Қазақтың ұлттық бұйымы.
?: Жәшік.
29. КЕТУ, ТЫҒЫЛУ
2: Шегіну. Кері кету. Жасырыну.
1: Пікір таласта жеңілу. Кері қайту, шегіншектеу. Бір нәрсені тастап кету. Қашу.
0: Берілу. Өзімен өзі болу. Қолайсыздықтан қашу. Бұл жақсы емес. Ұялу. Кетуге дайындалу. Шахматта фигуралардың орнын

ауыстырып қою.
?: Кету. Шайқас алаңын тастап кету. Ащы сезім. Теріс қарау. Бұрылу.
30. ҚАЙҒЫРУ
2: Өкініштің ең жоғарғы деңгейі. Ауыр қайғы кезіндегі (одан кейінгі) адамның күйі. Жақынынан айрылған адамдардың сезімдері. Мұң. Жабырқау.
1: Адамда үлкен қайғы болғанда. Адам бір нәрсеге қатты өкінгенде. Күшті өкініш. Бұл мұңнан көрі күштірек. Үлкен қайғы. Ауыр уайым. Қаза тапқандарды уайымдау. Біреуді жоқтап жылау. Мұңаю.
0: Қамығу. Өкіну. Мұңаю. Сағыныш.Жоғалту. Бақытсыздық. Көз жасы. Жылау.
?: Жамандықтың болуы, бір нәрсені қайғыру. Қайғы. Қайтыс болғандарды қайғыру. Қандай да бір адамды ойлап мұңаю. Бір нәрсені уайымдау. Ауыр сезім.
31. БАЛЛАСТ
2: Кеменің (сүңгуір қайықтың) дұрыс тұрақтылығын қамтамасыз ететін арнайы жүк.Әуе шарының ұшу биіктігін реттеу үшін қолданылатын құм салынған қаптар. Шпалдар астына салынатын ұсақ тастар (немесе құм). Артқа қарай тартатын нәрсе. Артқа тартушы.
1: Әуе шары төмендемеу үшін жерге тасталады. Кеменің (сүңгуір қайықтың) тұрақтылығын қамтамасыз ететін құрал.
0: Циркте адам тепе теңдікті сақтау үшін қолданады. Зат тік тұру үшін қолданылады. Беріктік қоры.
?: Тепе теңдікті сақтау үшін қолданылатын жүк. Зат суда қалқымау үшін қолданылады.
32. КАТАКОМБАЛАР
2: Жасанды түрде дайындалған, пайдалы қазбаларды өндіру орындарынан қалған жер асты галериялары (лабиринттер, үңгірлер).
1: Жер асты галериялары (лабиринттер, үңгірлер және т.б.). мұнда ертеректе пайдалы қазбалар алынған.
0: Адамдарға баспана.Шұңқырлар.
?: Одессада осындай үңгірелерде партизандар жасырынған.
Пайдалы қазбаларды өндіру орындары. Жер астында қазылған.
33. ШАРАСЫЗДЫҚ
2: Қайтадан келмейтін. Болдырмауға болмайтын нәрсе. Тығырыққа тірелу.
1: Қашып құтылуға, кетіп қалуға болмайтын жағдай. Бәрібір болатын жай. Құтылу мүмкін емес. Шығар жол жоқ.
0: Қашып құтылуға болмайтын жағдай.
?: Өз тағдырыңнан кете алмайсың. Осылай болады.
34. ТЕРМИТТЕР

2: *Жарғақ қанаттылар о*тряды. Тарақандар мен дәуіттерге жақын насекомдар (немесе типтес, немесе ұқсас, құмырсқа тәрізділер) немесе тропиктік аймақта (ыстық елдерде, немесе Африкада, немесе Америкада) тіршілік етеді.
1: Насекомдар. Қоғамдық насекомдар. Құмысқалар. Құмысқалар сондай үлкен (тропиктік аймақта (ыстық елдерде, немесе Африкада, немесе Америкада) тіршілік етеді)). Құмырсқа түрі.
0: Шыбындар. Жануарлар. Тропиктегі өрмекшілір. Личинкалар. Жанушы зат.
?: Африкада тіршілік етеді.
35. АВРОРА
2: Ежелгі Римдіктердің таңғы шұғыла құдайы. Ежелгі гректерде бұл құдайға
Эос құдайы сәйкес келеді.
1: Ежелгі римдіктерде, ежелгі гректерде таңғы шұғыла құдайы.
0: Сұлулық (немесе күн, немесе таң, немесе жеңіс, немесе грек) құдайы. Таң.
Күн шығыс. Таңғы жұлдыз. Күн. Қыздың есімі.
?: Құдай. Крейсердің атауы. (?: Дұрыс. Бірақ «Аврора» сөзінің өзі нені білдіреді?)
36. ЗАРАРСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН, ТАЗА
2:Дезинфекцияланған.Тазартылған. Микроағзалардан (немесе микробтардан,
немесе бактериялардан) тазартылған.
1: Микробтары өлтірілген. Таза, микробсыз, бактериясыз. Өте таза. Отаға арналған
өте таза бинттер.
0: Таза. Кірден тазартылған. Зиянды заттардан тазартылған. Жууға арналған ұнтақ.
?: Ота кезінде қолданылады. Өте таза.
37. КОНТЕЙНЕР
2. Жүкті (немесе заттарды, немесе сұйықтықты,немесе бұйымдарды) тасымалдауға арналған ораманың түрі (немесе сыймды ыдыс, немесе ыдыс, немесе резервуар).
1: Зат (немесе қорап, немесе металлдан жасалған баллон), онымен әртүрлі заттарды (немесе жүкті, немесе заттарды) тасымалдайды.
0. Бензинді (мұнайды, немесе т.б.) сақтауға арналған. Онымен жүк тасымалданады. Жылжымалы лента. Жүкті көтеруге арналған. Жүк тасымалдаушы вагон (немесе машина).
?: Жүкті тасымалдауға арналған қондырғы.Жүкті тасымалдауға арналған. Үлкен қорап.
38. ЕНЖАР
2: Немқұрайды қарау. Бос белбеу, жігерсіз. Белсенді емес.

Әрекеттенбейтін (немесе ынтасы жоқ, немесе белсенді емес). Тәуелді. Талапсыз, ынжық.
1: Еш нәрсеге қызықпайтын. Енжар. Ұжым (қоғам) өміріне араласпайды. Селсоқ адам. Баяу. Жалқау. Флегматик. Айналасына немқұрайлы қарайды.
0: Бәрінен сырт қалғысы келеді. Қандай да бір істен жалтаруға бейім. Пессимист. Енжар. Баяу. Аз қозғалғыш. Тұйық. Тыныш. Түнерген.Қамсыз. Ерекшеленбейді. Ешнәрсе ойлап таба алмайды. Өзінің дербес ойы жоқ.
?: Еш нәрсеге қатыспайды. Қиындықтан тайқып кетеді.
39. КЕЛЕМЕЖДЕУ
2: Мысқыл. Ажуа-мысқыл (ашық, мақтау түріндегі, кекесін түріндегі).
1: Мазақ. Келекелеу. Ажуалау. Ащы мазақ.
0: Қалжың. Күлген кезде болады. Мұқату. Жиеркеніштi келеке. Шалағайлық.
?: Қалжыңның бір түрі. Мазақтау. Менсінбеу. Жақсы ниетпен қалжыңдау
40.ЖАЛА ЖАБУ
2: Қастық оймен жала жабу. Жалған жала жабу. Жалған сөз тасу. Ғайбаттау.
Нақақ жала жабу. Бәле жабу. Балгерлердің дуасы.
1: Өтірік. Жалған. Өсек. Біреуге (немесе біреу туралы) өтірік (жаман) айту.
Адамның жала жабуы (қаралауы).
0: Қастандық. Бос сөз. Акцентпен сөйлеу.
?: Адамды ғайбаттау. Айыптау үшін айту. Қорлау.

Субтест сөздік қорды, сөйлеу мәдениетін және ойлауды анықтауға бағытталған. Ол үшін жауап толық болуы қажет, бұл тапсырманы орындау ойлаудың ерекше тәртіптілігін талап етеді.

Назар аударатын құбылыстар:

-ойлау деңгейі: ойдаудың деңгейінің (ұғымдық, қызметтік, нақтылық) басым түрі талданады. Мысалы, қызметтік ұғымдарды көбірек қолдану жоспарсыз әрі ойланбастан жылдам әрекетке ұмтылуды білдіреді; нақтылықтың басым болуы тұлға мәдениетінің төменгі деңгейі туралы ақпарат береді;

-"интеллектуалдылық" - демонстративті тұлғаларға тән интеллектуалдық сипаттағы жауаптардан тұрады;

-сөйлем мүшелерін талдау – жауаптардағы зат есім (білім деңгейіне байланысты), сын есім, етістік (балалық шақта қалыптасатын және анағұрлым тұрақты ең алғашқы сөйлеу формасы) сияқты сөйлем мүшелерінің сипатын ажыратудың да

маңызы зор. Сапалы талдау ойлаудың ерекшеліктерін (неологизмдер, қисынсыздықтар, ақылгөйлік және т.б.) және тұлғалық бітістерінің сипатын (тым сезімталдық, ақыл-парасаттылық, эгоцентризм және т.б.) ашады.

«Сөздікті» бағалау сыртқы себептердің (ауру, жарақат) ықпалына едәуір тұрақты. Әр түрлі психикалық аурулар салдарынан бұзылысқа сөздік қор ең соңында ғана ұшырайды, сондықтан субтестің нәтижелерін сыналушының преморбидтік интеллектісінің бағасы ретінде қарастыруға болады. Оның үстіне «сөздік» субтесті жалпы вербальды интеллектімен өте жоғары байланыста (өте жоғары корреляция) болады. Жалпы тәжірибеде

Векслер әдістемесінің нәтижелерін талдау кезінде «Сөздік» субтест көрсеткіштеріне бағдарлану қабылданған және оның нәтижесімен қалған субтестердің нәтижелері салыстырылады.

7 СУБТЕСТ (ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛШЕК)

Нұсқау: «Қазір мен саған суреттер көрсетемін. Онда әр түрлі заттар бейнеленген, бірақ әр затта бір нәрсе жетіспейді, бір нәрсенің бейнесі бейнеленбей қалған. Ал сен ненің жетіспей тұрғанын айт немесе саусағыңмен көрсет. Жақсы ма? Мысалы, мында не бейнеленген?» № 1суретті көрсетіп секундомерді іске қосу қажет.

№ 1тапсырмадан бастау керек. Сәтсіздік болған жағдайда көмектесіп, № 2 тапсырмаға көшу керек. Тағы да сәтсіз орындалса қайтадан көмектесіп, № 3 тапсырмаға өту керек. Енді көмектесуге болмайды! 3 сәтсіздік қатарынан болған жағдайда сынақ тоқтатылады.

Жалпы ережелер

1.Сыналушы жетіспейтін бөлшекті атауға міндетті емес. Жетіспейтін бөлшекті көріп тұрғаны туралы саусақпен көрсетсе немесе басқалай жеткізе білсе, жеткілікті.

2.Басқа да жетіспейтін бөлшектерді көрсеткенде «Тағы да не?» деп жылдам сұрау.

3.«Мұнда бәрі орнында» деген жауапта, «Жоқ, әр затта бір нәрсе жетіспейді» деп жылдам айту.

4.Әр тапсырманы орындауға берілетін уақыт - 15 секунд.

5.Бағалау: әр дұрыс жауап үшін 1 ұпай.

Субтесті орындауда қабылдаудың өткірлігі және бейнеде ненің мәнді екенін түсіну, суретте жетіспей тұрған мәнді бөлшектірді мәнсіз бөлшектерден ажырата білу қабілеті қажет. Кейбір жағдайларда заттың тек бейнеленбей қалған бөлігі, ал кейбірінде байқалмайтын, бірақ едәуір маңызды бөлшек, оның болмауы бейненің бар болмысын өзгертеді. Сыналушы

жетіспей тұрған бөліктің атауын нақты білмеуі мүмкін, бірақ оның орнын, қайда орналасатынын көрсетсе жеткілікті.
Назар аударатын құбылыстар:

-үнемі қоршаған орта адамдарынан қолдауды қажет ететін адамдарда «қолдаудың» болмауы: «қолдаудың» түрлі атрибуттарының болмауы, қолдаушы адамның болмауы.

-таныс емес сурет – сыналушы қорғану үшін мұндай затты бұрын соңды көрмегені туралы айтады. Мұндай жағдайда «Мұқият қара, сонда сен жетіспей тұрған бөлшекті көресің» деген кеңес беріледі;

-Экспериментаторға сұрақ қою - сұрақты әдетте өзіне күмәнданатын, немесе өз жұмысына аса тиянақты адамдар қояды;

-мәнсіз белгілер – сурет бойынша мәнсіз белгілерді көрсету сыналушыларға «қолдаудың» болмауы феномені бойынша немесе нақты жағдайлық белгілері бойынша, немесе мәнді емес алыстағы белгілері (шизофрениктерде) бойынша жүргізілуі мүмкін;

-жылдам жауап - дұрыс не дұрыс емес болуы мүмкін, бірақ гипертимділікте, жоғары көңіл күйде, эйфория кезінде болуы мүмкін;

-бағалау - сыналушы суретті формасы немесе мазмұны бойынша сынға алады, бұл көбінесе сынақтан қорғану болып табылады.

Бағалауға көптеген факторлар әсер етеді: клиникалық жағдайлар, білім деңгейі, жүйелі жұмыс істей білу іскерлігі.
Жоғары баға параноялы түрде бағдарланған адамдарда, немесе байқағыштығы жоғары адамдарда (көбінесе кәсіби мамандарда) байқалады. Жоғары нәтижені педантты адамдар (суретті тиянақты қарап шығады) алуы мүмкін.
Субтест бойынша төменгі нәтижені енжар, белсенді емес адамдар алады, мұндай адамдарды өзінің физикалық жайлылық мәселесі ғана алаңдатады. Әдетте сынақ басқаларға қарағанда декомпенсация жағдайындағы акцентуациялық тұлғаларда зерттеуге деген жағымсыз қатынасты туғызады, ал истерия кезінде олар өзінің халінің мүшкілдігін және дұрыс жауап бере алмайтынын алдыға тартады. «Қолдаудың болмауы» құбылысын екі жақты талдауға болады – егер көмектесуші зат болмаса – тұлғаның шарасыздығы және енжарлығын көрсетеді, егер көмек көрсететін адамның болмаса - айналадағы адамдарды жатырқау және өзінің мәселесін шешуде көмек іздеуді білдіреді.

8 СУБТЕСТ (БІРІЗДІ СУРЕТТЕР)

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік

туғызған ересек балалар үшін ***«А» ("Ит")*** суретінен бастау керек.

1.Нөмірі бойынша ретімен орналастыру.

2.Түсіндіре отырып дұрыс құрастыру.

3.Сурет бөліктерін араластырып және қайтадан нөмірі бойынша ретімен қойып шығу.

4. Сыналушыға ұсыну: «Енді өзің тұтас болатындай етіп құрастыр». Секундомерді іске қосу. Тапсырма сәтті орындалса ***«В» өту. Тапсырма сәтсіз орындалған жағдайда,*** а) көрсетілгенді түсіндірмей қайталау; б) нөмірі бойынша ретімен орналастыру және жинауды ұсыну. Бағалау: бірінші әрекеттен тапсырманы дұрыс орындау - *2* ұпай, 2-ші әрекеттен – 1 ұпай . Кез келген жағдайда да ***«В» өту.***

Сурет«В» («Ана»)

1. Нөмірі бойынша ретімен орналастыру.

2.Жинауды ұсыну. Тапсырма сәтті орындалса ***«С» өту . Тапсырма сәтсіз орындалған жағдайда дұрыс жинауды көрсету және «С» өту.***

Бағалау: ТОҮ ретімен жинағаны үшін - 2 ұпай, ОҮТ ретімен жинағаны үшін - 1 ұпай.

Сурет "С" ("Поезд")

1.Нөмірі бойынша ретімен орналастыру.

2.Жинауды ұсыну. Бағалау: IRO№ ретімен жинағаны үшін - 2 ұпай, IR-O№ ретімен жинағаны үшін -1 ұпай. Егер "А", "В" және "С" тапсырмаларының кез келген екеуі (1 немесе 2 ұпайға) орындалса, "Д" өту. Керісінше жағдайда сынақ тоқтатылады.

Сурет "Д" (Таразы)

Нөмірі бойынша ретімен орналастыру.

Жаңа нұсқау беру: Енді басқаша жинаймыз. Мұнда қиылған суреттер емес, бір ғана кішігірім әңгімеден тұратын бірнеше суреттер. Оларға мұқият қара да әңгіме қандай суреттен басталатынын айт.» Секундомерді іске қосу керек. Аталған суретті екінші жағына бірінші деп атап қою керек, содан кейін «Осыдан кейін не болды, көрсет» деп сұрау керек. Көрсетілген суретті бірінші суреттің қаасына қою қажет. «Ал енді соңында не болды, көрсетші» деп сұрап, соңғы суретті екінші суреттің жанына қою керек.

Тапсырма дұрыс орындалған жағдайда - бағасы 2 ұпай, №1 -ге өту. Егер "Д" орындалмаса, бірақ "С" орындалса, "Бокс"-ты көрсетіп, «Қазір мен саған әңгіменің суреті салынған осындай суреттер беремін, ал сен сен екеуміз орындағандай етіп суреттерді ретімен орналастырып шық» деп №1 -ге өту керек. Нөмірі бойынша ретімен жылдам орналастыру. Секундомерді іске қосу. Қатарынан орындалған

екі сәтсіздіктен соң сынақ тоқтатылады. (мысалы, "С" және "Д", "Д" және"1" және т.б.) 8 жастағы және ақыл ойы дамуы бойынша күдік келтірмейтін ересек балалар үшін "Бокс"-ты көрсетуден бастап, №1 -ге өту керек. Егер екі тапсырма (№ 1 және № 2) орындалмаса, "А", "В", "С". "Д" тапсырмаларына оралу қажет (жоғарыға қара) және сынақты аяқтау керек. Егер екі тапсырманың біреуі ғана немесе екеуі де орындалса, онда : а) "А", "В", "С", "Д" тапсырмалары үшін сыйақы беріледі (8 ұпай); б) қатарынан болатын екі сәтсіздікке дейін жалғастырылады. № 1 және № 7 тапсырмалар үшін бағалар орындау уақытына байланысты болады. № 3, 4, 6 және 7 тапсырмалар үшін көрсетілген нұсқалардың кез келгені дұрыс деп саналады.

Ескерту: суреттерді керісінше ретпен орналастырғанда қайсысынан басталатынын сұрау қажет. Дұрыс жауап берілсе әдеттегідей бағалау қажет.

Бағалау және уақыттық шектеулер

Тапсырмалар	бірізділігі	Ұпайлар				
		7	6	5	4	2-1-0
А.Ит В.Ана С.Поезд Д.Таразы	АВС ТОУ, ОУТ IRO№, IR-O№ АВС					75" 75" 60" 45"
1.Өрт 2.Ұры 3.Фермер 4.Демалыс 5.Ұйқышыл 6.Бағбан 7.Жаңбыр	FIRE THVG QRST, SQRT EFGH, EFHG PERSY FISHER, FSIHE MASTER,	1-5" 1-5" 1-5" 1-5" 1-10" 1-15" 1-15"	6-10" 6-10" 6-10" 6-10" 6-10" 6-10" 11-15"	1-15" 1-15" 1-15" 1-15" 1-15" 16-20"	16-45" 16-45" 16-45" 16-45" 16-45" 21-60"	

	MSTEAR, ASTEMR		16-20" 16-20"	21-30" 21-30"	31-75" 31-75"	

Тестілеу кезінде уақыт, жауаптың қаріп және бірізділікті сақтау (сыналушының талдауы) белгіленіп отырады. Уақыттың, қаріптің және бағалаудың нормативтері Веклердің балалар нұсқасына арналған хаттамада берілген.

Назар аударатын құбылыстар:

-суреттерді аудару – сыналушы алдында шашылып жатқан суретті көрген сәтте ол суреттерді аудара бастайды, сөйтіп ол тапсырманы қалай шешу керек екенін түсінуге тырысады. Сыналушыға суретті аударуға болмайтынын ескерту керек, бірақ бұл факт белгіленуі тиіс, себебі бұл паранойялды синдром кезінде кездесуі мүмкін;

-уайым-қайғыларымен байланыстыру – көбінесе неврозлар клиникасында, реактивті жағдайларда, сондай-ақ шизофренияда сыналушылар серияларды түсіндіруде өзінің ішкі уайымдарын білдіреді. Бұл жағдайда субтест сандырақ пен уайымдарының құрылымын анықтауда жақсы проективті әдіс бола алады;

-мәнді емес белгілер – шизофренияда суреттер сериясынан (сырқаттар әдетте сериядағы бірізділікті дұрыс орналастырады) қандайда бір мәнді емес бөлшекті айрықша бөліп көрсету тән және осы бөлшектер негізінде логикалық түсіндірілетін ситуация (бірақ мазмұны жағынан адекватты емес) құрылады;

-серияны түсіндірмеу – сыналушы серияны орналастырады (дұрыс немесе дұрыс емес), бірақ оның мазмұнын түсіндіруге тырыспайды немесе түсіндіре алмайды. Бұл депрессивтіліктің, реактивтіліктің, психоорганиканың ауыр жағдайларында кездесуі мүмкін;

-тұтастықтың болмауы – психоорганика кезінде жиі байқалады, мұнда сыналушы серияны орналастырады (дұрыс немесе дұрыс емес) әр суреттің мазмұнын жеке- жеке түсіндіреді, бірақ суреттердің барлығын бір тұтас жүйеге біріктіруге шамасы жетпейді;

-персеверация - шизофрения немесе психоорганикада бір серияның тақырыбын басқа серияға көшіру жиі болады;

-әзілдің болмауы –көп жағдайда параноидты сырқаттар сериядағы әзілді түсінбейді;

-ақылгөйлік - суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастырғанда шектен тыс ақылгөйсу.

Субтест сыналушының ойлау антиципациясын және әлеуметтік әрекетті жоспарлау іскерлігін анықтауға бағытталған. Субтест тұлғаралық жағдайдағы себеп салдарлық байланысты, тұрмыстық тәжірибені және әзілді түсінуін қажет етеді. «Түсінушілік» субтесті сияқты практикалық жағдайларда бағдарлануды анықтайды, адамның «әлеуметтік интеллектісі» деп аталатын жағдайды сипаттайды. Сапалық мазмұны жағынан «Түсінушіліктен» өзгеше, оның құрамында науқастың тұлғасын талдауға қатысты едәуір мол ақпараттар бар.

9 СУБТЕСТ (КООС ТЕКШЕЛЕРІ)

КООС ТЕКШЕЛЕРІ (ағыл. Kohs Block Design Test) – амер. психологы С. Кос жасаған (Kohs, 1923), ол көрнекі әрекеттік интеллектіні диагностикалауға арналған әдістеме. Қазіргі уақытқа дейін кеңінен қолданылады: мысалы, Векслер тест құрамына, нейропсихологияның және арнайы психологияның әдістемелік қорына кірген (әсіресе конструктивті апраксияны (ми қабығының зақымдануы салдарынан мақсатты қозғалыстар жасау қабілетінің бұзылуы) диагностикалау үшін пайдалы). Орыс әдебиеттерінде бұл әдістемені «Коос текшелері» деп атайды.

Мақсаты. Зерттеу мақсаты кеңістіктік ойлаудың қалыптасу деңгейін, кеңістіктік талдау мен біріктірудің мүмкіндіктерін, зейін ерекшелігін анықтау болып табылады.

Материал:

1) текшелер жиынтығы (16 дана) қабырғаларының ұзындығы 2,5 см , текше қабырғалары боялған: қызыл, ақ, сары, көк. Қалған қарама-қарсы қабырғалары қиғашынан қызыл-ақ , көк-сары (диагонал бойынша) бөлінген 2) бірте бірте күрделене түсетін әр түрлі күрделі түрлі түсті өрнектер жинағы. Үлгі суреттердің түстері текшелердің түсімен сәйкес келеді, бірақ үлгілердің көлемі екі есе кіші. Үлгілер картон карточкасының ортасында орналасқан көлемі 10х7,5 см.

Күрделену үлгісі 1985–1997 жылдар аралығында Мәскеу және Мәскеу облысында балалармен жұмыс жасау барысында жасалған және бейімделген.

Әдістеме 3 жастағы балалардан бастап қолданылады жас кезеңінің жоғарғы шегі шектеусіз.

Ескерту. Өрнекпен жұмыс жасамас бұрын баланы текшенің түрлі түсті бояуымен таныстыру және текшелердің бояуы бірдей екенін түсіндіру қажет.

Текшемен жұмысты баланың жасы ерекшелігіне қарамастан бала өз бетімен құрастыра алатын өрнектен бастаған жөн.

Зерттеу барысы

Баланың алдына үстел үстіне өрнектің суреті қойылады, ал қасында ретсіз шашылған текшелер жатыр.

Нұсқау. "Қарашы, суретте өрнек бейнеленген. Оны мына текшелерден құрастырып жасауға болады. Байқап көрші.». Өрнекті бала үстелде, өрнек суретіне беттестірмей, бөлек оның жанына қойып құрастыруы керек.

Балаға тапсырманы сәтті орындауына байланысты келесі өрнектерді, бір-бірден көрсетіп, күрделендіре отырып құрастыру ұсынылады (ұсынылған тесте өрнектер күрделену ретімен берілген).

Егер бала өте қарапайым өрнекті құрастыруда қиналса, психолог текшелердің басқа жинағын алып баланың көзінше дәл осындай өрнекті құрастыруы керек, осыдан кейін баладан өзінің текшелерінен орындалған әрекетті қайталауды, өз бетінше осы өрнекті құрастыруды ұсыну қажет (толық көрнекі көмек). Кейін, кеңістіктік талдау және біріктіру мүмкіндіктерін анықтау үшін балаға күрделірек өрнекті құрастыру ұсынылады.

Көмек көрсетудің басқа да түрлері болуы мүмкін:

1) бейненің бөлшектерінің сипаты мен санын белгілеу үшін трафареттер мен жапсырмаларды қолдану;
2) бейненің бөлшектерін белгілеу үшін фигураның пішінін және оның бөлшектерін көрсету таяқшасымен айналдырып шығу;
3) өрнекті және оның бөлшектерін баланың саусағымен айналдырып шығу (моторлық компонентті іске қосу);
4) сызбаны бөліктерге бөлу және оның әр қайсысын жеке–жеке талдау;

5) кейін үлгінің көмегінсіз өрнекті құрастыру үшін бөлшектерді а) үлгімен немесе б) трафаретпен беттестіруді қолдану (бейненің қасына қойып өрнекті қалап шығу);
6) графикалық схеманың көмегімен фигураның бұрыштарының бағытын талдау;
7) құрастыруға ұсынылған фигуралардың суретін салу;
8) экспериментатор бейненің 1–2 бөлігін қойып шығады, жұмыстың жалғасын сыналушы өзі орындайды.

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балаларға текшелердің бәрінің түсі бірдей екенін көрсету және түсіндіру («Текшелердің бәрі бірдей етіп боялған») қажет.

"А"фигурасынан бастау қажет

Сыналушының көзінше суретте көрсетілгендей етіп текшелерді орналастыру, фигура құрастыру қажет. Сыналушыға суретті көрсетпеу керек. Текшелерден

құрастырылған ***"А"фигурасын*** үлгі ретінде қалдыру.
4 текшеден үлгідегідей фигура құрастырып, оны сыналушы мен үлгінің ортасына орналастыруды ұсыну қажет.Тапсырма сәтсіз орындалса дұрыс орындалу жолын сыналушының текшелерімен көрсету қажет, оны бұзып тастап үлгі бойынша қайта жинауды ұсыну қажет. Нәтижесіне қарамастан келесі ***"В"фигурасына көшу.***
Бағалау: бірінші әрекеттен дұрыс орындау - 2 ұпай, екінші әрекеттен дұрыс орындаса, 1 ұпай.

"В"фигурасы

Ширманың арғы жағында тұрып ***"В"фигурасы***н құрастыру қажет. Сыналушыға дайын күйінде көрсету және сол күйінде үлгі ретінде қалдыру. 4 текшеден үлгідегідей фигура құрастыруды ұсыну. Тапсырма сәтсіз орындалса дұрыс орындалу жолын сыналушының текшелерімен көрсету, оны бұзып тастап, үлгі бойынша қайта жинауды ұсыну қажет. Екінші сәтсіздіктен соң тоқтату. Егер ***"В" тапсырмасы*** 1 немесе 2 баллға орындалса ***"С"фигурасына*** көшуге болады.
Бағалау: бірінші әрекеттен дұрыс орындау - 2 ұпай, екінші әрекеттен дұрыс орындаса, 1 ұпай.

"С"фигурасы

Сыналушының алдына ***"С" суретін көрсету және «Мен қазір суреттегідей етіп орындаймын. Қара...»*** 4 текшеден ***"С"*** фигурасын құрастыру**.**
Текшелерден фигураны бұзу. Тапсырма сәтсіз орындалса дұрыс орындалу жолын көрсету, бұзып сурет бойынша қайта құрастыруды ұсыну. Екінші сәтсіздіктен соң тоқтату. Егер ***"С" тапсырмасы*** 1 немесе 2 ұпайға орындалса № 1 тапсырмасына көшуге болады.Бағалау: бірінші әрекеттен дұрыс орындау - 2 ұпай, екінші әрекеттен дұрыс орындаса, 1 ұпай.

№ 1 тапсырманы ұсыну. Екі сәтсіздіктен соң тоқтату (№ 1 тапсырмадан бастап).
Жалпы ереже:
1.Сыналушы үстелдің алдында отыруы керек.
2. "А", "В", "С, № 1 - № 4 тапсырмаларын 4 текшемен орындау, ал № 5 - № 7 – тапсырмаларды 9 текшемен орындау керек.
3. Әр тапсырма алдында текшелерді 4 текшемен тапсырманы орындағанда бір текше, ал 9 текшемен тапсырманы орындағанда екі текшенің үстінгі қабырғасы қызыл немесе қызыл–ақ түсті болатындай етіп араластыру қажет.
8 жастағы және ақыл ойы дамуы бойынша күдік келтірмейтін ересек балаларға текшелердің бәрінің түсі бірдей екенін

көрсету және түсіндіру («Текшелердің бәрі бірдей етіп боялған») қажет. "С"фигурасынан бастау қажет (жоғ. қара). "С" тапсырмасын 1-ші немесе 2-ші талпыныстан орындағанда
а)"А" және "В" тапсырмалары үшін алдын ала қосымша балл (4 балл) беру.
б) № 1 тапсырмаға өту. Қатарынан болған екі сәтсіздіктен соң тоқтату. "С" тапсырмасын екінші талпыныстан дұрыс орындай алмаған жағдайда "А" және "В" –ға қайта оралу және сынақты тоқтату. № 1 - № 7 тапсырмалар үшін бағалау орындау уақытына байланысты.

Бағалар мен уақыттық шектеулер

Тапсырмалар	Ұпайлар				
	7	6	5	4	2-1-0
А. В. С.					45" 45" 45"
1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.	1-10" 1-10" 1-15" 1-10" 1-35" 1-55" 1-55"	11-15" 11-15" 16-20" 11-15" 36-45" 56-65" 56-65"	16-20" 16-20" 21-25" 16-20" 46-65" 66-80' 66-90"	21-75" 21-75" 26-75" 21-75" 66-150" 81-150" 91-150"	

Уақытты, суреттің сипатын белгілеуді экспериментатор жүргізеді. Уақыт нормативтері хаттамада берілген.

Назар аударатын құбылыстар:

-екі тапсырманы орындаудағы қиындықтар немесе одан бетер жаманы, яғни экспериментатордан кейін тапсырманы орындай алмау – көру-қимыл үйлесімінің айқын паталогиясы;

-«алғашқы текше» құбылысы - сыналушының жұмысын бақылау қызықты: суреттің қай бұрышынан бастайды (үстіңгі немесе астыңғы), текшені қолында ұстап тұрып қанша уақыт зерттейді, зерттеу үшін екінші текшені қолына ала ма;

-осы сәттердің бәрі сыналушының тұлғасына қандай да бір дәрежеде әсер етеді – абыржу, нұсқауды тыңдаған кезде зейінсіздік, ересек адам үшін әрекеттің қалыптан өзгеше болуы;

-қимыл-әрекет – сыналушының бір тапсырмамен жұмысында жасайтын қимыл-әрекетін нақты белгілеп отыру керек. Сыналушының қаншалықты қимыл-әрекет саны аз және қимыл-әрекет саны текшелер арасындағы өзара түйісу санына жақын болса, сыналушының көру-қимыл үйлесімі мен оның конструктивті қабілеті соншалықты тиімді болады;

-сыни тапсырмалар – бұл сыналушы едәуір қиналатын тапсырмалар, себебі имитацияның жеңіл үлгіден күрделі үлгіге өтуге тура келеді, мұнда абстракциялану деңгейін жоғарлату қажет;

- суретті өзгерту – сыналушы суретті 90 градусқа бұрады; психоорганикада жиі кездеседі;

- ротация – суретті 90 градусқа бұру;

-конфузия – суреттің құрылымын өзгерту және өз жұмысна сын көзбен қарай алмау - психоорганикада айқын байқалады;

-елемеушілік – бұл құбылыс мына жағдайлардан тұрады: а) түсті елемеу – қызыл түстің орнына ақты қояды немесе керісінше; б) үлгісін елемеу – текшелерден шаршы құрастырудың орнына жолақ құрастырады.

Субтест жалпы конструктивті ойлауды зерттейді, жақсы кеңістіктік анализ бен синтезді талап етеді, сондықтан генездің әр түрлі церебралды – органикалық паталогиясына аса сезімтал келеді, әсіресе төбе локализациясы. Клиникада субтест бас миының органикалық ауруларынан шизофренияны жақсы ажыратады. Бұл субтесті орындау ұзақ уақыт бойы біршама сенімді болғанымен, оның нәтижесі шизофрениямен ауыратын науқастарда әдетте вербальды емес субтесттерге қарағанда аса жоғары болады.

10 СУБТЕСТ (ФИГУРА ҚҰРАСТЫРУ)

№1 тапсырсырмадан бастау керек. Орындауы не орындамауына қарамастан барлық 4 тапсырманы беру қажет. Бағалау: толықтай бәрін құрастырған жағдайда орындау бағасы тапсырманы орындауға жіберген уақытпен байланысты, бұл төмендегі кестеде көрсетілген. Толықтай құрастырылмаған жағдайда баға берілген уақытта дұрыс құрастырылған бөлшектер санына байланысты болады.

№ 1 - "Бала" – егер аяқтары дұрыс қойылмаса, сол аяқтың орнына оң аяқ қойылса, немесе аяқ табандары жоғары қарап

тұрса 3 ұпай;

Егер аяқтар мүлде қойылмаса немесе қолдың орнына қойылса, онда 2 ұпай.

Денесінің жоғары бөлігі ғана құрастырылған болса 1 ұпай.

№ 2 - "Ат" - фигураның екі бөлшегін бір рет дұрыс ұштастырып байланыстырғаны үшін 1 балл беріледі.

№ 3 - "Бет-әлпет"«Бұл не?» деген сұраққа «Сен қалай ойлайсың?» (фигураны атамау керек), немесе «Құрастырып көр, не шығады екен» деп жауап беру керек.Егер сыналушы фигураны дұрыс атаса, мақұлдамай «Сен байқап көр» деп айту қажет. Бағалау: № 2 қосымшаның (х) белгіленген әр екі бөлшегін дұрыс байланыстырып ұштастырғаны үшін 0,5 баллдан беріледі. Бөлшек сан шықса үлкен санға қарай тұтас санға айналдыру қажет.

№ 4 - "Автокөлік" - фигураның екі бөлшегін бір рет дұрыс ұштастырып байланыстырғаны үшін 1 балл беріледі.

Жалпы ережелер:

1. Әр объектінің әр бөлшегін сызба бойынша қатаң орналастыру.
2. Алғашқы екі объектінің атауын сыналушыға бірден айту **("Бала" және "Ат").**
3. 3 және 4 фигуралардың атын атамау.
4. Егер сыналушы бөлшектерді беткі жағын астына қарай ауыстырып қойып жатса, онда бұған ойын тәртібі бойынша рұқсат берілмейді деп бөлшекті қайта оған (өзіне) аударуды ұсыну қажет.

Бағалар және уақыттық шектеулер

Тапсырмалар	Ұпайлар					
	9	8	7	6	5	4
1. Бала 2. Ат 3. Бет-әлпет 4. Машина	1-15" 1-35" 1-25"	16-20" 36-45" 26-30"	1-10" 21-30" 46-70" 31-45"	11-15" 31-180" 71-180" 46-180"	16-20"	21-120"

Субтесті орындаудағы ескеретін құбылыстар:

- байқап көру және қателесу - эвристикалық қабілет әлсіз болған жағдайда және белсенділік пен ойлаудың шапшаңдығы төмендегенде сыналуышылар әдетте байқап көру және қателесу жолымен жұмыс істейді, фигураны құрастыруды аяғына дейін жеткізбейтін кездері де болады;

- фигураның 1-3 бөлшектерінің орнын ауыстырып қою - фигураны құрастыруда бір орында жылжымай тұрып қалу, егер құрастыру дұрыс басталып кейін қиындықтарға кездессе онда сыналушы фигураның құрастырылған бөлігінің орнын ауыстыра бастайды;

- қимыл жылдамдығы – бұл феноменді алғашында Рапопорт байқаған, бұл гипоманиясы бар адамдарда кездеседі.

11 СУБТЕСТ (КОДТАУ-ШИФРЛАУ)

Даму деңгейіне қарамастан 8 жастан кіші балалар үшін "А" (фигуралар) нұсқасы беріледі.

Сыналушыға нұсқау: "Мында қара, - фигуралардың жоғары жағының, екінші қатарының басталу тұсын көрсету керек. Егер сыналушы бір ғана фигураның таңбасын қойып шықса немесе фигураларды тастап кетіп жатса, «Қатарынан бәрін орында» деп айту қажет.

Уақыт -120 сек.

Бағалау: әр дұрыс жазылған таңба үшін 1 ұпай. Жалпы қосындысы 120 секунд дұрыс толтырылған фигуралардың санына тең. 120 секунд ішінде барлық фигуралар дұрыс толтырылған болса, онда қосымша балл беріледі.

А нұсқасы (фигуралармен) үшін бағалау мен уақыттық шектеулер

Қосымша ұпайлар	+5	+4	+3	+2	+1
Уақыт	< 70	71-80	81-90	91-100	101-110

Ескерту: 1. Алғашқы орындалған 5 үлгі фигураларды бағалауға қоспау қажет.

2. Егер алғашқы 5 үлгіден соң сыналушы нұсқауды түсінбесе, онда тағы да бірнеше фигураны байқап көруге ұсыну керек, олар да бағалауға кірмейді.

3. Қосымша балл дұрыс толтырылған фигуралардың санынан құрастырылады.

8 жасқа дейін және одан ересек балаларға олардың даму деңгейіне қарамастан "В" (сандар) нұсқасы беріледі.

Нұсқаулар мен өткізу реті бұрынғыдай, бірақ байқап көруге бес емес жеті таңба беріледі. Уақыт - 120 секунд. Баға дұрыс толтырылған таңбалар санына тең. «Шифрлау» субтесті визуалды перцепция мен праксистің сақталуын, көру- қимыл

кординациясының, дағдының қалыптасу жылдамдығын қажет етеді. Бұл психомоторлық кемшілігікке аса сезімтал келеді, көру есі мен қимыл белсенділігін сипаттайды.

Назар аударатын құбылыстар:

- сандарға байланысты бірізділікті сақтау нормаға сай. Зейіннің шоғырлануы бұзылған жағдайда, асығыстық кезінде сыналушы кодтарды олардың бірізділігімен емес, санау реті (1,2, т.с.с.), бойынша толтыра бастайды;

- Жұмыс қарқыны – жылдам немесе баяу, бұл тұлғаның эмоционалдық күйін гипертимділік немесе гипотимділікті көрсетеді.

Сандық сипаттамалар:

- «Шифрлау» субтесті бойынша төмен бағалар («Сөздік» субтест нәтижесінен едәуір төмен) депрессиялы жағдайды, белсенді әрекетке деген ұмтылыстың болмауын көрсетеді;

- «Сөздік» субтест бойынша жоғары баға – талаптану деңгей жоғары, интеллектуалдық қабілетіне сай емес;

- «Шифрлау» субтест пен «Қайталау» субтесті ара қатынасы да маңызды - «Қайталау» субтест нәтижесінің төмендеуі (мазасыздану) және «Шифрлау» субтест нәтижесінің жоғарлауы (күш қуаттың артуы) мазасызданууды тұншықтырып, белсенділікті арттыру арқылы қадағалау болып табылады;

- «Қайталау» субтест нәтижесінің жоғарлауы және «Шифрлау» субтест нәтижесінің төмендеуі күйзеліс синдромын жоққа шығаруға ұмтылған күйзеліп жүрген адамдарда байқалуы мүмкін;

- Тест нейтралды әрі мазмұнсыз сипатта болғандықтан бұл субтесті шизоидтер жақсы орындап шығады.

12 СУБТЕСТ (ЛАБИРИНТТЕР)

8 жастан кіші және ақыл ойы дамуы бойынша күдік туғызған ересек балалар үшін үлгі бойынша көрсетуден бастаған дұрыс. Нұсқау: «Баланы (қызды) көріп тұрсың. Ол мынадай үйде тұрады. Қара сызықтар бұл үйдің қабырғасы. Ал мына жерде қабырға жоқ (бірінші шығуды көрсетеді) бұл жермен өтуге болады. Мына жерде де қабырға жоқ (лабиринттен шығуды көрсетеді), бұл жерден көшеге шығуға болады. Қане, бала (қыз) көшеге қалай шығатынын қара». Қарандашты көтермей, сызықтарды қиылыстырмай орталықтан шығуға дейін жол салу керек. «Сенде осылайша істейсің. Тек сурет салғанда сызықтарды қиылыстырма, былай істеуге болмайды (қиылыстарды көрсету). Тұйыққа тірелмей, көшеге шығатын жолды жылдам сал. Егер тұйыққа тірелсең,

былайша кері қайтатын жолды сал (тұйыққа тірелу, одан шығуды және сонына дейінгі барлық жолды көрсету. Қарындашты қағаздан көтермеу.) Мұнда жалғыз ереже бар қарындашты қағаз бетіне қалай қоясың, сол күйінде қағаз бетінен алмай шығу керек. Былай істеуге болмайды (қарындашты қағаз бетінен айыруды көрсету). Түсіндің бе? Ал, қане, байқап көрелік. Қарындаштың ұшын мында қой («А» лабиринтінің ортасын көрсету), тезірек сал». Секундомерді қосу. Сәтсіз аяқталған жағдайда «А» лабиринтінен шығу жолын көрсету және «Б» лабиринтін орындауды ұсыну. Тапсырмаларды орындау кезінде қатарынан екі сәтсіздік болса, сынақ тоқтатылады.

8 жастағы және ақыл ойы дамуы бойынша күдік келтірмейтін ересек балалар үшін «С» лабиринтінен бастау керек. Сөздік нұсқау беру қажет. Дұрыс орындалған жағдайда (лимиттік уақыт аралығында және бір қатеден артық болмаған жағдайда) «А» және «В» лабиринттері үшін алдына ала қосымша балл (2 ұпай) беріледі. Тапсырма сәтсіз орындалған жағдайда (2 және оданда көп қате болса, лимиттік уақыт шегінен шығып кеткен жағдайда) «А» және «В» лабиринттеріне қайта оралады. Тапсырмаларды орындау кезінде қатарынан екі сәтсіздік болса, сынақ тоқтатылады. Баға қателер санына және берілген уақытта орындалуына байланысты.

Жалпы ереже:

1.Тапсырма орындалмаған болып саналады, егер а) осы лабиринт бойынша нәтижесіндегі қателер саны рұқсат етілген қателер санынан асып түссе (орындау уақытына байланысты емес) немесе б) уақыт шегі берілген уақыттан асып кетсе (қателер санына қарамастан).

2. Қате болып есептеледі:

а)қарындашты қағаз бетінен айыру, бірақ қарындашты бұрынғы қатені түзету үшін қағаз бетінен айыруға тура келсе (мысалы, сызықтардың қиылысуы), онда бұл қате деп есептелмейді;

б) сызықтардың қиылысуы, яғни қарама-қарсы жақтағы сызық пен қарындаш ізі арасында орын болса. Егер қиылысу кездейсоқ болса (мысалы, парақ жылжып кетсе), онда бұл қате деп саналмайды;

в) лабиринттің әр «тұйықталған жеріне» кіру, яғни бір бағыттағы үзік-үзік сызықтардың қиылысуы.

3. Қарындашты қағаз бетінен ажыратқаны үшін сыналушыға ескерту жасау («қарындашты қағаз бетіне алма»).

4.Сызықтар қиылысқанда ескерту бір рет қана жасалады.

Бағалау және уақыттық лимиттер

Тапсырма	Уақыт	Ұпайлар			
		0	1	2	3
A	30"	2 артық	2	0	
B	30"	2 артық	2	0	
C	30"	2 артық	2	0	
1	30"	3 артық	3	1	0
2	45"	3 артық	3	1	0
3	60"	5 артық	5-2	1	0
4	120"	6 артық	6-2	1	0
5	120"	8 артық	8-2	1	0


ЕСКЕРТУ: Кестенің торкөздерінде сыналушының тиісті тапсырманы орындағанда жіберетін қателерінің толық саны көрсетілген.

ЕСКЕРТУ: Тесттегі 1, 4, 6 субтестердегі кейбір тапсырмалар мәдени,тарихи мәліметтерге байланысты өзгертіліп беріліп отыр.

Стимулдық материалдар

7 СУБТЕСТ (ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛШЕК)

ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛШЕКТЕР:



3




4




5






6


7


8
7


9


10


11

12



13




14



15




16
50
40
30
20
10
0


17



18



19


20

8 СУБТЕСТ (БІРІЗДІ СУРЕТТЕР)


БІРІЗДІ СУРЕТТЕР:





К4
И3
О1


A1
B2
B3
C5
E4


I3



K1


E2


J3


E5


E4
F4
G1
H3
G5



Б1
С2
Д3


F5
I3
H2
S4
E6

R1
M2
A2
S4


Е1
Т6
В3
В3
О4


Y2



X3


T2


S1




СУБТЕСТ (КООС ТЕКШЕЛЕРІ)





1 СУБТЕСТ (ФИГУРА ҚҰРАСТЫРУ)


Адам пішіні



Фигуралар








11 СУБТЕСТ (КОДТАУ-ШИФРЛАУ)

ШИФРЛАУ А

Уақыты_____ қателер _____бағасы _____




Мысалы:




ШИФРЛАУ В

Уақыты_____ қателер _____бағасы ___ ____




Шифрлау В Уақыты_____қателер_____баға_____




Шифрлау В


Уақыты_____Қателер_____баға_____




12 субтест (Лабиринттер)




3




4



5



Лабиринт A, B, C.



ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ
(ВЕКСЛЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛГЕН НҰСҚАСЫ)

Тегі_____Аты_____

Әкесінің аты _____

Туылған уақыты (жылы, айы) _____ жасы

_____ жас _____ай.

С У Б Т Е С Т Т Е Р

Шкала	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	Шкала
20													20
19													19
18													18
17													17
16													16
15													15
14													14
13													13
12													12
11													11
10													10
9													9
8													8
7													7
6													6
5													5
4													4
3													3
2													2
1													1
0													0

1.Білімділік

Әдістеме бойынша бағаларды есептеу

	0-1			0-1
1.Құлақтар		17.Жеңіс күні		
2. Саусақ		18. Апат сигналы		
3.Аяқ		19. Адамның бойының ұзындығы		
4. Сүт		20. Италия		
5. Қайнаған су		21.Центнер		
6. Қант		22. Греция		
7. Бес		23. Скипидар		
8. Апта		24. Астана-Алматы		
9. Негізін қалаушы		25. 29 ақпан		
10.Қос		26. Оңтүстік полюс		
11. Жыл мезгілі		27. Барометр		
12. Анар		28. Иероглиф		
13. Күн		29.Македонский		
14.Асқазан		30.Тәркілеу (Конфискация)		
15.Су бетінде жүзу				
16. Онегин				
		Қосындысы		

тапсырмалар	**баға**	**шкала**
1 субтест		
2 субтест		
3 субтест		
4 субтест		
5 субтест		
6 субтест		
Вербальды баға		
7 субтест		
8 субтест		
9 субтест		
10 субтест		
11 субтест		
12 субтест		
Вербальды баға		
Жалпы вербальды		
Жалпы вербальды емес		
Жалпы баға		

2. Түсінгіштік

	0-1-2

3. Арифметикалық

Тапсырма	**жауап**	**уақыт**	**Ұпай**
1. 15 сек			0 1

1. Саусақ	
2. Доп	
3. Нан	
4. Төбелес	
5. Поезд	
6. Кірпіштен қаланған үй	
7. Қылмыскерлер	
8. Кеме апаты	
9. Жинақ кассасы	
10. Жалға беру	
11. Емтихандар	
12. Ойыншықтар	
13. Депутаттар	
Қосындысы	

2. 15 сек			0 1
3. 15 сек			0 1
4. 15 сек			0 1
5. 30 сек			0 1
6. 30 сек			0 1
7. 30 сек			0 1
8. 30 сек			0 1
9. 30 сек			0 1
10. 30 сек			0 1
11. 60 сек			0 1 2 (1-10 сек)
12. 60 сек			0 1 2 (1-10 сек)
13. 60 сек			0 1 2 (1-15 сек)
14. 60 сек			0 1 2 (1-20 сек)
			Қосындысы=

4. Ұқсастық

Тапсырмалар	**0 - 1 - 2**	
1. Лимон - қант		
2. Аяқ - қол		
3. Ұлдар- ер азамат		
4. Пышақ - әйнек сынығы		
5. Қара өрік –шие		
6. Мысық - тышқан		
7. Шарап - сыра		
8. Пианино - скрипка		
9. Қағаз - көмір		
10. Килограмм - метр		
11. Қайшы - жез таба		
12. Тау – көл		
13. Тұз – су		
14. Бостандық – әділдік		
Қосындысы		

5. Сандарды қайталау

Тура санау	**Бағалау**
Бірінші серия	
3-8-6	
3-4-1-7	
8-4-2-3-9	
3-8-9-1-7-4	
5-1-7-4-2-3-8	
1-6-4-5-9-7-6-3	
5-3-8-7-1-2-4-6-9	
Екінші серия	
6-1-2	
6-1-5-8	
5-2-1-8-6	
7-9-6-4-8-3	
9-8-5-2-1-6-3	
2-9-7-6-3-1-5-4	

			4-2-6-9-1-7-8-3-5	
			Кері санау	
			Бірінші серия	
			2-5	
			5-7-4	
			7-2-9-6	
			4-1-3-5-7	
			1-6-5-2-9-8	
			8-5-9-2-3-4-2	
			6-9-1-6-3-2-5-8	
			Екінші серия	
			6-3	
			2-5-9	
			8-4-9-3	
			9-7-8-5-2	
			3-6-7-1-9-4	
			4-5-7-9-2-8-1	
			3-1-7-9-5-4-8-2	
			Тура және кері санаудың қосындысы	

6. Сөздік қор

		0 - 1 - 2
1. Велосипед		
2. Пышақ		
3. Бөрік		
4. Хат		
5. Қолшатыр		
6. Жастық		
7. Шеге		
8. Есек		
9. Тон		
10. Алмаз		
11. Біріктіру		
12. Қыры		
13. Қылыш		

14. Жайсыздық		
15. Батыл		
16. Бос сөз		
17. Батыр		
18. Құмар ойын		
19. Нитроглицерин		
20. Микроскоп		
21. Доллар		
22. Мысал әңгімелер		
23. Күмбез		
24. Тыңшылық		
25. Қайырма		
26. Оңашалану		
27. Жарқыл		
28. Харакири		
29. Кетіп қалу		
30. Қайғыру		
31. Балласт		
32. Катакомбалар		
33. Шарасыздық		
34. Терминттер		
35. Аврора		
36. Зарарсыздандырылған, таза		
37. Контейнер		
38. Енжар		
39. Мазақ		
40. Жала жабу		
	Қосындысы	

7. Жетіспейтін бөлшек

	жауап (0-1)		**жауап (0-1)**		**жауап (0-1)**
1. Тіс		8. 6 - 7		15. Қасы	
2. Аяқ		9. Бұранда		16. Сынап	
3. Құлақ		10.Ілгек		17. Лента	
4. Ерін		11. Желбезек		18. Сым шабақ	
5. Мұрт		12. Кертік		19. Тұяқ	
6. Тұтқа		13. Мұртшалар		20. Көлеңке	
7. Тырнақ		14. Артқы тырнақ			
				Қосындысы	

8.Бірізді суреттер

Тапсырмалар	Реті	Ұпай, секундтар
А.Ит	1,2 - ABC	0 1 2
В.Ана	1 - OYT 2 - TOY	0 1 2
С.Поезд	1,2 - IRON	0 1 2
Д.Таразы	2 - ABC	0 2
Бокс		
1.Өрт	FIRE	0 4 5 6 7 45-16 15-11 10-6 5-1
2.Ұры	THUG	0 4 5 6 7 45-16 15-11 10-6 5-1
3.Фермер	QRST SQKT	0 4 5 6 7 45-16 15-11 10-6 5-1
4.Қала сыртына шығып серуендеу	EFGH EFHG	0 4 5 6 7 45-16 15-11 10-6 5-1
5.Ұйқышыл	PERCY	0 4 5 6 7 60-21 20-16 15-11 10-1
6.Бағбан	FISHER FSIHER	0 4 5 6 7 75-31 30-21 20-16 15-1
7.Жаңбыр	0,2- MSTEAR,ASTEMR 4-7: MASTER	0 4 5 6 7 75-31 30-21 20-16 15-1
	Қосындысы	

9. Коос текшелері

Тапсырма	Орындау уақыты. Өрнек суреті	Баға, уақыт

A. 45 сек		
B. 45 сек		
C. 45 сек		
1. 75 сек		0 4 5 6 7 75-21 20-16 15-11 10-1
2. 75 сек		0 4 5 6 7 75-21 20-16 15-11 10-1
3. 75 сек		0 4 5 6 7 75-26 25-21 20-16 15-1
4. 75 сек		0 4 5 6 7 75-21 20-16 15-11 10-1
5. 150 сек		0 4 5 6 7 150-66 65-46 45-36 35-1
6. 150 сек		0 4 5 6 7 150-81 80-66 65-56 55-1
7. 150 сек		0 4 5 6 7 150-91 90-66 65-56 55-1
	Қосындысы	

11. Фигураларды құрастыру

Фигура	**Уақыт**	**Бағасы**								
1.Бала	120 сек	0 1 2 3 4	**5 21-120**	**6 16-20**	**7 11-15**	**8 1-10**				
2.Ат	120 сек	0 1 2 3 4 5	**6**	**7**	**8**	**9 46-120**		**11 36-45**	**12 26-35**	**13 1-25**
3.Бет	180	0 1 2								

	сек	3 4 5	**6**	**7 51-180**		**9 41-50**	**10 31-40**	**11 1-30**		
4.Машина	180 сек	0 1 2 3 4 5	**6**	**7**	**8 51-180**		**10 31-50**	**11 21-30**	**12 1-20**	
Қосындысы										

12. Лабиринт

Тапсырмалар және қателер лимиті	**Ұпай**
A. 30 сек = 2 қате	
B. 30 сек = 2 қате	
C. 30 сек = 2 қате	
1. 30 сек = 3 қате	
2. 45 сек = 3 қате	
3. 60 сек = 5 қате	
4.120 сек = 6 қате	
5.120 сек = 8 қате	
Қосындысы	

Равеннің прогрессивті матрицасы

Әдістеме логикалық ойлауды зерттеуге арналған. Сыналушыға белгілі бір тәуелділікпен байланысқан фигуралардың суреті ұсынылады. Бір фигура жетіспейді, ол төменде 6-8 басқа фигуралардың ішінде берілген. Сыналушының міндеті суреттегі фигураларды өзара байланыстырып тұрған заңдылықты табу, жауап парағында ұсынылып ұсынылған фигуралардың ішінен ізделіп отырған фигураның нөмірі белгіленіп көрсетіледі.

Тест 60 кестеден (5 серия) тұрады. Кестелердің әр сериясында тапсырмалар күрделенеді. Сондай ақ сериядан серияға өткен сайын тапсырмалар түрлері де күрделене түседі. (ҚОСЫМША 3)

А субтест – матрица құрлымындағы өзара байланысты табу принципі қолданылған. Мұндағы тапсырманың мәні негізгі бейненің жетіспей тұрған бөлігін кестеде берілген бөліктердің ішінен тауып толықтыру болып табылады. Тапсырманы орындау сыналушыдан негізгі бейненің құрылымын мұқият талдауды және осындай ерекшеліктерді төменде берілген бірнеше бөліктердің ішіндегі біреуінен ғана табуды талап етеді. Осыдан кейін бөліктерді біріктіріп, оны кестенің негізгі бөлігінің айналасымен салыстырылады.

В субтест – фигуралар жұбының өзара ұқсастығы ұстанымы бойынша құрылған. Сыналушы әр жекелеген жағдайдағы фигураның құрылуы принципін табуы керек және осыған сәйкес жетіспей тұрған фигураны таңдап алуы тиіс. Сонымен қатар негізгі үлгідегі фигураның орналасуының симметрия осін анықтаудың да маңызы зор.

С сериясы – матрицаның фигураларындағы прогрессивті өзгеру принципі бойынша құрылған. Бір матрица аумағында бұл фигуралар бірте-бірте күрделене түседі, олар үздіксіз даму жүріп жатқан сияқты. Фигураларды жаңа элементтермен толықтыру нақты принципке негізделеді, оны таба отырып жетіспей тұрған фигураны таңдап алуға болады.

В субтест – матрицада фигураларды қайтадан топтастыру ұстанымы бойынша құрылады. Сыналушы көлденеңінен және тігінен болған осы қайта топтастыруды табуы керек.

Е субтест негізгі бейненің фигураларын элементтерге жіктеу ұстанымы негізінде құрылған.Талдау және біріктіру ұстанымы түсінгеннен кейін сыналушы жетпей тұрған фигураны табуға болады.

Тест қатаң уақытпен шектелген: 20 минут. Уақытты қатаң сақтау үшін «Тесті орындауды бастаңдар» деген жалпы нұсқауға дейін ешкімнің кестені ашып қарамауын қадағалау

керек. 20 мин өткеннен кейін «Кестені жабыңдар» деген нұсқау беріледі.

Осыдан кейін кестені алып, бірінші бетті көрсету үшін ашады: «Суретте бір фигура жетіспейді. Төменде 6-8 нөмірленген фигуралар бар, олардың біреуі ізделіп отырған фигура. Суреттегі фигураларды байланыстырып тұрған заңдылықты табу қажет және ізделіп отырған фигураның нөмірі параққа жазылады.

Тапсырманы орындау барысында сыналушылар бір-бірінен көшірілмегенін қадағалау керек. 20 мин өткеннен кейін «Барлығың кестені жабыңдар!» деген нұсқау беріледі.

Нәтижелерді таңдау (кілт)

Әр дұрыс шешілген тапсырмаға бір ұпайдан беріледі. Осыдан кейін әр кесте және әр серия бойынша ұпайлардың жалпы саны есептеледі. Алынған жалпы көрсеткіш сыналушының интеллектуалдық күшінің, ақыл–ой өнімділігінің индексі болып саналады (Кілт)

Алынған ұпайлардың жалпы қосындысы есептеледі (сыналушы жоғары 60 балл алуы мүмкін) сонымен қатар бес серияның әрқайсысына берілген дұрыс жауап саны анықталады.

Балдардың жалпы қосындысы сыналушының интеллектуалдық қабілетін анықтайды.

Әрбір серия бойынша дұрыс жауаптардың күтілетін нәтижелерінің кестесі бар.

Алынған қосынды көрсеткіш арнайы кесте бойынша пайызға айналдырылады. Мұнда арнайы шкала бойынша интеллектуалдық даму дәрежесінің бес деңгейі ажыратылады:

1 деңгейі - 95% жоғары – жоғары интеллект;
2 деңгейі - 75-94% - орташадан жоғары интеллект;
3 деңгейі 25-74% - орташа интеллект;
4 деңгейі - 5-24% - орташадан төмен интеллект;
5 деңгейі - 5% төмен кемістік.

Кілт

№	A субтест	B субтест	C субтест	D субтест	E субтест
1	4	2	8	3	7
2	5	6	2	4	6
3	1	1	3	3	8
4	2	2	8	7	2
5	6	1	7	8	1

6	3	3	4	6	5
7	6	5	5	5	1
8	2	6	1	4	6
9	1	4	7	1	3
10	3	3	6	2	2
11	4	4	1	5	4
12	5	5	2	6	5

Ұпайды қайта сақтау кестесі

Ұпаймен Бағалау	9	8	7	6	5	4	3	2	1
Ұпай қосындысы	143	129-	115	101	87	73	59	45	44
Дұрыс жауап		142	128	114	100	86	72	58	

Ұпайлардың қалыпты үйлесімі.

Күтілген	Субтест	Ұпай қосындысы									
		10	15	20	25	30	35	40	45	50	55
Әр серия бойынша ұпайлар саны	А	6	8	9	10	10	10	10	11	12	12
	Б	2	4	6	7	8	8	9	10	11	11
	В	1	2	3	4	6	7	8	10	10	11
	Г	1	1	2	3	4	7	9	9	10	11
	д	0	0	0	1	2	3	4	5	7	10

Дұрыс жауаптар саны Серия	**A**	**B**	**C**	**D**	**E**	**IQ**	**Диагноз**
15	8	4	2	1	0	62	Идиотия 0-20
16	8	4	3	1	0	65	Имбецильділік 21-25
17	8	5	3	1	0	65	Орташа дебильдік 51-
18	8	5	3	2	0	66	70
19	8	6	3	2	0	67	
20	8	6	4	2	0	69	1.
21	8	6	4	2	1	70	
22	9	6	4	2	1	71	Дебильдіктің жеңіл
23	9	7	4	2	1	72	дәрежесі 71-80
24	9	7	4	3	1	73	
25	10	7	4	3	1	75	
26	10	7	5	3	1	76	
27	10	7	5	4	1	77	
28	10	7	6	4	1	79	2.
29	10	7	6	5	1	80	

30	10	7	6	5	2	82	Орташадан төмен 82-
31	10	7	7	5	2	83	90
32	10	8	7	5	2	84	
33	11	8	7	5	2	86	
34	11	8	7	6	2	87	3.
35	11	8	7	7	2	88	
36	11	8	8	7	2	90	
37	11	9	8	7	2	91	Орташа 91-100
38	11	9	8	8	2	92	
39	11	10	8	8	3	94	
40	11	10	8	8	3	95	
41	11	10	9	8	3	96	
42	11	10	9	9	3	98	
43	12	10	9	9	3	99	4.
44	12	10	9	9	4	100	
45	12	10	9	9	5	102	Қалыпты 101-110
46	12	10	10	9	5	104	
47	12	10	10	9	6	106	
48	12	11	10	9	6	108	5.
49	12	11	10	10	6	110	
50	12	11	10	10	7	112	Орташадан жоғары
51	12	11	11	10	7	114	112- 120
52	12	11	11	10	8	116	
53	12	11	11	11	8	118	6.
54	12	12	11	11	8	120	
55	12	12	11	11	9	122	Жоғары
56	12	12	12	11	9	124	Сирек кездесетін
57	12	12	12	11	10	126	қабілет 121-130
58	12	12	12	12	10	128	
59	12	12	12	12	11	130	7
60	12	12	12	12	12	140	


Жауап парағы


Аты жөні (№)

Тапсырма №	**A**	**B**	**C**	**B**	**E**
1					
2					
3					
4					


5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					


Стимулдық материалдар







A2








A3






A4
1
2
3
4
5
6



A5
1
2
3
4
5
6
A6
1
2
3
4
5
6



A7
1
2
3
4
5
6
A8
1
2
3
4
5
6



A9
1
2
3
4
5
6



A10
1
2
3
4
5
6



A11
1
2
3
4
5
6



A12
1
2
3
4
5
6



B3
1
2
3
4
5
6



B4
1
2
3
4
5
6



B5
1
2
3
4
5
6



B6
1
2
3
4
5
6



B7
1
2
3
4
5
6



B8
1
2
3
4
5
6



B9
1
2
3
4
5
6



B10
1
2
3
4
5
6



B11
1
2
3
4
5
6



C1
1
2
3
4
5
6
7
8



D1
1
2
3
4
5
6
7
8



C2
1
2
3
4
5
6
7
8


C3
1
2
3
4
5
6
7
8
C4
1
2
3
4
5
6
7
8



C5
1
2
3
4
5
6
7
8
C6
1
2
3
4
5
6
7
8



C7
1
2
3
4
5
6
7
8
C8
1
2
3
4
5
6
7
8


C9
1
2
3
4
5
6
7
8
C10
1
2
3
4
5
6
7
8





C11







C12






D1
1
2
3
4
5
6
7
8
D2
1
2
3
4
5
6
7
8


D3
1
2
3
4
5
6
7
8
D4
1
2
3
4
5
6
7
8





D5








D6






D7



1
2
3
4
5
6
7
8



D8


1
2
3
4
5
6
7
8



D9
1
2
3
4
5
6
7
8
D10
1
2
3
4
5
6
7
8



D11
1
2
3
4
5
6
7
8
D12
1
2
3
4
5
6
7
8


E1
1
2
3
4
5
6
7
8
E2
1
2
3
4
5
6
7
8





E_3








E_4





E5



1
2
3
4
5
6
7
8



E6


1
2
3
4
5
6
7
8





E_7







E_8







E9






E10





E11



Жеткіншектердің интеллектуалдық даму деңгейін анықтау тесті (ШТУР тестінің жеткіншектерге арналған модификациясы)

Мақсаты: орта буын оқушыларының интеллектуалдық даму деңгейін және жалпы мағлұматтылығын бағалау.

Бұл тест төрт субтестен тұрады. Субтестілер тапсырмалары жеке-жеке жауап парақтарына түсіріледі және әр субтестіге жеке жауап парақ даярланады. Тапсырмаларды орындату алдында балаларға оның ережесі түсіндіріледі. Сонан соң жауап парақтар көрсетіліп, оған белгіні қалай түсіру керек екені айтылады. Бірінші тапсырманы орындау уақыты аяқталғаннан соң тапсырма парағы мен жауап парақты жинап алып, екінші субтест тапсырмалары мен жауап парағы беріледі.

1 субтест

Орындау ережесі: Әр тапсырмада бес сөз берілген. Олардың төртеуі ортақ қасиеттермен сипатталады, ал бесіншісі тек өзіне тән көрсеткіштермен ерекше болып тұр. Сол сөз артық деп аталады. Артық сөзді тауып оның әріптік белгісін жауап парақшасында көрсету керек.

Мысалы: а) кірпіш; б) тас; в) балшық; г) әк; д) үй.

Бұл қатарда алғашқы төрт сөз құрылыс материалдары, ал соңғы сөз (д)үй) - артық, сондықтан осы сөздің әріптік белгісін (д) жауап парақта көрсету керек.

Орындау уақыты 7 минут.

Тапсырмалар

а) тәрелке; б) кесе; в) үстел; г) қазан; д) шәугім. а) жүру; б) секіру; в)билеу; г) отыру; д) жүгіру.

а) биік; б) аласа; в) сымбатты; г) өсімтал; д) ергежейлі. а)қыл қалам; б) қаламсап; в) қалам; г) фломастер; д) сурет. а) алма; б) алмұрт; в) алхоры; г) қарақат; д) шабдалы.

а) шаршы; б) шеңбер; в) эллипс; г) доға; д) қисық.

а) мұғалім; б) оқушы; в) жаттықтырушы; г) профессор; д) доцент. а) көру; б) есту; в) жазу; г) сезу; д) иіскеу.

а) батыр; б) қорқақ; в) ержүрек; в) қабілетті; г) талантты; д) жасқаншақ. а) шекара; б) көпір; в) достық; г) ерлі-зайыптылық; д) бекіткіш.

а) ұқыптылық; б) жігер; в) тырысушылық; г) тазалық; д) адалдық. а) Арман; б) Үсен; в) Сәкен; г) Асанбаев; д) Жұман.

а) ақ қайың; б) қарағай; в) емен; г) шырша; д) раушан. а) қара-қоңыр; б) ашық; в) көк; г) жарық; д) күңгірт.

а) жақын арада; б) үнемі; в) шапшаң; г) асығыс; д) жылдам.

2 субтест

Орындау ережесі: Тапсырманың бірінші қатарында 3 сөз берілген. Бірінші екі сөздің арасында қандай да бір байланыс

бар. Ал екінші қатарда берілген бес сөздің біреуі бірінші қатардағы үшінші сөзбенен байланысты. Осы сөзді тауып оның әріптік белгісін жауап параққа жазу керек.
Мысалы: Орман: ағаш — кітапхана: ?
А)жазушы; б)әңгіме; в)кітапхана; г)кітап; г)каталог. Орындау уақыты 6 минут.

Тапсырмалар

Орман: ағаш - кітапхана: ?
а) жазушы; б) әңгіме; в) кітапхана; г) кітап; д) каталог.
Қайырымды: мейірімсіз: - күн: ?
а) күн; б) түн; в) апта; г) сәрсенбі; д) тәулік. Мектеп: оқу - аурухана: ?
А) дәрігер; б) оқушы; в) ғимарат; г) емдеу; д) ауру.
Ән: керең - сурет: ?
а) ақсақ, б) соқыр; в) суретші; г) сурет; д) бояу жаққыш
Пышақ: болат - стол: ?
А) шанышқы; б) орындық; в) таға; г) дастархан; д) ағаш.
Балық: тор -шыбын:?
А) тор шабақ; б) маса; в) бөлме; г) ызыңдау; д) өрмекші өрнегі.
Құс: ін - адам: ?
а) адамдар; б) балапан; в) үй; г) жұмысшы; д) есік. Пальто: түйме — бәтеңке: ?
А)тігінші; б) дүкен; в) аяқ; г) бауы; д) бас киім. Шалғы: шөп - ұстара: ?
А) шөп; б) шаш; в) өткір; г) болат; д) аспан. Аяқ: етік - қол: ?
А) мәсі; б) жұдырық; в) саусақ; г) білезік; д) қолғап. Су: құрғақшылық - тағам: ?
А) аштық; б) ішу; в) нан; г) ауыз; д) тамақ. Паравоз: вагондар - ат: ?
А) поезд; б) жылқы; в) жем; г) арба: д) қора. Жүргізу: тұру — айқайлау: ?
А) үндемеу; б) еңбектеу; в) шулау; г) шақыру; д) жылау.
Қасқыр: арлан - құс: ?
а) ауа; б) тұмсық; в) бұлбұл; г) жұмыртқа; д) жылау. Темір: ұста — ағаш: ?
А) ағаш түбірі; б) ара; в) ағаш шебері; г) теннис алаңы; д) бұтақ.

3 субтест

Орындау ережесі: Тапсырманың бірінші қатарындағы сөзді анықтайтын екі сөзді екінші қатарда берілген бес сөздің ішінен тауып, олардың әріптік белгілерін жауап параққа жазу керек.
Мысалы: Бақ:
А) орман; б) бақша; в) жеміс ағаштар; г) тал; д) шөптер. Дұрыс жауабы; в) жеміс ағаштары және д) шөптер.

Орындау уақыты 5 минут.

Тапсырмалар

Өзен:
а) жаға; б) балық; в) балықшы; г) су өсімдіктері; д) су. Қала:
а) көлік; б) ғимарат; в) тобыр; г) көше; д) велосипед. Сарай:
А) пішен сарай; б) жылқы; в) шатыр; г) мал; д) қабырғалар
Кітап оқу:
А) мөр; б) кітап; в) шағын сурет; г) көз; д) сөз. Ойын:
А) карталар; б) ойыншылар; в) айыптар; г) жазалар; д) ережелер. Соғыс:
А) аэроплан; б) зеңбіректер; в) атыс; г) мылтық; д) сарбаздар.
Кітап:
а) қағаз; б) суреттер; в) өнер; г) мәтін; д) мөр. Ән айту:
а) дыбыс; б) көрермендер; в) дауыс; г) ән ырғағы; д) қол шапалақтау. Спорт:
А) медаль; б) оркестр; в) жарыс; г) стадион; д) жеңіс. Емхана:
А) бөлме; б) бақ; в) радио; г) дәрігер; д) науқастар.

4 субтест

Орындау ережесі: Тапсырмада ортақ қасиеттермен сипатталатын заттар мен құбылыстарды білдіретін екі сөз берілген. Олардың анықтамасын немесе жалпылап көрсететін ұғымды тауып оны жауап параққа жазу керек.
Мысалы: Шырша - қарағай.
Дұрыс жауабы: Қылқан жапырақты ағаштар. Орындау уақыты 6 минут.
Тапсырмалар Ұл — қыз.
Повесть — кинофильм. Ысқырық — шу.
Аштық — құрғақшылық. Автокөлік — ұшақ.
Құрбақа - жылан. Жаңбыр - бұршақ
Жаратылыстану — математика. Ертегі — аңыз.
Бөлу — алу. Мұрын - құлақ.

5 субтест

Тапсырмалар сұрақ сипатындағы сөйлемдерден тұрады. Олардың әрқайсысында бір сөз жетіспейді. Сіз төмендегі бес сөзден осы сөйлемді толықтыратын дұрыс сөздің астын сызуыңыз керек. Тек бір сөзді атап өтуге болады.

Мысал: «Батырлық» және «…» сөзінің мағынасы бірдей?

а) оқиға, Б) ерлік, в) өмір. г) кітап, Д) жазушы.

Дұрыс жауап – «ерлік»сөзі. Сондықтан ол ерекше.

Келесі мысал: «Теріс» сөзіне қарама-қарсы « » сөз болып табылады.

а) сәтсіз, б)даулы, в) маңызды, г) кездейсоқ, д) оң.

Бұл жағдайда дұрыс жауап - "оң"сөзі. Оның асты сызылған.

1.Аты мен әкесінің бастапқы әріптері…….деп аталады
а) вензель, Б) инициалдары, в) қолтаңба, г) индекс, д) анаграмма.

2. Қысқаша жазба, кітаптың, дәрістің, баяндаманың мазмұнын қысқаша баяндау-бұл
…. деп аталады.
а) абзац, Б) дәйексөз, в) айдары, г) үзінді, д) конспект.

3. Табиғат пен қоғамға көзқарастар жүйесі бар, бұл-... .
а) Арман, б) бағалау, в) дүниетаным, г) ой өрісі, д) елесін.

4. Гуманды — бұл... .
а) қоғамдық, Б)адамгершілік, в) кәсіби, г) агрессивті, д) немқұрайды.

5. Жануарлардың ең жақсы тұқымдары мен өсімдік сорттарын шығару туралы ғылым ……деп аталады .
а) бионика, б) химия, в) селекция, г) ботаника, д) физиология.

6. Демократия мен …. сөздерінің мағынасы бірдей .
а) анархия, Б) абсолюттік, в) халық билігі, г) династия, д) сынып.

7. Адам өмірі мен қызметіне қатысты заңдар жинағы деп аталады...?
а) қарар, Б) қаулы, в) дәстүр, г) кодекс, д) жоба.

8. «Екіжүзділік» сөзіне мағынасы қарама қарсы сөзі «…..» болып табылады.
а) шынайы, б) қарама-қайшы, в) жалған, г) сыпайы, д) шешуші.

9. Егер дау өзара жеңілістермен аяқталса, онда ол туралы айтады ...?
а) ымыраға келу, Б) қарым-қатынас, в) біріктіру, г) келіссөздер, д) қайшылықтар.

10. Қоршаған ортаға деген қызығушылық пен белсенділіктің болмауы-бұл...?
а) рационалдылық, б) енжарлық, в) сезімталдық, г) қарама-қайшылық, д) қарттылық.

11) Көп білу, танымның терең әрі кең болуы-бұл ...?
а) зияткерлік, б) тәжірибе, в) эрудиция, г) талант, д) әсер етуі.

12. Этика-бұл …. туралы ілімі.
а) психика, б) мораль, в) табиғат, г) қоғам, д) өнер.

13. «Сәйкестік» пен «……» ұғымдарының мағынасы бірдей болады .
а) біртектілік, б)жалғыздық, в)әсерлілік, г) әртүрлі, д) оқшауланған.

14. Өркениет-бұл ...?
а) формация, б) ежелгі, в) өндіріс, г) мәдениет, д) қарым-қатынас.

15. Оппозиция-бұл ...?
а) қарсы әрекет, б) келісім, В) пікір, г) саясат, д) шешім.
16. Прогреске күмәнданатын адам ……. болып табылады ...?
а) демократия, б) радикал, в) консерватор, г) либерал, д) анархист.
17. «Басымдық» және «……» мағынасы бірдей сөздер?
а) өнертабыс, б) идея, в) таңдау, г) біріншілік, д) басшылық.
18. Коалиция-бұл ...?
а) бәсекелестік, б) саясат, в) дұшпандық, г) алшақтық, д) бірлестік.
19. «Альтруизм» және «…..» мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздер.
а) адам сүйгіштік, б) өзара қарым-қатынас, в) сыпайылық, г) өзімшілдік, д) адамгершілік.
20. Тәуелділіктен, жаңсақ нанымдардан босану, құқық теңдігі-бұл ... .
а) заң, б) эмиграция, в) шақыру, г) әрекет, д) эмансипация.

6 субтест

Белгілі бір ереже бойынша орналасқан сандар қатарын ұсынамыз. Сіздің міндетіңіз-тиісті қатардың жалғасы болатын санды анықтау және оны жазу. Әрбір қатар ереже бойынша орналасқан.Кейбір тапсырмаларда қатарды орналастыру ережесі бойынша сізге көбейту, бөлу және басқа да амалдарды орындау қажет болады.
Мысал: 2 4 6 8 ...
Бұл қатарда әрбір келесі сан алдыңғы саннан 2 артық. Сондықтан келесі сан 10 болады. Оны жазу керек.
Келесі мысал: 9 7 10 8 11 9 12
Бұл қатарда кезекпен 2 шегеріледі және 3 қосылады. Келесі сан 10 болуы керек. Оны жазу керек.9-2 =7, 7+3=10, 10-2=8, 8+3=11, 11-2=9, 9+3=12

6 субтест

1) 6 9 12 15 18 21...
2) 9 1 7 1 5 1...
3) 2 3 5 6 8 9...
4) 10 12 9 11 8 10...
5) 1 3 6 8 16 18...
6) 3 4 6 9 13 18...
7) 15 13 16 12 17 11...
8) 1 2 4 8 16 32...
9) 1 2 5 10 17 26...
10) 1 4 9 16 25 36...

11) 1 2 6 15 31 56...
12) 31 24 18 13 9 6...
13) 174 171 57 54 18 15...
14) 54 19 18 14 6 9...
15) 301 294 49 44 11 8...

ШТУР тестінің кілті

1-субтест	2-субтест	3-субтест	5- субтест	6- субтест
1.в)үстел;	1.г)кітап;	1.а)жаға, д)су.	1.6	1.24
2.г)отыру;	2.б)түн;	2.б)ғимарат, г)көше	2.д	2.3
3.в)сымбатты;	3.г)емдеу;	3.в)шатыр,	3. в	3.11
4.д)сурет;	4.б)соқыр;	4.б)кітап, г)көз,	4.6	4.7
5.г)қарақат;	5.д)ағаш;	5) ойыншылар,	5. в	5.36
6.а)квадрат;	6.д)өрмекші өрнегі,	6.в)атыс, д)сарбаздар.	6. в	6.24
7.б)оқушы;	7.б)үй;	7.а)қағаз, г)мәтін.	7. г	7.18
8.в)жазу;	8.г)бау;	8.в)дауыс, г)ән ырғағы.	8. а	8.64
9.г)талантты;	9.в)шаш;	9.в)жарыс, д)жеңіс.	9. а	9.37
10.а)шекара;	10.д)қолғап;	10.а)бөлме, г)дәрігер.	10. б	10.49
11.б)жігер;	11.а)аштық.		11. в	11.92
12,г)Асанбаев;	12.г)арба.		12.6	12.4
13.г)шырша;	13.а)үндеу.		13. г	13.5
14.в)көк;	14.б)тұмсық.		14. г	14.2
15.б)үнемі;	15.в)ағаш шебері.		15. а	15.4
			16. в	

			17. г	
			18. д	
			19. а	
			20. д	

4-субтесттің дұрыс жауаптары (кілті)

	2 ұпай	1 ұпай	0 ұпай
1.	Балалар, адамдар.	Оқушылар.	Басқа жауап.
2.	Өнер туындылары.	Шығармашылық.	Басқа жауап.
3.	Дыбыс.	Айқай-шу, ашу.	Басқа жауап.
4.	Физиологиялық жағдай, күй.	Жоқтық, ашаршылық.	Басқа жауап.
5.	Көлік, транспорт.	Көлік	Басқа жауап.
7.	Қосмекенді	Жануарлар.	Басқа жауап.
8.	Ғылым салалары.	Әдебиет.	Басқа жауап.
9.	Халық ауыз әдебиеті, шығармалар.	Әдебиет.	Басқа жауап.
10.	Математикалық	Таңбалар.	Басқа жауап.
11.	Сезім мүшелері.	Бас мүшелері.	Басқа жауап.

Бағалау шкаласы

Бірінші үш субтестке берілген дұрыс жауаптардың әрқайсысы бір ұпай деп бағаланады. Жалпы жинаған ұпайлар дұрыс жауаптар санымен есептеледі. Төртінші субтест жауаптарының мазмұны кілт кестесінде көрсетілген жауаптардың қайсы нұсқасына сай келсе сол бағандағы ұпай бойынша бағаланады. Интеллектуалдық дамудың жалпы көрсеткіші төрт субтест бойынша жинаған ұпайлардың қосындылары бойынша шығарылады.

35-40 ұпай — жоғары; 30-34 ұпай — жақсы; 25-29 ұпай — орта;

20-24 ұпай - төмен;

1-19 ұпай — өте төмен.

Сынып оқушыларының неше пайызы жоғары, қаншасы жақсы, орта және төмен көрсеткішке ие болғанына байланысты олардың жалпы мағлұматтылығын және оқытудың сапасын болжамдауға болады.

Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін анықтау

әдістемесі

ВЕРБАЛЬДЫ СУБТЕСТ

I субтест

НҰСҚАУ:

Берілген бес сөздің ішінен дұрыс жауапты тап?

1. Эволюция —дегеніміз бұл... тәртіп, уақыт, тұрақтылық, кездейсоқтық, даму.
2. Жанданған қуанышты көңіл-күйде әлемді қабылдау дегеніміз —бұл... қайғы, тұрақтылық, оптимизм, сентиментальды, енжарлық.
3. «Биография» терминологиясы бұл ... , ерлік , өмір жолы, кітап, ақын.
4. Тіл мен әдебиеттің байланыстық жиынтығы бұл —... логика, социология, филология, эстетика, философия.
5. «Жағымсыз» сөзінің қарама-қарсы баламасы бұл... бақытсыз, спорт, маңызды, кездейсоқтық, жағымды.
6. 10 күнге тең келетін уақыт аралығы аталады... декада, каникулы, апта, семестр, квартал.
7. Ғасыр дегеніміз бұл — ... тарих, жүз жылдық, оқиға, прогресс, мың жылдық.
8. Зияткерлік дегеніміз бұл — ... тәжрибелі, ақылды, маңызды, жақсы, табысты.
9. Ироникалық (кенесінді) бұл — ... жұмсақ, күлкілі, көңілді, шындық, күлдіргі.
10. Объективтік бұл — ... бейтарап, жарамды, саналы, ақылды, маңызды.

II субтест

Нұсқау:

Берілген сөздердің ішінен артық сөзді тап:

1**. Жапырақ, бүршік, дің, қабығы, бұтақ.**
2. Кейін, бұрын, кейде, үстіне, кейінірек.
3. Тонау, ұрлық, жер сілкінісі, өрт қою, бассалу.
4. Батыр, ержүрек, батыл, ашулы, сенімді.
5. Бақытсыздық, уайым, жеңіліс, сәтсіздік,апат.
6. Глобус, меридиан, полюс, параллель, экватор.
7. Шеңбер , үшбұрыш, трапеция, тік төрт бұрыш, төрт бұрыш.
8. Қайың, қарағай, емен, сирень, шырша.
9. Секунд, сағат, жыл, жел, апта.
10. Қараңғы, жарық, көгілдір, ашық, көмескі.

III субтест

Нұсқау:

Бірінші және екінші сөз арасында байланыс бар. Үшінші сөзбен кейінгі сөз арасында да байланысатын сөзді тап және

астын сыз.
1. Жақсылық/жамандық = күндіз/ күн, түн, апта, сәрсенбі, күндік.
2. Балық / майшабақ = шыбын / тор, өрмекші ,шіркей, өрмек, ызыңдау.
3. Нан/ наубаушы = үй/ вагон, қала, есік, құрылысшы, там.
4. Су/ шөлдеу = тағам/ сусын, молшылық, аштық, ас, нан.
5. Үстіңгі/ астыңғы = солға/ артқы, оңға, алдыңғы, жаңға, қатар.
6. Таң/кеш = қыс/ аяз, күн, қаңтар, күз, шана.
7. Мектеп/білім алу = емхана/ дәрігер, науқас, агенттік, емдеу, ауру.
8. Шөп/ ору = қыру/ тары, шаш, өткір, болаттан жасалған, құрал.
9. Жүгіру/тоқтау = айғайлау/ үнсіздік, еңбектеу, шулау, шақыру, жылау.
10. Сөз/ әріп = сөйлем/ одақ, сөйлем, сөз, үтір, дәптер.

IV субтест

Нұсқау:

Екі сөз берілген, арасындағы байланысты анықтап, бір сөзбен ата:
1. Махаббат, жек көру.
2. Елтаңба, жалау.
3. Барометр, термометр.
4. Қолтырауын, тасбақа.
5. Жерсілкінісі, ажал.
6. Рим, Вашингтон.
7. Көбейту, бөлу.
8. Шығарма, әңгіме.
9. Африка, Антарктида.
10. Күн, түн

Кілт:

№	I Субтест	II Субтест	III Субтест	IV Субтест
1	д	г	б	Сезім
2	в	г	д	Символ (белгі)
3	в	в	г	Өлшеу құралдары
4	в	г	в	Бауырмен жорғалаушылар
5	д	б	б	Табиғи апат
6	а	а	г	Қала астанасы

7	б	а	г	Математикалық іс-шара
8	б	г	б	Проза, әдебиеттік жанр
9	б	г	а	Құрлық
10	а	в	в	Тәулік уақыты

Жауап парағы

Аты-жөні_____күні _____

сыныбы_____

Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін анықтау әдістемесі

I субтест

НҰСҚАУ:
Берілген бес сөздің ішінен дұрыс жауапты тап?
1.Эволюция — дегеніміз бұл...
а)тәртіп, б)уақыт, в)тұрақтылық, г)кездейсоқтық, д)даму.

2. Жанданған қуанышты көңіл-күйде әлемді қабылдау дегеніміз — бұл...
а)қайғы, б)тұрақтылық, в)оптимизм, г)сентиментальды, д)енжарлық.

3. «Биография» терминологиясы бұл ... ,
а)ерлік , б)өмір жолы, в)кітап, г)ақын.

4. Тіл мен әдебиеттің байланыстық жиынтығы бұл —...
а)логика, б)социология, в)филология, г)эстетика, д)философия.

5. «Жағымсыз» сөзінің қарама-қарсы баламасы бұл...
а)бақытсыз, б)спорт, в)маңызды, г)кездейсоқтық, д)жағымды.

6. 10 күнге тең келетін уақыт аралығы аталады...
а)декада, б)каникулы, в)апта, г)семестр, д)квартал.

7. Ғасыр дегеніміз бұл — ...
а)тарих, б)жүз жылдық, в)оқиға, г)прогресс, д)мың жылдық.

8. Зияткерлік дегеніміз бұл — ...
а)тәжрибелі, б)ақылды, в)маңызды, г)жақсы, д)табысты.

9. Ироникалық (кенесінді) бұл — ...
а)жұмсақ, б)күлкілі, в)көңілді, г)шындық, д)күлдіргі.

10. Объективтік бұл — ...
а)бейтарап, б)жарамды, в)саналы, г)ақылды, д)маңызды.

II субтест

Нұсқау:
Берілген сөздердің ішінен артық сөзді тап:
1. а)Жапырақ, б)бүршік, в)қабық, г)қабыршақ, д)бұтақ.
2. а)Кейін, б)бұрын, в)кейде, г)үстіне, д)кейінірек.
3. а)Тонау, б)ұрлық, в)жер сілкінісі, г)өрт қою, д)бассалу.
4. а)Батыр, б)ержүрек, в)батыл, г)ашулы, д)сенімді.
5. а)Бақытсыздық, б)уайым, в)жеңіліс, г)сәтсіздік, д)апат.
6. а)Глобус, б)меридиан, в)полюс, г)параллель, д)экватор.
7. а)Шеңбер, б)үшбұрыш, в)трапеция, г)тік төрт бұрыш, д)төрт

бұрыш.
8. а)Қайың, б)қарағай, в)емен, г)сирень, д)шырша.
9. а)Секунд, б)сағат, в)жыл, г)жел, д)апта.
10. а)Қараңғы, б)жарық, в)көгілдір, г)ашық, д)көмескі.

III субтест

Нұсқау:
Бірінші және екінші сөз арасында байланыс бар. Үшінші сөзбен кейінгі сөз арасында да байланысатын сөзді тап және астын сыз.

1. Жақсылық/жамандық = күндіз/а)күн, б)түн, в)апта, г)сәрсенбі, д)күндік.
2. Балық / майшабақ = шыбын / а)тор, б)өрмекші , в)шіркей, г)өрмек, д)ызыңдау.
3. Нан/ наубаушы = үй/ а)вагон, б)қала, в)есік, г)құрылысшы, д)там.
4. Су/ шөлдеу = тағам/ а)сусын, б)молшылық, в)аштық, г)ас, д)нан.
5. Үстіңгі/ астыңғы = солға/ а)артқы, б)оңға, в)алдыңғы, г)жаңға, д)қатар.
6. Таң/кеш = қыс/ а)аяз, б)күн, в)қаңтар, г)күз, д)шана.
7. Мектеп/білім алу = емхана/ а)дәрігер, б)науқас, в)агенттік, г)емдеу, д)ауру.
8. Шөп/ ору = қыру/ а)тары, б)шаш, в)өткір, г)болаттан жасалған, д)құрал.
9. Жүгіру/тоқтау = айғайлау/ а)үнсіздік б) еңбектеу, в)шулау, г)шақыру, д)жылау.
10. Сөз/ әріп = сөйлем/ а)одақ, б)сөйлем, в)сөз, г)үтір, д)дәптер.

IV субтест

Нұсқау:
Екі сөз берілген, арасындағы байланысты анықтап, бір сөзбен ата:

1. Махаббат, жек көру._____
2. Елтаңба, жалау._____
3. Барометр, термометр._____
4. Қолтырауын, тасбақа._____
5. Жерсілкінісі, ажал._____
6. Рим, Вашингтон._____
7. Көбейту, бөлу._____
8. Шығарма, әңгіме._____
9. Африка, Антарктида._____
10. Күн, түн._____

Корректуралық таңдау

Мақсаты: оқушы зейінінің қасиеттерін анықтау.
Нұсқау: зейінді зерттеу үшін (8,14,18) орта кітап көлеміндей бір парақ қағаз қолданылады. Онда әріптер қатары аралас орналасқан.
Осы кесте бойынша зейіннің 2 көрсеткіші айқындалады: нәтижелік және тұрақтылық, көңіл бөлушілік және ауысуы. Нәтижелік және тұрақтылық зейінді бағалауда сыналушы мәтіннен кез-келген әріпті табу және сызу тапсырмасын алады.
Осы әдістеме көмегімен зейінің бөлінуі және ауысуын бағалауда сыналушы күрделі тапсырма алады: 5 минут жұмыс істегенде, 1 минутта 2 түрлі әріпті тауып оны сызу, келесі минутта – 2 басқа әріпті, келесі 3 минутта – қайтадан бірінші екеуін, және тағы да солай 5 минут өткенше жалғастырады. Жұмыс барысында оған 2 әріп арасында зейіннің бөлінуін 2 әріп арасында, әр минут сайын 2 басқа әріп іздеуге зейінді ауыстыру керек (Кесте 1).

Нәтижелерді өңдеу және бағалау


Нәтижелерді өңдеу және бағалауда графиктегі заттар саны анықталады. 2,5 минут ішінде оқушының қараған, орындаған тапсырмасы және 30 секунд арасындағы көрсетілген саны алынады.
Алынған мәліметтер мына формула бойынша есептеледі, яғни оқушы зейінінің екі қасиеті: нәтижелігі және тұрақтылығының дамуын көрсетеді:

$$S = \frac{0{,}5N - 2{,}8\ п}{t}$$

S = зерттелушінің зейінінің: нәтижелігі және тұрақтылық көрсеткіші;
№=1 – кестеде бейнеленген заттардың саны, жұмыс кезінде оқушының қараған заттарының саны;
t= жұмыс уақыты;
п=қателер саны, яғни жұмыс кезінде жіберген қателері.
Сандық талдауда жоғарыдағы формула бойынша 6 көрсеткіш анықталады: біреуі - әдістемемен жұмыс уақыты (2,5 минут), ал қалғаны - әрқайсысына 30 секундтық үзіліс. Ауыспалы t өлшемі 150 және 30 деген мағына ретінде қолданылады. Барлық S көрсеткіші бойынша, мынандай түрдегі график құрылады. Бұл графикті талдау арқылы оқушы зейінінің нәтижелігі және тұрақтылық қасиеттерінің уақыт бойынша өзгеру динамикасын көруге болады.

«Корректуралық таңдау» әдістемесінің бланкісі

с х а в с х е в и х н а и с х н в х в к с н а и с е х в х е н а и с н в н х и в с н а в с
а в с н а е к х к и к х е к х е к в к х а к х н с к а и с в е к в х н х и в х к е а х в к
е с в с н а и с а и с н а н х и с х в х е к в х и в х е и с н е и н а и е н к х к и к х
е к в к х а к х н с к а и с в е к в х н а и с н х е к х и с н а к с к в х к в и с н а и к
а е х к и с н а и к х е х е и с н а х к е к х в и с н а и с н а и с в н к х в а и с н а х
е к е х с н а к с в е е в е а и с н а к х к е к н в и с н к в е х с н а и с к е с и к н а
е с н к х к в и а и с н а е х к в е н в х к е а и с н к а и к н в е в н к в х а в е и к а
х в е и в н а х и е н а и к в и е а к е и в а к с в е и к с н а в н к е с н к с в х и е с
в х к н в в с к в е в к н и е с а в и е х е в х е и в к а и с н а с н а и с х а к в н н а
к с х а и е н а с н а и с е в х к х с н е и с н а и с н к в к х в е к е в к в н а и с н а
и с н а в с н а х к а с е с н а и с е с х к в а и с н а с а в к х с н е и с в и к в е н а
и е н е к х а в и х н в и х к х е х н в и с н в с е а х н к е х в и в н а е и с н в и а
е в а е н х в х в и с н а е и е к а и к е и с н е с а е и х в к е в е и с н а е а и с н к
в е х и к х н к е к х к и к х е к в к х а и в н а к и с х а н е и с н е а к а е к х е в с
к х е к х н а и с н к в е в е с н а и с е к х е к и с н е и с н в и е х к в х е и в н а к
и с х а и е в к е в к и е х е в х в к с и с н а и а и е н а к с х к и в х н и к и с н а
и в е с н а с н а и к в е х а к в к е с в к с н х и а с н а к с х к х в х е а е с к и с н
а и е х к е х к е и х н в х а к е и с н а и к х в с х н в и е х с н а н и с а к в с н х
в е с х а и с н а е н к и с х к е х в х в с к х е к х е к н а и в к в к х е х и с н а и х
к а х е н а и е н и к в к е е х в к в и е х а и е х е к в с н е и е с в н е в и с н а е а
х н х к и с н а и е и н е в и с н а и в е в х с и с в а и е в х е и х с к е и к в е х в а



«Корректуралық таңдау» әдістемесіндегі зейінінің: нәтижелігі және тұрақтылық динамикасын көрсететін график нұсқалары

Графикте бұл әдістеме бойынша анықталған оқушының зейінін зерттеу негізінде алынған әр түрлі қисық сызықтар көрсетілген. Осы қисық сызықтардың талдауы мынандай:

1. - · - · - · - типтегі қисық сызық түрі, зейіннің өте жоғары нәтижелігі және тұрақтылығының графигі
2. ····· ұсынылған қисық сызық түрі, төмен нәтижелігін, бірақ зейіннің тұрақтылығын көрсетеді
3. - - - - - типтегі сызық түрі, зейіннің орташа нәтижелігі мен тұрақтылығын көрсететін график.
4. _____сызық түрі, зейіннің орташа нәтижелігі мен зейіннің тұрақсыздығын көрсетеді.
5. -------- сызығы орташа нәтижелігі пен зейіннің шектен тыс тұрақсыздығын көрсетеді

Нәтижені өңдеу және талдау: Графикке сызған кезде

нәтижелілік пен тұрақтылық (әрқайсысы жеке) ондық ұпай жүйесімен төмендегідей ұпайлармен есептеледі:
10 ұпай - S көрсеткіші 1,25 ұпайдан жоғары.
8-9 ұпай - S көрсеткіші 1,00-ден – 1,25 ұпай аралықта кездеседі.
6-7 ұпай - S көрсеткіші 0,50-мен – 0,75 ұпай аралығында
4-5 ұпай - S көрсеткіші 0,24-тен – 0,50 ұпай аралығында.
Зейін тұрақтылығы өз кезегінде ұпай түрінде былай бағаланады:
10 ұпай – графиктің барлық нүктелері 1 аймақ шегінен шықпайды, график өз формасын 1-қисықпен еске түсіреді.
8-9 ұпай - графиктің барлық нүктелері 2 аймақта, 2 қисықта орналасқан.
6-7 ұпай - графиктің барлық нүктелері 3 аймақта орналасқан, ал, қисық 3- графикке ұқсас.
4-5 ұпай - графиктің барлық нүктелері 4 аймақта орналасқан, ал оның қисығы 4- графикке ұқсас.
3 ұпай - графиктің барлық нүктелері 5 аймақта орналасады, ал оның қисығы 5- графикке ұқсас.
Даму деңгейі:
10 ұпай - зейіннің нәтижелілік және тұрақтылық деңгейі өте жоғары;
8-9 ұпай - зейіннің нәтижелілік және тұрақтылық деңгейі жоғары;
4-7 ұпай- зейіннің нәтижелілік және тұрақтылық деңгейі орташа;
2-3 ұпай - зейіннің нәтижелілік және тұрақтылық деңгейі төмен;
***0-1* ұпай -** зейіннің нәтижелілік және тұрақтылық деңгейі өте төмен.

Зейін тұрақтылығын ұпаймен бағалау

нәтижелілігі		Нақтылығы		нәтижелілігі		нақтылығы	
белгілер	ұпай	%	Ұпай	белгілер	ұпай	%	ұпай
1010 төмен	1	70 төмен	1	2660-2825	16	84-85	12
1010-1175	3	70-72	2	2825-2990	17	85-87	13
1175-1340	5	72-73	3	2990-3155	18	87-88	14
1340-1505	7	73-74	4	3155-3320	19	88-90	15

1505-1670	9	74-76	5	3320-3485	20	90-91	16
1670-1835	10	76-77	6	3485-3650	21	91-92	17
1835-2000	11	77-79	7	3650-3815	22	92-94	18
2000-2165	12	79-80	8	3815-3980	23	94-95	20
2165-2330	13	80-81	9	3980-4145	24	95-96	22
2330-2495	14	81-83	10	4145-4310	25	96-98	24
2495-2660	15	83-84	11	4310 артық	26	98 артық	26

Зейіннің тұрақтылығының интегралдық көрсеткіші (А) мына формула бойынша анықталады:А = В + С, мұнда В және С – нәтижелілік және нақтылықтың ұпайлық бағасы.

Түйсін шкаласы (М. Цукерман)

Мақсаты: жеткіншектердің әр түрлі жағдайда түйсінуге деген қажеттілік деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

Әдістемені М.Цукерман 1964 жылы ұсынды [6].

Нұсқау: сіздердің назарларыңызға қос-қостап біріктірілген тұжырымдар қатары ұсынылады. Сіз осы екі тұжырымдаманың бірін, өзіңізге тән деп есептейтінін таңдаңыз және оны белгілеңіз.

Сұрақтар:

1. а) Мен әрқилы саяхатты қажет ететін жұмысты қалаған болар едім.
ә) Мен бір орында істейтін жұмысты қалаған болар едім.
2. а) Мені таза, салқын күндер сергітеді,
ә) Мен салқын күндері, үйге қашан жететінімді тоса алмаймын.
3. а) Маған барлық тері иістері ұнамайды.
ә) Маған кейбір тері иісі ұнайды.
4.а) Мен қандай да бір есірткіні тартпас бұрын, оның маған таныс емес әсер қалдырғанын қаламас едім.
ә) Мен галлюцинация тудыратын, қандай да бір таныс емес есірткіні тартқан болар едім.
5.а) Мен әр бір адам қорғалған, сенімді және бақытты қоғамда өмір сүргенді қалар едім.
ә) Мен тарихымыздың мөлшерсіз, бүліншілік күндерінде тұруды қалаған болар едім.
6.а) Мен жылдамдықты қалайтын адаммен жүргенді қаламас едім.
ә) Кейде көлікпен тез жүргенді қалаймын, өйткені одан әсер аламын.
7.а) Егер мен сатушы болсам, келісімді жалақыны тәуекел етіп немесе ештеңе де жоқ дегеннен гөрі, нақты еңбек ақысын қалаған болар едім.
ә) Егер мен сатушы болсам, бір нақты жалақыда отырғанша, маған көп табыс әкелетін жұмысты қалар едім.
8.а) Менің көзқарасымнан ерекшеленетін адамдармен мен дауласқанды жақсы көрем, оның әрдайым шешімі болмайды.
ә) Менің көзқарасымды жоғары күшейтетін адамдарды, менімен келіседі деп ойламаймын.
9.а) жалпы алғанда, көптеген адамдар сақтандыруға көп ақша жұмсайды.
ә)Сақтандыру – бұл бірде-бір адам, онсыз ештеменден өзін айналып өтуіне жол бермейді.
10.а) Мен гипнозға түсіп қалуды қаламас едім. ә) Мен гипнозға түсуді қалар едім.
11.а) Өмірлік мақсатымдағы ең маңыздылығы – мүмкіндігінше толыққанды

өмір сүру
ә) Өмірлік мақсатымдағы ең маңыздысы – бақытқа бөлену.
12.а) Суық суға ақырындап отырып кірем, оған өзім үйренгенше.
ә) Мен суық бассейнге немесе теңізге тез секіргенді жақсы көремін.
13.а) Заманауи әуендердің көпшілік түріндегі ретсіздігі маған ұнамайды. ә) Мен жаңа және қарапайым әуендерді тыңдағанды жақсы көрем.
14.а) Ең төмен әлеуметтік жетіспеушілік – қатал, тәрбиесіз адам болуы мүмкін.
15.а) Мен аз ғана тұрақсыз болса да, эмоционалды-тартымды адамдарды қалар едім.
ә) Мен салмақты адамды қалар едім.
16.а) Мотоциклмен жүретін адамдар, өзіне ауыртпалық, зиян келтіретінін саналы қабылдамауы мүмкін.
ә) Маған мотоциклді жүргізген ұнайды.

Тест нәтижесін өңдеу және талдау

1. а	5. ә	9. а	13. ә
2.а	6.ә	10.ә	14.ә
3.ә	7.ә	11.а	15.а
4.ә	8.ә	12.ә	16.ә

Әрбір жауап кілтпен сәйкес болғанда, бір ұпаймен бағаланады. Алынған ұпайлары қосылады. Алынған сол нәтижесі, түйсінудің қажетсіну деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Адам үшін жаңа түйсінуді іздеу маңыздырақ болып келеді, өйткені оның эмоциясын және қиялын реттей отырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Сонымен қатар, оның тұлғалық өсуіне ықпал етеді.
Түйсінуді қажетсінудің жоғары деңгейі (11-16 ұпай) қадағалаусыз, «жүйкесіне тиюге», әсерленуіне, жаңаға құштарлығын көрсетеді немесе зерттелушіні әрдайым тәуекелге әкелетін іс-әрекеттерге қоздыруын көрсетуі мүмкін.
Түйсінуді қажетсінудің орташа деңгейі (6-дан 10 ұпай). Ол мынандай қажеттіліктерді бір жағынан жаңа тәжірибеге ие болса, екінші жағынан ұстамдылыққа және өмірдің қажетті кездерінде ақылдылықпен келуге, ақылмен бақылауға қанағаттанғанын көрсетеді.
Түйсінуді қажетсінудің орташа деңгейі (0 ден 5 ұпай). Өмірден алған жаңа әсерлерін шығындалмауын бақылап отыру. Зерттелуішінің өмірдегі белгісіз, кенеттен болатын

жағдайға тұрақтылығын және ретке келтірілуін көрсетеді.

Сөздерді жаттау динамикасын зерттеу

Мақсаты: есте сақтау қабілетін анықтау.

Оқушы алдына 20 таныс емес, жеткілікті ұзақ, шетел сөздерін бірнеше қайталау жолымен есте сақтау тапсырмасы қойылады. Бұл тапсырманы орындауда 8 рет қайталап айту ұсынылады.

Жаттап алынатын сөздер тізімі мынандай болуы мүмкін:

1.Лапидарлық
2.Папильотка
3.Виолончель
4.Филистер
5.Аккредитация
6.Альманах
7.Протекция
8.Эвакуация
9.Меланхолия
10Респондент
11.Апперцепция
12.Филантроп
13.Манифестация
14.Краниология
15.Официоз
16.Инновация
17.Жестикуляция
18.Стандартизация
19.Ультиматум
20.Геликоптер

Әр қайталаудан кейін оқушы қатесіз айтқан сөздер саны анықталады. Әр тәсілден кейін дұрыс қайта жаңғыртылған сөздер қатысады. Қорытындыда алынған негіздер жаттаудың графигі түрінде ұсынылады.


Жаттау графигін талдау негізінде графикте ұсынылған жаттау динамикасы 2 көрсеткішпен анықталады.

1.жаттап алу динамикалылығы
2.жаттап алу нәтижелілігі

Жаттап алу динамикалылығы қисық сызық сипатымен көрсетіледі. Егер қайталаудан қайталауға бұл қисық жоғары көтерілсе, (График 1) онда жаттап алу үдерісі жеткілікті динамикалы деп саналады.

График 1

Бірнеше сөздерді жаттау үдерісінің динамикалық ерекшелігінің графигі



Бірнеше сөздердің қайталану саны

Егер қайталаудан қайталауға дейін нәтиже төмендемесе, бұрынғы деңгейінде қалса, онда жаттап алу үдерісі орта динамикалық өскенімен сипатталады.
Егер қайталаудан қайталауға дейін нәтиже бірде жоғарылап, бірде төмендесе (графикте қисықтың нүктелі нұсқасы), онда жаттау процесі динамикалы емес екендігін куәландырады.

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

Жаттау үдерісінің динамикасынан алынған мәліметтер негізінде келесі шкала бойынша 3 бағаның бірін алуға болады;
Жаттау үдерісінің жеткілікті динамикалылығы - өте жақсы;
Орта динамикалы жаттау үдерісі – қанағаттанарлық;
Динамикалы емес жаттау үдерісі – қанағаттанарлық емес.
Жаттау процесінің нәтижелілігі басқаша, келесі шкала көмегімен ұпаймен бағаланады:
10 ұпай – оқушы барлық 20 сөзді қайта қатесіз жаңғыртып және есте сақтай алады, не бәрі 7 қайталаудан аспайды.
8-9 ұпай- оқушы барлық 20 сөзді толық 8 қайталаудан кейін қайта жаңғыртты.
6-7 ұпай - оқушы 8 қайталауда 17-ден 19-ға дейін сөздерді дұрыс қайта жаңғыртты.
4-5 ұпай -8 қайталауда14-16 сөзді дұрыс қайта жаңғыртты.
2-3 ұпай 8 қайталауда оқушы 12-13 сөзді есте сақтады.
0-1 ұпай - оқушыларға 8 қайталауда небәрі 10 сөзді қайта жаңғыртты немесе біреуінде есте сақтамады.

Даму деңгейі:

Жоғары және орташа жаттау үдерісінің динамикалығы жоғары және орташа (көрсеткіш бойынша өте жақсы және жақсы бағаланған) және жаттау процесінде нәтижесі 8 ұпайдан жоғары болса, онда оқушы оқу материалын нәтижелі меңгеруге қабілетті деп саналады.
Егер жаттау динамикалылығы **қанағаттанарлық емес және жаттаудың динамикалылығы 4-тен –7 ұпайға дейін болса**, оқу материалын меңгеруге оқушыларда қиыншылықтар байқалады.
Динамика бойынша **қанағаттанарлық баға және 3 ұпайдан төмен баға алған**
оқушы оқуға даяр еместігін көрсетеді.

Түйсін шкаласы (М. Цукерман)

Мақсаты: оқушының логикалық ойлау деңгейін бағалау.
Нұсқау: зерттелушіге логикалық - сандық қатынасты анықтау үшін 20 есеп ұсынылады. Олардың әрқайсысын сипаттайтын екі логикалық алдыңғы жағдай берілген (Олар сызық үстіне жазылған).Олардағы әріптік белгілердің бір- бірімен сандық

қатынасы бар. Мәселенің алдыңғы шартында берілген сандық қатынас логикасына сүйене отырып,сызық астындағы әріптік белгілердің сандық қатынасын тауып, ол қатынасты «<» немесе «>» белгілерімен көрсету керек. Орындау уақыты 10 минут.

Тапсырмалар:

1. А Б-дан 9 есе көп аз
   Б В-дан 4 есе аз
   В мен А қатынасы?

2. А Б-дан 10 есе аз көп
   Б В-дан 6 есе көп
   А мен В қатынасы?

3. А Б-дан 3 есе көп көп
   Б В-дан 6 есе аз
   В мен А қатынасы?

4. А Б-дан 4 есе көп аз
   Б В-дан 3 есе аз көп
   В мен А қатынасы?

5. А Б-дан 3 есе аз
   Б В-дан 7 есе көп
   А мен В қатынасы?

6. .А Б-дан 9 есе
   Б В-дан 12 есе аз
   А мен В қатынасы?

7. А Б-дан 6 есе
   Б В-дан 7 есе көп
   А мен В қатынасы?

8. А Б-дан 3 есе
   Б В-дан 5 есе
   В мен А қатынасы?

9. А Б-дан 10 есе аз аз
   Б В-дан 3 есе көп көп
   В мен А қатынасы?

14.А Б-дан 5 есе
   Б В-дан 2 есе
   А мен В қатынасы?

10. А Б-дан 2есе аз көп
    Б В-дан 8 есе көп
    А мен В қатынасы?

15.А Б-дан 4 есе
   Б В-дан 3 есе аз
   В мен А қатынасы?

11. А Б-дан 3 есе аз аз

16.А Б-дан 3 есе

Б В-дан 4 есе көп
В мен А қатынасы?

Б В-дан 3 есе
А мен В қатынасы?

12. А Б-дан 2 есе көп
Б В-дан 5 есе аз
А мен В қатынасы?

17.А Б-дан 4 есе көп
Б В-дан 7 есе аз
В мен А қатынасы?

13. А Б-дан 5 есе аз көп
Б В-дан 6 есе көп
В мен А қатынасы?

18.А Б-дан 3 есе көп
Б В-дан 5 есе аз
А мен В қатынасы?

19. А Б-дан 5 есе аз көп
Б В-дан 8 есе көп
А мен В қатынасы?

20.А Б-дан 7 есе көп
Б В-дан 3 есе аз
В мен А қатынасы?

Нәтижесін өңдеу және бағалау:

Әрбір дұрыс жауапқа 0,5 ұпай қойылады. Зерттелушінің бірі 20 есепті шешу барысында 10 тең ұпай алуы мүмкін. Егерде тұтастай ұпай сандары жартысына тең келсе, онда ол жақын сан қатарына қосылады. Мысалы, нәтижесі 8,5 ұпай болса, онда ол 9,0 ұпай деп есептеледі.

Даму деңгейі:

10 ұпай - өте жоғары.
8-9 ұпай – жоғары. **4-7 ұпай –** орташа. **2-3 ұпай –** төмен.
0-1 ұпай – өте төмен.

Дұрыс жауаптар

1.В<А
2.А<В
3.В>А
4.В<А
5.А>В
6.В>А
7.А<В
8.В<А
9.В>А
10. А>В
11. В<А
12. А<В
13. В<А
14. А<В
15. В<А
16. А<В
17. В>А
18. А>В
19. А<В
20. В<А

5-сынып оқушыларының оқу үдерісіне бейімделуін анықтау сауалнамасы

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының оқу үдерісіне бейімделуін анықтау

Аты-жөні_сыныбы__

1. Мектепке қандай көңіл-күймен келесің?

	Әрқашан	**Анда-санда**	**Ешқашан**
Сабаққа дайын болмағандықтан, сабаққа қорқынышпен келемін			
Жақсы көңіл күймен келемін			
Жаңа достармен кездесемін деген қуанышпен келемін			
Жаңа білім аламын деген құштарлықпен келемін			
Қатыгез мұғалімді кездестіремін деген қорқынышпен келемін			
Сабаққа бару керек болған соң келемін			

2. Мектепке келген кезде өзің қандай сезімде боласын?

	Жиі	**Анда-санда**	**Ешқашан**
Қуанышты			
Реніжулі			
Шаршаңғы			
Жалығу			
Сенімді			
Сенімсіз			
Үрейлі			
Жайбарақат			

3. Алған бағаларың?

Көбі «5»	**«4» пен «5»-ке оқимын**	**«4» пен «3»-ке меңгеремін**	**«3» көп**	**«2» бар**

4. Оқу үлгеріміңе ризасың ба?

Иә	**Жоқ**	**Оданда жақсы болуы мүмкін**

5. Жақсы оқуға кедергі болатын не?

Пәнге деген	**Отбасы мәселесі**	**Білім мәселесі**	**Жалқаулық**

қызығушылығым жоқ			

6. Барлық оқушылардың жақсы көретін пәндері бар, ал сенде ше?

	Қызығушылық пен оқимын	**Ұнамайды**	**Себебі**
Математика			
Қазақ тілі			
Әдебиет			
Шет тілі			
Орыс тілі			
Денешынықтыру			
Сурет			
Тарих			

7. Саған ең басты нәрсе: достық, сабақ, отбасы, ақша, денсаулық? 1. _____
2. _____
3._____
4._____
5._____

8. Үй тапсырмасын орындауға қанша уақыт кетеді?

1 сағат	**2 сағат**	**3 сағат**	**3 сағат тан Көп**	**Үй тапсырмасын орындамаймын**

9. Сөйлемдерді аяқта

- Менің сыныбым_____
- Менің сынып жетекшім_____
- Менің мұғалімдерім_____
- Маған ұнайды_____

Менің сынып жетекшім

1. Мектепке қандай көңіл-күймен келесің?

қуанышпен	күнделікті селқостықпен	тезірек бәрі бітсе екен деп келем

2. Мектепте ренжулер бола ма?

жиі	Сирек	ешқашан

3. Егер ренжитін болсаң, кімге ренжисің?

пән мұғалімдеріне	өз сыныбы мның оқушыларына	басқа сы нып оқушыларына	өзіме

4. Сынып жетекшімен қақтығыстар бола ма?

жиі	сирек	ешқашан

5. Сынып өмірінде сынып жетекшісінің рөлі қандай?

екінші ана	үлгерім мен тәртіпті қадағалаушы	үлкен дос

6. Сынып жетекшісінің саған қатынасы қандай?

мақтайды	қолдайды	ескерту жасайды	қамқорлық жасайды	қайырымды кеңес береді

7. Сынып жетекшісінен не сезінесің _____
_____

8. Қалай ойлайсың сенің сыныбың қандай?

тату және ынтымақшыл	бірнеше топқа бөлінеді	әркім өз-өзімен жүреді

9. Қандай сынып сағаттары ұнайды
_____
_____
_____

10. Осы сыныпта оқығаныңды жолымның болғаны деп айта аласың ба?

Әрине, иә	Жоқ	Білмеймін

11. Сынып жетекшісіне тілегің
_____
_____
_____
_____

«Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесі

Мақсаты: Кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.
Нұсқау: «Балалар, қазір Сіздерге мектепте өздеріңізді қалай сезінетініңізді анықтауға арналған бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылады.Сұраққа дұрыс немесе шынайы жауап беруге тырысыңыз, Бұл жерде дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман жауаптар жоқ. Жауап парағындағы сұрақтардың тұсына егер келіссеңіз «+ »,егер келіспесеңіз «-» бағандарының тұсына белгі қойыңыз»

1.Сынып ішінде барлығымен өзіңізді тең санау қиынға соға ма?
2.Сенің тиісті материалды қаншалықты білетініңді мұғалім тексеремін дегенде қобалжисың ба?
3.Мұғалімнің талабы бойынша класта жұмыс жасау саған қиын ба?
4.Сенің сабақты білмеген кезде мұғалімнің ашуланғандығы туралы түстер көресің бе?
5.Сені сыныптастарыңның біреуі ұрып – соққан кездері болды ма?
6.Мұғалім материалды түсіндіргенде, оның не айтқанын нақты түсінгенше асықпағанын жиі қалайсың ба?
7.Жауап бергенде немесе тапсырманы орындағанда қатты қобалжисың ба?
8.Келеңсіз қате жіберуден қорыққандықтан сабақты айта алмаған кездер болды ма?
9.Сені жауап беруге шақырғанда тізең қалтыраған кездер болды ма?
10.Әртүрлі ойындар ойнаған кезде сыныптастарыңның саған күлген кездері болды ма?
11.Сен күткен бағадан төмен баға қойған кездер болды ма?
12.Сені екінші жылға қалдыру туралы сұрақ сені мазалайды ма?
13.Таңдауды талап ететін ойындарда сені таңдамайтындықтан қатыспауға тырысасың ба?
14.Сені шақырған кезде сенің дірілдеп – қалшылдаған кездерің болды ма?
15.Сенің қалағаныңды сыныптың оқушыларының біреуі істегісі келмейтіндігі туралы сезім бола ма?
16. орындар алдында сен қатты қобалжисың ба?
17.Сенің ата – анаң күткен бағаны алу қиынға соға ма?
18.Кейде сыныпта өзіңді нашар сезініп қаламын деп қорқасың ба?
19.Жауап бергенде қате жіберсең сыныптастарың саған күле

ме?
20.Сен сыныптастарыңа ұқсайсың ба?
21.Тапсырманы орындаған соң, оны қаншалықты орындағандығың туралы ойлайсың ба?
22.Сыныпта жұмыс жасаған кезде барлығын есіңде сақтайтындығыңа сенімдісің бе?
23.Сен мектепте мұғалімнің қойған сұрағына жауап бере алмағандығыңды түсіңде көрген кездер болды ма?
24.Көп балалардың саған достық қатыста болуы дұрыс па?
25.Сенің жауабың сынып оқушыларының жауабымен салыстырылатынын білгенде сен ынталы жұмыс жасауға тырысасың ба?
26.Сенен сұраған кезде қатты қобалжымауды жиі армандайсың ба?
27.Кейде дауласудан қорқасың ба?
28. сабаққа дайындығыңды мұғалім тексеремін деген кезде жүрегіңнің қатты соққан кездері болды ма?
29.Сен жақсы баға алған кезде сыныптастарыңның сені мақтаншақ деп ойлаған кездері болды ма?
30.Сыныптастарыңның беделді деп санайтын баламен сенің қарым – қатынасың жақсы ма?
31.Сыныпта балалардың саған ұнамайтын жайттар туралы айтқан кездер болды ма?
32.Сабаққа үлгермейтін оқушылар беделін жоғалтады деп ойлайсың ба?
33.Сыныптың көпшілік оқушыларының саған көңіл аударmайтыны рас па?
34.Оғаш көрінемін деп қорқасың ба?
35.Мұғалімнің көзқарасына ризасың ба?
36.Басқа оқушылардың ата – анасы сияқты сенің де ата – анаң мектеп өміріне араласа ма?
37.Сен туралы қоршаған адамдар не ойлайды деп ойланған кездерің болды ма?
38.Бұдан да жақсы оқуға тырысасың ба?
39.Сенің сыныптастарың сияқты сен де жақсы киінемін деп есептейсің бе?
40.Жауап беріп тұрған кезде сен туралы басқалар не ойлайды деп ойлаған кездерің болды ма?
41.Сенің сыныбыңда басқа оқушылар иеленбеген құқықтарға жақсы оқитын оқушылар иеленген бе?
42.Сен өз көрсеткішіңді көрсете алған кезде басқа оқушылар саған ашулана ма?
43.Сыныптастарыңның көзқарасына ризасың ба?
44.Мұғаліммен жеке қалғанда өзіңді жақсы сезінесің бе?
45.Сенің жүріс – тұрысың мен киінгеніңе сыныптастарыңның

күлген кездері болды ма?
46.Басқа оқушыларға қарағанда мектеп мәселесі бойынша көп ойланамын деп сезінесің бе?
47.Сен жауап бере алмаған кезде жылап жіберетіндей сезген кездер болды ма?
48.Сен кешке жатқан кезде ертең мектепте не болады деп ойланған кездер болды ма?
49.Тапсырманы орындаған кезде бұрын білген жайттарды ұмытып қалғандығынды сезінген кездер болды ма?
50.Тапсырманы орындаған кезде қолың дірілдеген кездер болды ма?
51.Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деген кезде сен күйгелектенгендігіңді сезінген кездер болды ма?
52.Мектептегі білім тексеру үрейлендіре ме?
53.Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деген кезде орындай алмайтындығынды сезген кездер болды ма?
54.Сен орындай алмаған заттарды басқалары орындағандығы туралы түстер көрген кездер болды ма?
55.Мұғалім тапсырманы түсіндірген кезде басқалары саған қарағанда жақсы түсінеді деген сезім бола ма?
56.Мектепке бара жатқанда мұғалім бақылау беруі мүмкін деп қорқасың ба?
57.Тапсырма орындаған кезде сен оны нашар орындағандығынды сезесің бе?
58.Барлық сынып алдында тақтада тапсырманы орындаған кезде қолың дірілдеген кездер болды ма?

№	Тақырыбы	Сұрақ №	Шартты белгісі
1	Мектептегі жалпы қобалжу	2, 4, 7, 12, 16, 21, 23, 26, 28, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58	Е – 22 Х
2	Әлеуметтік қобалжу, стрессті уайымдау	5, 10, 15, 20, 24, 30, 33, 36, 39, 42, 44	Е-11 С
3	Жетістікке жету кедергісі	1, 3, 6, 11, 17, 19, 25, 29, 32, 35, 38, 41, 43	Е-13 Д
4	Өзін көрсету қорқыныш сезімі	27, 31, 34, 37,	Е-6 /1

		40, 45,	
5	Білім тексеру кезіндегі қобалжу	2, 7, 12, 16, 21, 26	Е-6 /2
6	Қоршаған ортаның талабына сай келмеуден қорқу	3, 8, 13, 17, 22	Е-5 /3
7	Стреске физиологиялық қарсыласу төмендігі	9, 14, 18, 23, 28	Е-5 /4
8	Мұғаліммен қарым қатынастың проблемалары	2, 6, 11, 32, 35, 41, 44, 47	Е-8 /У

Әдістеме мазасыздану деңгейін өлшеуге арналған. Ол 50 сұрақтан тұрады. Ол тізім немесе карточка ретінде берілуі мүмкін. Зерттелушінің мазасызданuын білдіретін жауаптар саны есептеледі .

40 – 50 ұпай - мазасызданудың өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді, 25 – 40 ұпай - мазасызданудың жоғары деңгейде екенін,

15 – 25 ұпай – орташа (жоғарыға бейім) деңгейде, 5 – 15 ұпай – орташа (төменге қарай) деңгейде,

0 – 5 ұпай- мазасызанудың төменгі деңгейін айтады.

Факторлар

Сұрақтардың кілті

1-	2-	3-	4-	5-	6-	7-	8-	9-	10-	11+	12-	13-	14-	15-
16-	17-	18-	19-	20+	21-	22+	23-	24+	25+	26-	27-	28-	29-	30+
31-	32-	33-	34-	35+	36+	37-	38+	39+	40-	41+	42-	43+	44+	45-
46-	47-	48-	49-	50-	51-	52-	53-	54-	55-	56-	57-	58-		

Тест кілтіне сәйкес келмеген жауаптарды өңдеу.Мысалы: 44-сұраққа бала жоқ «-» деп жауап берсе, ал ол тестің кілтінде иә «+» деп көрсетілген.Кілтке сәйкес келмеген сұрақтардан бала бойындағы мазасыздықтың бар екендігі анықталады.

Әрбір синдромға (факторға) сипаттама

1. **Мектептегі жалпы мазасыздық-** бұл баланың жалпы эмоционалдық жағдайы, мектеп өміріндегі әр түрлі жағдайлармен байланыс формасы.
2. **Әлеуметтік стрессті** уайымдау - баланың эмоционалдық жағдайы, қоршаған ортамен (құрбыларымен) әлеуметтік байланыстың дамуы.
3. **Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері-қолайсыз** психикалық жағдай, жоғары сәттілікке жетуге

өзінің мүмкіндігін дамыта алмауы.

4. **Үрейдің көрінуі (ойын, мүмкіндігін жеткізе алмаудағы)-ситуацияны** жағымсыз эмоцияда уайымдау кездескен қажетті жағдайда өз мүмкіндігін көрсете алмауы.

5. **Білімді тексеру үстіндегі үрей** - тексеру жағдайындағы үрейлену: білімі, жетістігі, мүмкіндігі!

6. **Айналасы күткен нәтижеден үрейлену**- айналасындағы адамдардан (негативті) жағымсыз баға алу қорқынышы.

7. **Стреске төменгі физиологиялық қарсыласудың төменгі** табалдырығы-төменгі табалдырықтың психофизиологиялық ерекшелікке байланысы.

8. **Мұғаліммен қарым-қатынастағы үрейлену**-мектепте үлкендермен жалпы жағымсыз эмоциялық қарым-қатынасы жағдайы баланың оқу үлгерімінің төмендеуіне әсері.

“Тұлғаның психологиялық күйін анықтау” сұрақнамасы (Г.Айзенк)

Мақсаты: тұлғаның психологиялық күйін анықтау.

Нұсқау: Әр сөйлемдердің тұсына 2, 1, 0. сандары жазылған. Егер сөйлемдер сізге жақын болса – 2 санын; егер онша жақын емес болса – 1 санын; ал егер мүлдем олай емес болса –0 санын белгілеңіз.

1. Менде өз мүмкіндігіме сенбеушілік жиі болып тұрады	2 1 0
2. Шығу жолын табуға болатын тығырық жағдайлар менде жиі кездеседі	2 1 0
3. Соңғы сөзді үнемі мен айтуым керек	2 1 0
4.Маған өз дағдыларымнан арылу қиын	2 1 0
5.Мен жиі болмайтынға ұяла беремін	2 1 0
6.Жайсыздықтар мені қатты ренжітеді, содан менде көңілсіздік пайда болады.	2 1 0
7. Әңгімелесу барысында мен көп жағаласамын	2 1 0
8. Бір істен келесі іске ауысу маған өте қиын	2 1 0
9.Түнде жиі оянамын	2 1 0
10.Үлкен жайсыздықтарда мен тек өзімді кінәлаймын	2 1 0
11.Мені ашуландыру оңай	2 1 0
12.Өмірімдегі өзгерістерге сақтықпен қараймын	2 1 0
13.Менің ұнжырғам тез түседі	2 1 0
14.Қасірет пен сәтсіздіктер мені еш нәрсеге тәрбиелемейді	2 1 0
15.Өзгелерге ескертулерді жиі айтуыма тура келеді	2 1 0
16. Мені өз пікірімнен өзгерту қиын	2 1 0
17. Мені жағымсыз жағдайды ойлаудың өзі толғандырады	2 1 0
18. Көп жағдайды қажетсіз деп есептеп бас тартамын	2 1 0
19.Айналамдағыларға беделді болғым келеді	2 1 0
20. Ұмытуға тиіс ойлар мені жиі мазалайды	2 1 0
21. Өмірде кез болатын қиындықтарға жолығудан қорқамын	2 1 0
22. Өзімді жиі қорғансыз сезінемін	2 1 0
23 .Кез-келген жағдайда аз жетістікке қанағаттанбаймын, үлкен жетістікті көздеймін	2 1 0
24. Адамдармен араласуым оңай	2 1 0
25. Өз кемістіктеріме көп көңіл бөлемін	2 1 0
26. Менде өкіну (кейіп кету) жағдайлары болып тұрады	2 1 0
27. Ашуланған кезде өзімді ұстау өте қиын	2 1 0
28. Егер менің өмірімде өзгеріс болса мен қатты	2 1 0

қиналамын	
29. Мені сендіру оңай	2 1 0
30. Менде қиындықтар болғанда, қандай шешім қабылдауды білмеймін	2 1 0
31. Бағыныштылықтан гөрі жетекші болғанды қалаймын	2 1 0
32. Жиі қырсығамын	2 1 0
33. Денсаулығымның жағдайы көп ойландырады	2 1 0
34. Қиындық жағдайларында өзімді кішкентай бала секілді ұстаймын	2 1 0
35. Сөйлегенде мен қолымды дөрекі түрде серпи саламын	2 1 0
36. Тәуекелдікке амалсыздан барамын	2 1 0
37. Ұзақ күтуден қатты қиналамын	2 1 0
38. Өзімнің кемшіліктерімді ешқашан түзей алмаймын деп ойлаймын	2 1 0
39. Мен кекшілмін	2 1 0
40. Жоспарларымның сәл өзгертілуі мені қатты ызаландырады	2 1 0

Кілті : Үрей шкаласы: 1, 5, 9, 13, 17, 21, 25, ,29, 33, 37.
Фрустрация шкаласы: 2, 6, 10, 14, 18, 22, 26, 30, 34, 38.
Агрессия шкаласы: 3, 7, 11, 15, 19, 23, 27, 31, 35, 39.
Икемсіздік шкаласы: 4, 8, 12, 16, 20, 24, 28, 32, 36, 40.

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

Кілтпен сәйкес келген әрбір (2) жауабына 2 – ұпайдан, әрбір (1) жауабына 1- ұпайдан беріледі. Кейін әрбір шкала бойынша берілген жауаптардың нәтижелері есептеледі. Әр шкаланың ортақ көрсеткіші 10. Одан асып кету тұлғалық құрылымда зерттелінген сапаның шектен тыс екенін білдіреді.

Сұрақнамада зерттелінген шкалалар келесі түсініктемені қамтиды.

Үрей шкаласы – үрей жағдайы төмен кезде де, бейберекет мазасызданады.

Фрустрация шкаласы – мақсатқа жетудегі нақты немесе нақты емес тосқауылды сезінуден туындайтын психологиялық жағдай.

Агрессия шкаласы - өзгеге күш көрсету арқылы лидерлікке ұмтылудың, көтеріңкі психологиялық белсенділік көрсеткіші.

Икемсіздік шкаласы – кезкелген әрекетті өзгертуге талап қойылғанда субъектің қиналуының көрсеткіші.

Жауап парағы

Деңгей/ шкала	Үрей	Фрустрация	Агрессия	Икемсіздік
Қалыпты 0 - 10				
Орта 11 -15				
Жоғары 15 - 20				

Оқушылардың оқу мотивінің көрсеткішін анықтау

Мақсаты: оқушылардың оқу түрткісін анықтау.

Нұсқау: сіздің оқуға қатынасыңызды сипаттайтын маңызды үш қасиетті таңдаңыз.

№	Түрткілер	Ұпай
1	Оқушы жақсы оқу керектігін түсінемін	2
2	Мұғалімнің талабын нақты және тез орындаймын	2
3	Білімнің болашақта керектігін түсінемін	2
4	Мәдениетті және дамыған адам болғым келеді	2
5	Жақсы баға алғым келеді	1
6	Мұғалім мен ата – анамның мақтанышы болғым келеді	1
7	Класта озат оқушы болғым келеді	1
8	Жолдастарымның арасында беделді болғым келеді	1
9	Ата – анам мен мұғалім ұрыспаса екен деймін	1
10	Нашар баға алғым келмейді	1
11	Жаңалық білгенді ұнатамын	3
12	Мұғалімнің сабақты қызықты түсіндіргені ұнайды	3
13	Сабақ үстінде араласып, ойлап, талдау жасағанды ұнатамын	3
14	Қиын тапсырмалар орындап, қиындықты жеңгенді ұнатамын	3

Нәтижені өңдеу және талдау:

Оқу – танымдылық түрткілер:
мазмұнды **түрткісі** (11 – 12),
оқу үрдісінің **түрткісі** (14 – 14)
Кең әлеуметтік түрткілер:
жауапкершілік пен борыш түрткілері (1 – 2),
өзіндік анықталу мен өзіндік жетілдіру (3 – 4)
Тар тұлғалық түрткілер:
денсаулық түрткілері (5 – 6),
мәртебе түрткісі (7 – 8),
жағымсыздықтан қашу түрткісі (9 – 10).
Жоғары деңгей – 8 – 9 ұпай
Орташа деңгей – 5 – 7 ұпай
Төмен деңгей – 3 – 4 ұпай

Оқушының оқу түрткісінің құрлымын диагностикалау
Мақсаты: оқушының оқу оқу мотивінің құрлымын зерттеу
Нұсқау: мектепте оқу себептерінің сен үшін қаншалықты маңызды екенін бағала.Ол үшін керекті балды шеңберге ал.
0 ұпай – маңызды емес
1 ұпай – ішінара маңызды
2 ұпай – едәуір маңызды
3 ұпай – өте маңызды

№	Тұжырымдар	Ұпай
1.	Пәнді жақсы оқу үшін маған мұғалімнің ұнауы қажет.	0 1 2 3
2.	Маған оқу, әлем туралы білімімді кеңейту өте ұнайды.	0 1 2 3
3.	Оқуда, сабақта отырғаннан гөрі, достарыммен, мектептегі құрбыларыммен қарым қатынасқа түскен ұнайды.	0 1 2 3
4.	Мен үшін жақсы баға алу маңызды.	0 1 2 3
5.	Мен не істесем де жақсы істеймін – бұл менің позициям.	0 1 2 3
6.	Білім ақыл-ой мен тапқырлықты дамытуға көмектеседі.	0 1 2 3
7.	Егер сен оқушы болсаң жақсы оқуға міндеттісің	0 1 2 3
8.	Егер сабақта жағымсыз ахуал, шектен тыс қаталдық орын алса, менің оқуға деген ниетім жойылады.	0 1 2 3
9.	Мен жекелеген пәндерге ғана қызығамын.	0 1 2 3
10	Оқудағы жетістік- сыныптастар арасында құрмет пен беделге ие болудың негізі деп есептеймін.	0 1 2 3
11	Ата-анам мен мұғалімдердің мезі еткен ақылдарынан қашу үшін оқуға тура келеді.	0 1 2 3
12	Мен қиын есепті өзім шешкенде, ережелерді жақсы жаттағанда және	0 1 2 3
13	Мәдениетті, парасатты адам болу үшін көп білгім келеді.	0 1 2 3
14	Өмірдің осы кезеңінде жақсы оқу, сабақты босатпау менің азаматтық борышым.	0 1 2 3
15	Сабақта көп сөйлеу мен алаңдауды ұнатпаймын, себебі мен үшін мұғалімнің айтқандарын түсіну, оның сұрақтарына	0 1 2 3

	дұрыс жауап беру аса маңызды.	
16	Егер сабақта балалармен бірлескен жұмыс (екеулеп, бригадамен, командамен) йымдастырылса маған өте ұнар еді.	0 1 2 3
17	Мен мұғалімнің, ана-ананың менің мектептегі жетістіктерім үшін мадақтауын қажет етіп тұрамын.	0 1 2 3
18	Үздіктердің қатарында болу үшін жақсы оқимын.	0 1 2 3
19	Оқулықтан басқа кітаптарды (тарих, спорт, табиғат және т.б. туралы) көп оқимын.	0 1 2 3
20	Менің жасымда оқу - ең басты іс.	0 1 2 3
21	Үйге, аулаға қарағанда мектепте болу көңілді, қызықты	0 1 2 3

КІЛТІ

Мотивтер	Жауап нөмірі
Танымдық	2 9 15
Коммуникативтік	3 10 16
Эмоционалдық	1 8 21
Өзін-өзі дамыту	6 13 19
Оқушы ұстанымы	7 14 20
Жетістік	5 12 18
Сыртқы (мадақтау, жазалау)	4 11 17

«Мектептегі мазасыздық шкаласы» (Рогов Е. И)

«Мектептегі мазасыздықтық шкаласы» (Рогов Е. И.,1996) Кондаштың (1973) «Әлеуметтік-жағдайлық мазасыздық шкаласы» ұстанымы бойынша өңделді. Осындай типтегі шкалалардың ерекшелігі сол, мұнда адам өз бойында белгілі бір уайымдардың мазасыздану симптомдарының болуын немесе болмауын емес, қаншалықты дәреже мазасыздық туғызатын жағдайларды бағалайды[6].

Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау аспектісінде алдымен жеке тұлға аралық мазасыздық шкаласына яғни, зерттелушінің сыныптастарымен өзара іс-әрекеті процесінде туындайтын эмоционалдық шиеленісіне қызығушылық туындайды. Бірақ басқа да шкалалардың көрсеткіштерін шетте қалдыруға болмайды. Мәселен, мектептегі мазасыздық шкаласы оқу іс -әрекетінің әлеуметтік-психологиялық ахуалын жанама сипаттаса, өзін өзі бағалаушылық- субъективті қолайлылық (немесе қолайсыздық), оқушының өзін мектеп өмірінің субъектісі ретінде қабылдауын сипаттайды.

Мұндай типтегі шкалалар мектеп оқушылары үшін эмоционалдық шиеленісінің негізгі көзі болып табылатын шынайлылықты анықтауға мүмкіндік береді. Сондай–ақ, мұндай тестік тапсырмаларды орындау (қарапайым сауалнамалармен салыстырғанда) оқушылардың рефлексиясының даму деңгейлеріне аса байланысты емес.

Әдістеменің мақсаты: жасөспірімдердің 3 негізгі мазасыздық деңгейлерін: оқу іс- әрекеті (мектептегі мазасыздық); құрдастарымен және ересектермен өзара қарым- қатынасы (жеке тұлға аралық мазасыздық) және өзі жайлы түсініктері (өзін-өзі бағалаудағы мазасыздық) анықтау болып табалады.

Әдістеме 7-11 сынып жеткіншектерімен жұмыс жасауға арналған. Диагностика жүргізу барысында келесі талаптарды орындау керек:

- Диагностика мұғалімдер мен сынып жетекшісінің қатысуынсыз жүргізіледі;
- Оқушылардың шаршауына жол бермеу үшін диагностиканы оқу күнінің басында өткізген жөн;
- Алынған мәліметтердің құпияда сақталуы туралы оқушыларға кепілдік беру және олардың кері байланыс алуын қамтамасыз ету.

Диагностиканы өткізу барысы. Диагностика жеке немесе топтық формада жүргізіледі. Сондай-ақ, онда оқушының аты-жөні, жасы және диагностика жүргізілген күн көрсетіледі.

Нұсқау: «келесі беттерде сіз өмірде жиі кездесетін жағдайлар белгіленген. Олардың кейбіреуі сіз үшін келеңсіз

болуы, қобалжу,уайым, мазасыздық, қорқыныш тудыруы мүмкін.

Әр сөйлемді оқып оң жақтағы сандардың біреуін шеңбермен қоршап белгіле:1, 2, 3, 4.

Егер бұл жағдай сізге жағымсыз болып көрінбесе – 0 санын шеңбермен қоршап белгілеңіз. Егер де біршама мазасыздық туғызса -1 санын шеңбермен қоршап белгілеңіз.

Егер бұл жағдай сіз үшін айтарлықтай дәрежеде жағымсыз болып, қобалжу тудырса 2 санын шеңбермен қоршап белгілеңіз.

Егер ол сіз үшін тым жағымсыз болса және қатты қобалжу,мазасыздық тудырса 3 санын шеңбермен қоршап белгілеңіз.

Егер бұл жағдай сізге мүлдем жағымсыз болса, ол сізге өте қатты қобалжу,өте қатты қорқыныш әкелсе 4 санын шеңбермен қоршап белгілеңіз.

Сіздің міндетіңіз – әр жағдайды анығырақ түсіну және бұл жағдайдың сізде қаншалықты дәрежеде қауіп, қобалжу, мазасыздық қорқыныш тудыратынын анықтайтын санды шеңбермен қоршап белгілеу».

Жауап парағы

Аты жөні _____сыныбы_____күні_____	
Үлгі: Жаңа мектепке көшу	0 1 2 3 4
Тақта алдында жауап беру	0 1 2 3 4
Таныс емес адамдардың үйге баруы	0 1 2 3 4
Жарыс, конкурс, олимпиадаларға қатысу	0 1 2 3 4
Мектеп директорымен сөйлесу	0 1 2 3 4
Болашағын ойлау	0 1 2 3 4
Мұғалім журналдан кімнен сұрайтынын қарап отыр	0 1 2 3 4
Сені сынап	0 1 2 3 4
Саған бір нәрсе істеп жатқанда (жұмыс уақытында,тапсырма орындағанда) қарап тұрады	0 1 2 3 4
Бақылау жұмысын жазасың	0 1 2 3 4
Мұғалім бақылау жұмысының бағаларын кейін айтады	0 1 2 3 4
Саған көңіл аудармайды	0 1 2 3 4
Бір нәрсе сенің қолыңнан келмей жатыр	0 1 2 3 4
Ата-анаңды жиналыстан күтіп отырсың	0 1 2 3 4
Сені сәтсіздік күтіп тұр	0 1 2 3 4
Артыңнан күлкі естисің	0 1 2 3 4

Мектепте емтихан тапсырасың	0 1 2 3 4
Саған ашуланады (неге екені түсініксіз)	0 1 2 3 4
Үлкен аудитория алдында қатысу	0 1 2 3 4
Маңызды, шешуші іс күтіп тұр	0 1 2 3 4
Мұғалімнің айтқанын түсінбейсің	0 1 2 3 4
Сенімен келіспейді, қарсыласады	0 1 2 3 4
Өзіңді басқалармен салыстырасың	0 1 2 3 4
Сенің қабілеттерің тексеріледі	0 1 2 3 4
Саған кішкентай балаға қарағандай қарайды	0 1 2 3 4
Сабақта мұғалім саған күтпеген жерден сұрақ қояды	0 1 2 3 4
Сен келгенде үндемей қалды	0 1 2 3 4
Сенің жұмысыңды бағалайды	0 1 2 3 4
Өз ісің туралы ойланасың	
Өзің үшін шешім қабылдауың керек	
Үй жұмысын орындай алмайсың	

Нәтижелерді өңдеуде шкаланың әр бөлімі және жалпы шкала бойынша кілтке сәйкес келген сәйкестіктер саналады (кестеге қараңыз).

«Мектептегі мазасыздық шкаласын» өңдеу кілті

Сауалнама шкалалары	Сұрақ нөмірлері
Мектептік	1, 4, 6, 9, 10, 13, 16, 20, 25, 30
Өзін-өзі бағалаушылық	3, 5, 12, 14, 19, 22, 23, 27, 28, 29
Тұлға аралық	2, 7, 8, 11, 15, 17, 18, 21, 24, 26

Мазасыздықтың жалпы көрсеткіші жеке шкалалардың нәтижелерін қосу арқылы есептеледі.

Әрбір шкала бойынша алынған, сондай-ақ жалпы ұпайлар кестеде көрсетілген тесттік нормаларды есепке ала отырып өңделеді.

Алынған нәтижелерді өңдеуде мектептегі мазасыздықтың «көтеріңкі»,«жоғары» және «өте жоғары» деңгейлерін көрсеткен, сондай-ақ «шектен тыс сабырлылық» аймағына түскен оқушыларға көңіл аудару керек.

Егер «көтеріңкі», «жоғары» және «өте жоғары» мектептік мазасыздық қандайда бір мектептік жағдайдағы жеткіншектің жағымсыз эмоционалдық күйін көрсетсе, «шектен тыс сабырлылық» жасырын мазасыздықты немесе зерттелушінің өзіне де байқалмайтын немесе өзі жоққа шығаратын мазасыздықты көрсетеді.

Мазасыздық деңгейі	топ		Мазасыздық түрлерінің деңгейі			
	сынып	жынысы	жалпы	мектептік	өзін өзі бағалаушылық	тұлға аралық
Қалыпты мазасыздық	7	Ә	35-67	8-22	10-21	8-22
		Е	22-60	5-22	5-17	7-18
	8	Ә	30-62	7-19	11-21	7-20
		Е	17-54	4-17	4-18	5-17
	9	Ә	17-54	2-14	6-19	4-19
		Е	10-48	1-13	1-17	3-17
	10	Ә	35-62	5-17	12-23	5-20
		Е	23-47	5-14	8-17	5-14
	11	Ә	36-64	6-19	4-18	5-18
		Е	25-46	5-15	7-18	5-13
Көтеріңкі мазасыздық	7	Ә	68-73	23-27	22-26	23-27
		Е	61-66	20-25	17-22	19-25
	8	Ә	63-78	20-25	22-26	21-27
		Е	55-73	18-23	19-25	18-24
	9	Ә	55-72	15-20	20-26	20-26
		Е	49-57	14-19	18-26	18-25
	10	Ә	63-76	18-23	24-29	21-28
		Е	48-60	15-19	18-22	15-19
	11		65-70	20-25	19-23	19-26
			47-53	16-22	19-24	14-18
Жоғары мазасыздық	7	Ә	74-94	28-32	25-33	28-34
		Е	67-86	26-31	23-31	26-31
	8	Ә	79-94	26-31	27-31	28-33
		Е	74-91	24-30	26-32	25-30
	9	Ә	73-90	21-26	27-34	27-32
		Е	68-86	20-25	27-32	26-33
	10	Ә	77-90	24-30	30-34	29-36
		Е	61-72	20-24	23-27	20-23
	11	Ә	71-91	26-30	24-31	27-35
		Е	54-85	22-26	25-29	18-23
Өте жоғары мазасыздық	7	Ә	94 аса	32 аса	32 аса	34 аса
		Е	86 аса	31 аса	31 аса	31 аса
	8	Ә	94 аса	31 аса	31 аса	33 аса
		Е	92 аса	32 аса	30 аса	30 аса
	9	Ә	90 аса	32 аса	26 аса	33 аса
		Е	86 аса	34 аса	25 аса	32 аса
	10	Ә	90 аса	34 аса	30 аса	36 аса
		Е	72 аса	27 аса	24 аса	23 аса

	11	Ә	91 аса	31 аса	30 аса	35 аса
		Е	85 аса	29 аса	26 аса	23 аса
«Шектен шыққан сабырлылық»	7	Ә	35 кем	8 кем	10 кем	8 кем
		Е	22 кем	5 кем	5 кем	7 кем
	8	Ә	30 кем	7 кем	11 кем	7 кем
		Е	17 кем	4 кем	4 кем	5 кем
	9	Ә	17 кем	2 кем	6 кем	4 кем
		Е	10 кем	-	-	3 кем
	10	Ж	39 кем	5 кем	12 кем	5 кем
		М	23 кем	5 кем	8 кем	5 кем
	11	Ж	36 кем	6 кем	4 кем	5 кем
		М	25 кем	5 кем	7 кем	5 кем

Сынып оқушыларының қарым-қатынасындағы психологиялық қуат деңгейін бағалау арқылы әлеуметтік – психологиялық ахуалды сипаттауда жай ғана барлық оқушылардың көрсеткішін қосып, шыққан нәтижені олардың санына бөлу арқылы орташа арифметикалық көрсеткішті шығару, содан кейін табылған санды интерпретация кестесінен іздеп тауып, сыныпта қандай да бір қатынас жағымсыз деп «диагноз» қою жеткіліксіз. Мұнда орташа неден шыққанына назар аудару маңызды. Мысалы, жалпы сыныптағы көтеріңкі тұлға аралық мазасыздықтың болуы сыныпта бірнеше жоғары деңгейлі мазасыз оқушылардың болуының немесе сыныптастарымен және мұғалімдермен өзара қарым-қатынаста көптеген балаларда көтеріңкі тұлға аралық мазасыздықтың болуының нәтижесі болып табылады.

«Пәнге көзқарас» әдістемесі

Осындай сауалнаманың ақпараттық нұсқасын оқу мотивациясы мәселесіне арналған психологиялық-педагогикалық консилиумға дайындықтың тұтас бағдарламасы шеңберінде Л.Балабкина ұсынған болатын. (Л. Балабкина, 2000). Біз оның тек қана бір элементіне, оқушылардың оқытылатын пәнге қатынасын анықтауға мүмкіндік беретін сауалнамасына ғана тоқталамыз.

Сауалнама ережесі бойынша топта жүргізіледі. Шынайы жауапты алу үшін бірнеше шартты ұстану қажет:

– әр түрлі әдістемелермен жұмыс істегендегідей, алынған мәліметтерді құпияда сақтау;

– оқушылардың мүмкіндігінше жоғары деңгейде шынайы жауап беруге жағдай жасау, оқушылар сеніміне ие болған адамның жүргізуі немесе оқушылар қорқатын мұғалімнің сауалнама кезінде болмауын қамтамасыз ету, себебі барлық сынып оқушылары қорқатын мұғалім өткізген сауалнама теріс ақпарат беретіні мәлім.

Сауалнаманың жүргізілу тәртібі: топпен өткізіледі. Мүмкіндігінше оқушыларды дайын сауалнамалармен қамтамасыз етеді. Жоқ болған жағдайда әрқайсысы жеке парақ қағазын дайындайды, тақтаға қарап жазып немесе жай ауызша айтылғанды жазады. Бұл сауалнаманы бесінші сынып оқушыларынан бастап қолдануға болады.

Нұсқау: «Аталған пәндерге деген қатынасыңды келесі шкалаларды пайдалана отырып бағала: «2 – бұл мен туралы, 1 – сенімсізбін, 0 – бұл мен туралы емес»».

Оқу пәндеріне деген көзқарастарын сипаттау үшін келесі критерийлер (белгі) беріледі:

-мен бұл пәнді білемін;

-мен онымен айналысқанды ұнатамын;

-мектепке қызығушылықпен барамын;

-бұл пәнді ешқашан себепсіз босатпаймын;

-мұғалімнің маған деген қатынасына ризамын;

-әрқашан жаңа материалды түсінемін;

-бұл пән бойынша үй тапсырмасын әрқашан өзім дайындаймын;

-бұл пән бойынша қосымша көп әдебиеттер оқимын (қосымша сабаққа, үйірмеге қатысамын).

Сауалнама жауап парағын құру үшін кесте сызу жеткілікті, жолдарда осы сыныпта берілетін пәндер, ал бағаналарда – оларды бағалау үшін критерийлер берілген:

Пән	мен бұл пәнді білемін	мен онымен айналысқанды	мектепке қызығушылықпен	бұл пәнді ешқашан себепсіз босатпаймын	мұғалімнің маған деген	әрқашан жаңа материалды түсінемін	бұл пән бойынша үй тапсырмасын әрқашан	бұл пән бойынша қосымша көп әдебиеттер	оқимын (қосымша Ұпайлар қосындысы

Алынған нәтижелерді өңдеу және талдау: әр оқушының бағалауға ұсынылған пәндерге деген қатынасын сипаттайтын балдардың қосындысын санаудан басталады (жоғарғы ұпай – 16, төменгі – 0).

Алынған балдар оқушының пәнге деген көзқарасын анықтайды:

16-14 ұпай – белсенді-жағымды ;

13-10 ұпай – жағымды ;

9-8 ұпай – бәрі бір ;

7-5 ұпай – жағымсыз ;

4-0 ұпай – өте жағымсыз .

Оқушылардың іс-әрекетке қатысу себептерін зерттеу әдістемесі (Л.В.Байбородова).

Мақсаты : Оқушылардың әрекетке қатысу ниетін анықтау [5].

Нұсқау: Бұл әдіс тәрбие үрдісіндегі жеке тұлғаның әлеуметтік жетістігін бағалауда, іс-әрекетке қатысу себептерін анықтауда, әр түрлі әлеуметтік рөлді бөлісуде қолданылады.

Оқушыларға бірлесе әрекет етуге тарту не үшін және қандай дәрежеде екендігін анықтау тапсырылады. Жауап беру үшін төмендегі көрсеткіштер қолданылады:

3- өте қатты тартады;

2- белгілі дәрежеде тартады; 1-әлсіз тартады;

0-мүлдем тартпайды.

Іс-әрекетке тартады:

1. қызықты іс.
2. әр түрлі адамдармен жұмыс істеу.
3. жолдастарыңа көмек көрсету.
4. өз біліміңді көрсету.
5. шығармашылық.

6 жаңа білім алу, үйрену.

7. өзгелерді басқаруға мүмкіндік алу.

8.өз ұжымындағы жұмыстарға қатысу.

9.достарыңның құрметіне ие болу.

10.өзгелерге жақсылық жасау.

11.өзгелердің ортасында ерекшелену.

12.өз мінез-құлқының кейбір жақтарын түзеу.

Нәтижені өңдеу және талдау:

Әдістеме арқылы алынған ұпайлар қосылады. Әр сұрақ белгілі бір дәлелді анықтайды:

А) ұжымдық дәлел (3,4,8,10)

Б) жеке дәлел (1,2,6,12)

В) құнды дәлел (7,9,11)

Әр бөліктен алынған бағалары салыстырмалы түрде оқушылардың еңбек етуге бейімділігін анықтайды.

«Бейімделу кезеңіндегі оқушылардың қобалжу деңгейін анықтаудағы» экспресс әдістемесі

Оқушылар соңғы уақыттағы өздерінің сезімдерімен бөліседі. Оң есепті өзгеріс орын алған жағдайда ғана жасалады. Мысалы: оқушы шаршаған және осы мезгілде де шаршап тұрса онда жағымсыз нәтиже көрсетеді. Әр сөзді **«соңғы уақытта мен...» -** деп жалғастырамыз:

1. Мен тез шаршаймын *(ия,жоқ).*
2. Басқа балаларға қарағанда менің жұмысым жоғары *(ия,жоқ).*
3. Мен өзімді еркін сезінемін *(ия,жоқ).*
4. Менде бас айналу, әлсіздік, жүрек айну пайда болды *(ия,жоқ).*
5. Мұғалім маған көп ескерту жасайды *(ия,жоқ).*
6. Менің өзіме деген сенімділігім төмен *(ия,жоқ).*
7. Өзімді қауіпсіз сезінемін *(ия,жоқ).*
8. Мен қиындықтан қашамын *(ия,жоқ).*
9. Мен тез булығып жылап жіберемін *(ия,жоқ).*
10. Менде қақтығыстар көбейді *(ия,жоқ).*
11. Үй тапсырмасы қызықсыз болып кетті *(ия,жоқ).*
12. Мұғалімнің түсіндіргенін түсінбеймін *(ия,жоқ).*
13. Мен қиыншылыққа көп алаңдаймын *(ия,жоқ).*
14. Менің ұйқым қанбайды *(ия,жоқ).*
15. 5 сыныпта былтырғы жылғы берген мұғалімдердің болғанын қалаймын. *(ия,жоқ).*

Ұпай санын іріктеу:

Берілген мына сұрақтарға «ия» деп жауап берген болса, әр сұраққа 1 ұпайдан беріледі - 1,4,5,6,9,10,12,13,14,15 және «жоқ » деп жауап берген болса -2,3,7,11.

Мазасыздану деңгейін анықтау:

I - 4 төменгі ұпай саны

5 -7 орташа ұпай саны

8-10 көтермеленген жоғары ұпай саны

II - 15 жоғары ұпай саны

Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған сұрақнамасы

Мақсаты: ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау.

1.Компьютерлік ойындар ойнаған кезде эйфория, көтеріңкі көңіл-күйде боласыз ба?
2.Ақырғы кездері осы күйге жету үшін көп уақыт талап етіледі ме? 3.Компьютердің алдына отыруға мүмкіндігіңіз болмаған кездерде жайсыздық сезімін сезесіз бе?
4.Білек сүйектеріңіз ауырады ма?
5.Компьютерлік ойындар үшін кездесулерге бармай қалған кездеріңіз болды ма?
6.Сіз Ғаламторда күніне 3 сағат және одан артық уақыт өткізесіз бе?
7.Компьютер алдында отырған кезде сіздің негізгі іс-әрекетіңізге қатысы жоқ сайт, чаттарға кіресіз бе?
8.Тікелей қарым-қатынас жасағаннан Ғаламтор арқылы қарым-қатынас жасағанды ұнатасыз ба?
9.Достарыңыз немесе туыстарыңыз сізге Ғаламторда тым көп уақыт өткізесіз деп шағымданады ма?
10.Негізгі іс-әрекетіңіз бойынша – білімнің төмендеуі немесе оқудың нашарлауын байқадыңыз ба?
11.Компьютердің алдында жұмыс істегенде шынашағыңыз ұйып қалатын кездер болды ма?
12.Арқаңызда үнемі ауырлық сезімдері бола ма?
13.Кейінгі кездерде сізді көздің кеуіп кетуі сияқты құбылыс мазалап жүрген жоқ па?
14.Кейінгі кездерде сізде ойнауға деген қатты құмарлық пайда болды ма?
15.Ғаламторда көбірек уақыт өткізу үшін сіз жуыну, тісті тазалау, қырыну сияқты әрекеттерді орындамаған кездер болды ма?
16.Ғаламторды пайдалана бастағаннан бері сізде ұйқының бұзылуы пайда болды ма: ұзақ уақытқа дейін ұйықтай алмау, ұйқысыздық, ұйқының қашуы?

Нәтижені өңдеу және талдау:

14-16 өте жоғары;
11-13 жоғары;
7-10 орташа;
4-6 төмен;
0-3 өте төмен.

Өте жоғары – көрсеткіші сыналушыда ғаламтор және компьютерлік ойындардан тәуелділік дәрежесі өте жоғары, бұл

адам (әсіресе жеткіншектер) үшін өте қауіпті. Міндетті түрде мамандардың көмегіне жүгіну керек.

Жоғары – сыналушы бойында ғаламтор және компьютерлік ойындардан тәуелділігі айқын байқалады. Қауіптілігі бойынша орташа дәрежеде, алайда құзырлы мамандарға барып кеңесу қажет болып табылады.

Орташа – орташа деңгейдегі тұлғалардың бойында берілген тәуелділік түрі енді белең алуда, яғни сыналушылардың бұл категориясы да қауіп тобына жатқызылады.

Төмен – бұл категорияға жатқызылатын адамдарда берілген тәуелділіктің түрі айқын көрінбейді. Бұл адамдар ғаламтор және компьютерлік ойындарға тәуелділігі жоқтың қасы, қауіпсіз категорияға жатады.

Өте төмен – сыналушы тұлғада ғаламтор және компьютерлік ойындардан тәуелділіктің бірде- бір белгісі жоқ. Сыналушы мұндай жат қылықтан мүлдем еркін.

Суицидтік бағыттылықты анықтауға арналған тұлға аралық сауалнама

(СБА әдістемесі)

Бұл әдістеме 13-18 жасар жасөспірімдердің суицидтік қауіпті ұстанымдарын анықтаудағы бағдарланған әдістеме ретінде құрылған. Әдістеме депресиялық, невротикалық жағдайды және қарым-қатынас деңгейін анықтауға арнлған. Жалпы шкала саны – 4, негіздеме саны – 74.

1шкала «Ш» - шыншылдық шкаласы.

Нәтиженің шынайылығын бақылайды. 8 - 1 0 б а л л шыншылдықтың жоғарғы деңгейі; 4 -7 балл – орташа деңгей ; 0-3 балл шыншылдықтың төмен деңгейі, бұл әлеуметтік қолдауға бағдарланған, жауапты шынайы деп бағалауға болмайды.

2 шкала «Д» - депрессивті шкаласы.

Депрессивті жағдайға бейімділігін анықтайды. 17-21 балл - жоғары, бұл белгілердің эмоционалдық көңіл-күйіне, жүріс-тұрысына, өз-өзіне жәнеқоршаған ортаға қарым-қатынасында болуын сипаттайды. 8-16 балл орташа деңгей, 1-7 балл төмен деңгей.

3 шкала «Н» - невротизация шкаласы.

Невротизм деңгейін анықтайды. 1 7 - 2 1 балл жоғары баға эмоционалдық тұрақсыздық, қобалжу негізінде көрінетін невротикалық синдромға тән келуі мүмкін.

4 шкала «Қ» - қарым-қатынас шкаласы

Қарым-қатынас деңгейін анықтайды. 17 - 21 балл – қарым-қатынастың жоғарғы деңгейі, 8 - 1 6 алл орташа деңгейі, 1 - 7 балл төмен деңгей. Қарым-қатынастың төмен деңгейі депрессивтілік пен невротизацияның жоғары көрсткішімен сәйкес келуі зертелушінің суицидтік қауіпті ұстанымдарының белгілері, яғни «өлімге пассивті келісім беру» болып табылады.

шкалалар бойынша есептеу кілті:

«Ш» шкаласы. «+» жауабы *:* **1**, 4,13,20, 29, 31, 33,47, 57, 67,74.

«Д» шкаласы . «+» жауабы: 2, 6, 12, 14, 19, 21, 27,28, 32, 36, 39, 41, 45, 49, 52,55, 59, 63, 65, 69, 72.

«Н» шкаласы. «+» жауабы: 3,8, 10, 16, 18, 23, 25, 30, 34, 38, 42, 44, 46, 50, 53, 56, 61, 64, 68, 71,73.

«Қ»шкаласы. «+» жауабы :5, 7, 9, 11, 15, 17, 22, 24, 26, 35, 37, 40, 43, 48, 51,54,58,60,62,66,70.

Нұсқау:

Сіздер қазір жауап бергендеріңізді бұрын сізді жақсы білетін

адам жауап бергендей көз алдарыңа елестетіңдерші. Айтылғандардың біреуі сізге жақын болса, ал кейбіреуі келмеуі мүмкін. Сіз келіскен ұстанымға «+» белгісін, ал егер келіспесеңіз «-» белгісін қойыңыз. Егер сіз жауап бере алмасаңыз немесе жауап бергіңіз клмесе онда номерді дөңгелетіп қойыңыз. Барлық сұрақты дұрыс таңдап, мұқият болыңдар, әдістемені орындауға аз уақыт берілген. Дөңгелекті қоймай жауап беруге тырысып көріңіз. Көп ойланып талқылауға тырыспаңыз. Адамның ойына алғашқа келген жауапты нақты деп саналады.

Суицидтік бағыттылықты анықтауға арналған тұлға аралық сауалнама
(СБА әдістемесі)

Ұсынылатын ұйғарымдар:

1. Мен нұсқаманы мұқият тыңдадым және барлық сұрақтарға шынайы жауап беруге дайынмын.
2. Мен жұмыс істегенде көңілімді басқа нәрсеге тез аударамын, қиялшыл және ұмытшақ болып кетемін.
3. Мен мені қоршаған адамдарға қарағанда тез шаршаймын.
4. Кей кездері мен мақтанамын.
5. Жиі жағдайда менде көңіл - күйім көтеріңкі болып жүреді.
6. Мені көңілсіз ойлар жиі мазалайды.
7. Мен адамдармен қарым қатынаста болғанды ұнатамын.
8. Мен аяғымның және қолымның мұздайтынын немесе жансызданып қалғанын жиі сезем ін.
9. Мен ренжігенім туралы ұмытып кетемін.
10. Кейбір кездері самайымның дүңкілдегенін және мойынымның аясындағы тамыр соғысын сезінемін.
11. Мен көңілді ортада көңіл көтергенді ұнатамын.
12. Менің отбасымда жүйкесі тозған адамдар бар.
13. Кей кездері мен өзім нашар білетін тақырыпта сенімді сөйлеуім мүмкін.
14. Кей уақытта мен өзімді қорғансыз сезінемін.
15. Менің көп жақсы достарым бар.
16. Менің басым жиі аурады.
17. Мен әрқашанда тез қозғаламын және белсендімін.
18. Егер мен отырған кезде тез тұра қалсам, менің көзім қарауытады және басым айналады.
19. Кей кездері мен проблемалардан қашу үшін ауруымды сылтауратамын.
20. Кей кездері мен тиым салынған тақырыптарға қызығушылық танытамын.
21. Менде жиі жағдайда жаман көңіл - күй болып тұрады.
22. Менің достарым менің жұмыскерлігіме және

шаршамайтынына таң қалады.
23. Мен сезімтал және тез қозатын адаммын.
24. Өмірдегі барлық мәселелерді шешуге болады.
25. Менде қалтырау ұстамалары болады.
26. Мен көңілді анекдоттарды және көңілді әңгімелерді айтқанды ұнатамын.
27. Уақыт өте келе менің үйден мүлдем кетіп қалғым келеді.
28. Мен жиі түкке тұрғысыз нәрселерге бола қобалжимын.
29. Мен өзімді ақтау үшін кей кездері өтірік айтамын.
30. Кей кездері мен аяқ астынан тер басып кетеді.
31. Мен өз уәдемді орындамайтын кездер болады.
32. Кей кезде мен өзімді ештеңеге жарамсыз сезінемін.
33. Маған менің кейбір таныстарым ұнамайды.
34. Менің жиі тәбетім болмайды.
35. Мен ең көңілсіз ортаның көңілін көтеру қолымнан келеді.
36. Менің отбасы мүшелерімнің кейбір әдеттері ашуландырады.
37. Мен бейтаныс адамдармен де сөйлесетін тақырып табамын.
38. Маған мені үнемі бір күш басып тұратын сияқты сезінемін және мен босаңси алмаймын.
39. Менің жиі өлгім келеді.
40. Мені басқалар көңілді және тез тіл табысқыш адам деп ойлайды.
41. Мен барлығын жүрегіме жақын қабылдаймын.
42. Менің кеуде тұсымда және ішімде жағымсыз сезімдер пайда болады.
43. Мен таныс адамдармен және бейтаныс адамдармен сөйлесе кетуге дайынмын.
44. Егер мен бірдеңеге қатты ашуланып немесе толғанып тұрсам, оны мен барлық тәнімен сезінемін.
45. Мен көп армандаймын, бірақ бұл жайлы ешкімге айтпаймын.
46. Кей кездері мен өте белсендімін, ал кей уақытта белсенділігім тым төмен.
47. Мен әркез шындықты айта бермеймін.
48. Бәстескенде мен нені болса да істеуге дайынмын.
49. Менің қатты уайымдайтыным соншалық, ол менің миымнан көпке дейін кетпей жүреді.
50. Мен өзімді жиі шаршаңқы және әлсіз сезінемін.
51. Мен басқалардың үстінен қалжыңдағанды ұнатамын.
52. Басқалардың сыны мен ескертулері менің жаныма батады.
53. Менің түсіме қорқынышты түстер жиі кіреді.
54. Мен өз сезімдеріме бостандық беруге және жақсы ортада көңіл көтеруге бармын.
55. Кей кездері еш себепсіз мен өзімді әлсіз сезінемін.

56. Менің жиі ұйқым қашады.
57. Кей кездері мен өсек айтамын.
58. Мен барлығына жеңіл қараймын.
59. Егер сәтсіздіктер менің өкшемнен басып жүрмесе мен жақсырақ өмір сүрер едім деп күн сайын ойлаймын.
60. Мен – өз өзіме сенімді адаммын.
61. Мені кінәлілік сезімі жиі мазалайды.
62. Мен тез жүремін.
63. Мен сәттілікке деген үмітім оңай үзілетін жағдайларға жиі тап боламын.
64. Менің басыма неше түрлі ойлар кіре беретіндіктен, менің ұйқым қашады.
65. Маған басқалар менің сыртымнан күлетін сияқты болып көрінеді.
66. Мен – уайымым жоқ адаммын.
67. Кей кездері менің ойыма кісіні ұялтатын ойлар келеді.
68. Менің жүрек қағысым жиілеп кететін жағдайлар жиі болады.
69. Кейде адамдардың арасында да мен өзімді жалғыз сезінемін.
70. Кей кездері мен көп сөйлеймін және маған өзімді тоқтату қиын.
71. Мен мені түсінетін, сергітетін, жұбататын достарды үнемі қажет етіп тұрамын.
72. Кей кездері мен өз күшіме сенбегендіктен бастаған ісімнен бас тартамын.
73. Олар басқа адамдарға солай әсер етпесе де, мені жарық шам, жарқын түстер қатты шу ашуландыратын кезеңдер болып тұрады.
74. Менің жаман әдеттерім бар.

М. Люшердің «Түсті таңдау тесті» әдістемесі

Түстің адамға физиологиялық және психологиялық тұрғыдан әсер ететіні бізге жақсы белгілі. Ұзақ уақыттан бері өнер, эстетика, гигиена өндірістерінде түстің әсері ескерілуде. Адамның түске деген эмоционалдық қатынасы талғамымен (таңдауымен), оны ұнатуы немесе селқостық танытуымен, немесе одан бас тартуынан (жағымсыз бағалауымен) сипатталатындықтан ол психодиагностикада да ескеріледі. Люшер тесті сыналушының түсті таңдауы белгілі бір іс әрекет түріне бағыттылығын, көңіл-күйін, функционалдық жағдайы мен едәуір тұрақты мінез бітістерін бейнелейтіні туралы болжамға негізделеді.

Люшер тестін кейде Шетелдік психологтары кәсіби бағдарлау үшін мамандарды іріктеуде, өндірістік ұжымдарда мамандарды топтастыруда, этникалық, геронтологиялық зерттеулерде, неке серіктестерін таңдауда қолданады. Психологиялық тұрғыдан талдаудағы түстердің мәні көптеген әр түрлі контингенттерде жан-жақты зерттеулер барысында анықталды.

Түстердің сипаттамасы (Люшер бойынша) 4 негізгі және 4 қосымша түстерден тұрады.

Негізгі түстер

1)**Көк** – тыныштық пен қанағаттануды бейнелейді;

2)**Көк-жасыл** – сенімділік сезімін, табандылықты, кейде бірбеткейлікті бейнелейді;

3)**Қызғылт сары-қызыл** – еріктің күшін, агрессивтілікті, шабуыл жасауға бейімділікті, қозуды бейнелейді;

4) **Ашық сары** - белсенділікті, қарым қатынасқа деген ұмтылыс, экспансиялық, көңілділікті бейнелейді. Қақтығыс болмаған кездегі тиімді жағдайда көбінесе негізгі түстер алғашқы 5 позицияда болуы қажет.

Қосымша түстер

5) Күлгін;

6) Қоңыр;

7) Қара;

8) Нөлдік;

Нөлдік түс жағымсыз (жағымсыз) - мазасыздықты, күйзелісті, қорқыныш, қынжылысты бейнелейді. Бұл түстердің мәні (негізгілері сияқты) көбінесе олардың өзара орналасу орны, позицияларына қарай орналастырылуы бойынша төменде көрсетілгендей анықталады.

Нұсқау (психолог үшін)

Түрлі-түсті карточкаларды араластырып, олардың түрлі-

түсті беттерін жоғары қаратып қойыңыз. Сыналушыдан 8 түстің ішінен өзіе аса ұнайтын түсті таңдап алуын өтініңіз. Сонымен қатар сыналушыға түс таңдауда өзінің сүйікті киімінің түсіне немесе көзінің түсіне т.с.с сәйкестендіріп таңдау жасамауын ескертіңіз. Сыналушы 8 түстің ішінен өзіне ең жағымды түсті таңдауы керек. Таңдалған түсті карточканы түрлі-түсті жағын төмен қаратып бөлек алып қою қажет. Қалған 7 түстің ішінен тағы бір ұнататын түсті таңдауын өтініңіз. Таңдалған карточканы түрлі-түсті жағын төмен қаратып бірінші таңдалған карточканың оң жағына қойыңыз. Рәсімді қайталаныңыз. Қойылған ретімен карточкалардың нөмірін жазып шығыңыз.

2-3 минуттан соң түрлі-түсті жағын жоғары қаратып, алдыңғы жасалғандарды қайталаңыз.Сонымен қатар сыналушыға алдыңғы таңдауындағы түстердің орын тәртібін есіне түсірмеуі керек екенін және өткен таңдаудағы түстердің орнын саналы түрде ауысыруға болмайтынын ескертіңіз. Ол түстерді алғаш рет таңдау жасап тұрғандай таңдауы тиіс.

Бірінші таңдау оның қалайтын күйін бейнелесе, екіншісі – шындықтағы күйі.Тестілеудің нәтижесін зерттеудің мақсатына қарай түсіндіруге болады.

Тестілеудің нәтижесінде 8 позицияны аламыз:

1 және 2-ші – ерекше ұнату (белгіленуі + +);

3 және 4-ші - ұнату (белгіленуі * *);

5 және 6-шы – түске деген селқостық (белгіленуі = =);

7 және 8-ші – түсті ұнатпау (белгіленуі - -).

36 000 астам зерттеу нәтижелерін талдау негізінде М.Люшер таңдалған позицияларға шамамен былайша сипаттама берді.

1-ші ұстаным мақсатқа жету амалдарын бейнелейді (мысалы, көк түсті таңдау әрекетке сабырлы, еш күш түсірмей әрекет етуді білдіреді);

2-ші ұстаным сыналушының талпынған мақсатын көрсетеді;

3-ші және 4-ші ұстаным сыналушының түсті ұнатуын сипаттайды және сыналушының өзі түскен шынайы жағдайды немесе жағдайдың әсерінен туындайтын әрекет бейнесін сезінуін көрсетеді.

5-ші және 6-шы ұстаным түске деген селқостықты, бейтарап қатынасты көрсететді. Сыналушының өз жағдайын, көңіл күйін, мотивтерін бұл түстермен байланыстырмайтынын білдіреді. Дегенмен, бұл позиция белгілі бір жағдайда түске қосымша түсіндірме беруі мүмкін, мысалы, көк түс (тыныштық түсі) бұл жағдайға лайықсыз деп саналып уақытша кейінге қалдырылады.

7-ші және 8-ші ұстаным түске деген жағымсыз қатынасты, осы түс бейнелейтін қандайда бір қажеттілікті, мотивті, көңіл

күйді басуға талпынысты сипаттайды.
Таңдалған түстерді жазу ұнату реті бойынша түстердің нөмірлер тізбесі арқылы жүзеге асады. Мысалы, қызыл, сары, көк, сұр, жасыл, күлгін, қоңыр және қара түстерді таңдағанда жазылады:
+ + * * = = – –;
3 4 1 0 2 5 6 7.
Аймақтар (++, * *, ==, —) 4 функционалды топты түзеді.

Тест нәтижелерінің талдамы мен өңдеу

Жоғарыда айтылғандай, таңдау нәтижелерін түсіндіру негізгі түстердің орнын бағалау болып табылады. Егер олар 5-ші позициядан кейін орналасса, олар сипаттайтын қасиеттер, қажеттіліктер қанағаттандырылмаған, демек, мазасыздықтың, жағымсыз күйдің орын алғанын көрсетеді.

Негізгі түстердің өзара орны қарастырылады. Мысалы, 1 және 2 (көк және жасыл) функционалдық топ құрып бір-бірінің жанында тұрса, олардың ортақ сипаты белгіленеді – ішкіге субъективтік бағыттылық. 2 және 3 (жасыл және қызыл) түстердің бірлестіп орналасуы тәуелсіздікті, шешім қабылдаудағы дербестікті, бастамашылықты көрсетеді. 3 және 4 (қызыл мен жасыл) түстердің үйлесімі сыртқа бағытталуды сипаттайды. 1 және 4 (көк пен сары) түстердің бір функционалдық топтағы үйлесімі ортаға және субъективті бағыттылыққа (көк түс) және тәуелсіздікке, сыртқа бағытталуға (қызыл түс) тәуелділіктің қолайлы теңгерімін көрсетеді. Жасыл мен сары (2 мен 4) түстердің үйлесімі ішкі субъективті талпынысты тәуелсіздікке, бірбеткейлікке, ортаға тәуелділікке қарсы қою ретінде қарастырады.

М.Люшердің пікірінше, негізгі түстер келесі психологиялық қажеттіліктерді бейнелейді:
1(көк) – қанағаттандыруға деген қажеттілік, тыныштық, жағымды тұрақты жақындық;
2 (жасыл) — өз-өзін бекітуге деген қажеттілігі;
3 (қызыл) — белсенді әрекет етуге және табысқа жетуге қажеттілік;
4 (сары) — болашаққа деген, жақсылыққа деген үміт, арманға деген қажеттілік.

Егерде негізгі түстер 1-5-ші позицияларда тұрса, онда қажеттіліктер белгілі жағдайда қанағаттандырылады, қанағаттандырылған болып саналады; егер олар 6-8 -ші позицияларда тұрса, жағымсыз жағдайға байланысты қандайда бір қақтығыс, мазасыздану, қанағаттанбаушылықтың орын алуын білдіреді. Таңдалмаған түс күйзелістің көзі болып қарастырылуы мүмкін.

Мысалы, таңдалмаған көк түс қанағаттанбаушылықты, тыныштықтың болмауын көрсетеді.

Түстерді таңдауды талдау барысында М.Люшер жұмысқа қабілеттілікті бағалаудың мүмкіндігін келесі алғышарттарды ескере отырып анықтады.

Жасыл түс күрделі жағдайдағы ерік күшінің икемділігін сипаттайды, сөйтіп жұмысқа қабілеттілікті қамтамасыз етіледі.

Қызыл түс ерік күшін және мақсатқа жетудегі қанағаттану сезімін білдіреді, ол да жұмысқа қабілеттілікті қолдауға ықпалын тигізеді.

Сары түс жетістікке деген үмітті, жұмысқа араласудан кездейсоқ қанағаттануды (кейде оның бөлшектерін нақты түсінбесе де), болашақтағы жұмысқа бағдарлануды бейнелейді.

Егерде бұл 3 түстер тізімнің басында бірге тұрса, онда жұмыс өнімдірек болуы ықтимал, едәуір жоғары жұмысқа қабілеттілік болуы мүмкін. Егерде олар тізімнің екінші жартысында және бір-бірінен бөлек болса, болжам едәуір жағымсыз болады.

Мазасыздықтың көрсеткіштері

Егер негізгі түс 6-шы орында тұрса, ол « –» белгімен белгіленеді және барлық қалғандары да, олардан кейінгілері де (7-8-ші позициядағылар) осы белгімен белгіленеді. Оларды қабылдамаған түстер ретінде, мазасыздықтың, жағымсыз жағдайдың себебі ретінде қарау керек. Люшер тестінде мұндай жағдайлар түстің нөмірінің және «–» белгісінің үстіне қосымша А әріпімен белгілейді. Мысалы:

А	А	А
-	-	-
0	1	6

Орнын басушы (компенсация) көрсеткіштері

6-шы және 8-ші позицияда орналасқан, қандайда бір негізгі түс арқылы бейнеленген күйзелістің, мазасыздықтың негіздері бар болған жағдайда, **1-ші** позицияға қойылған түс компенсацияның көрсеткіші ретінде (орнын басушы мотив, көңіл күй, мінез құлық) қарастырылады. Бұл жағдайда 1-ші орында тұрған санның үстіне С әріпі қойылады. Компенсация негізгі түстердің бірі арқылы өтсе құбылыс азды көпті қалыпты деп саналады. Сондай ақ күйзеліс пен мазасыздану көрсеткіштерінің және компенсациялардың болуы әрқашан жағдайдың аса қолайлы еместігінің дәлелі болады.

Компенсация қосымша түстер арқылы болған жағдайда, тест нәтижелері жағымсыз жағдай, келеңсіз мотивтер,

айналадағы жағдайларға жағымсыз қарым-қатынас ретінде түсіндіріледі.

Мазасыздықдықтың қарқындылық көрсеткіші негізгі түстердің алып тұрған орнымен сипатталады. Егерде негізгі түс 6-шы орында болса, мазасыздықты тудыратын фактор әлсіз болып саналады (ол бір леп белгісімен белгіленеді); Егер негізгі түс 7-ші орында тұрса, 2 леп белгісі қойылады (!!); егер негізгі түс —8-ші позицияда тұрса, 3 леп белгісі қойылады (!!!).

Осылайша, күйзелістің, мазасыздықтың шығу негізін сипаттайтын 6 белгіге дейін қоюға болады, мысалы:

!	!!	!!!
–	–	–
A	A	A
–	–	–
4	2	1

Осылайша,жағымсыз компенсациялар бағаланады. Егерде компенсация қандайда бір негізгі түспен немесе күлгін түспен берілсе, онда ешқандай белгі қойылмайды. Егер сұр, қоңыр немесе қара түс 3-ші позицияда тұрса 1 леп белгісі, егер 2-ші позицияда тұрса 2 леп белгісі (!!), егер 1-ші позицияда тұрса 3 белгі қойылады (!!!). Осылайша олар 6 болуы мүмкін. мысалы:

!!!	!!	!
C	C	C
+	+	+
6	0	7

«!» белгісі қаншалықты көп болса, соншалықты болжам жағымсыз болып табылады.

Тестілеуден алынған нәтижелерді есепке ала отырып реттеу және өзін өзі реттеу, аутогенді жаттығуларды іс-шараларды ұйымдастырған дұрыс. Осындай іс-шарадан кейін қайтадан тестілеу (басқа әдістемелермен үйлестіре отырып) мазасыздықтың, қиындықтың төмендегені туралы мәлімет береді.

Тестілеудің нәтижесін талдауда соңғы, **8-ші**

позициядағы (немесе 4-ші фукционалдық топта «–» белгісі бар екі түс болған жағдайда) түсті бағалаудың да маңызы зор. Егер бұл позициядағы түстер леп белгісімен белгіленетін болса, онда сыналушының мазасыздық күйінің арту мүмкіншілігі жоғары болады.

1 және 8 позицияның ара қатынасына, компенсация орнына, дұрыс сызба бойынша ол құрастырылған, осыларға назар аудару қажет.

Сонымен қатар **2-ші мен 3-ші** позициялардағы түстердің қатынасы талдануы мүмкін (қалаулы мақсат және нақты жағдай).Олардың арасында қақтығыс жоқ па? Мысалы 2-позициядағы қызыл түс пен 3-позициядағы сұр түстер мақсат, мотивтер мен өзіндік шынайы жағдайын өзіндік бағалауы арасындағы қақтығысты бейнелейді.

Люшердің тест қорытындысын талдай келе, алынған психодиагностикалық мәліметтерді бақылау, сауалнама, әңгімелесу және сыналушылар туралы құжаттарды зерттеу материалдарымен салыстыру қажет. Тек осындай тұлғаны жан-жақты зерттеу нәтижесінде тұлға бітістері және оның психологиялық ерекшеліктері туралы күрделі тұжырым жасауға болады.

Тест нәтижесін тұлғаның жағдайын, әсіресе, эмоционалдық күйін, мазасыздану мен күйзелістерін бағалау үшін болашақта қолдануға болатыны туралы айтуға болады.

Бірақта түстік тест көрсеткіші мен сауалнама, бақылау мәліметтерінің сәйкес келуі сыналушыда әр түрлі жағымсыз күйлердің дамып келе жатқаны туралы үлкен сенімділікпен жорамал жасауға мүмкіндік береді.

Люшер бойынша түстер жұбының талдамы мен өңделуі

«+ +» позициясы

Бірінші түс көк

+1 +2 (көк және жасыл) — қанағаттану, жан тыныштық, тыныш жағдайға деген ұмтылыс, қақтығысқа, күйзеліске түскісі келмеу сезімдері.

+1 +3 (көк және қызыл) — біртұтастық сезімі, белсенді және әрқашан түсінікті бола бермейтін жақын қарым−қатынасқа деген талпыныс. Өзгелердің назарына деген қажеттілік.

+1 +5 (көк және күлгін) — аздаған мазасыздық, айналасындағыларға деген қажеттілік, әдемілікке деген ұмтылыс сезімі.

+1 +6 (көк және қоңыр) — мазасыздық, жалғыздықтан қорқу, қақтығыстан кетуге талпыныс, күйзелістен қашу сезімдері.

+1 +7 (көк және қара) — жағымсыз күй, тыныштыққа, демалуға ұмтылыс, өзіне деген қатынасқа қанағаттанбау,

жағдайға деген жағымсыз қатынас.

+1 +0 (көк және сұр) — жағымсыз күй, күйзелістен босануға деген қажеттілік, демалуға, тыныштыққа ұмтылу.

Бірінші түс жасыл

+2 +1 (жасыл мен көк) —жағымды көңіл күй, мойындатуға,табысқа әкелетін іс әрекетке ұмтылу.

+2 +3 (жасыл мен қызыл) — жетістікке, өз бетінше шешім қабылдауға белсенді ұмтылу, іс әрекеттердегі кедергілерді жеңу.

+2 +4 (жасыл мен сары) — аздаған мазасыздық, мойындатуға,танымалдылыққа ұмтылу, әсер қалдыруға деген талпыныс.

+2 +5 (жасыл және күлгін) — аздаған мазасыздық, мойындатуға,танымалдылыққа ұмтылу,аса зор әсер алу тілегі, өз қылықтарына деген айналадағы адамдардың реакциясына ерекше назар аудару.

+2 +6 (жасыл мен қоңыр) — қанағаттанбаушылық, шаршау сезімі, айналадағы адамдардың өзіне деген қатынасының мәнін қайта бағалау.

+2 +7 (жасыл мен қара) — ренжу, ашулану сезімі, аяушылық танытуға ұмтылу, қарым- қатынаста -өктемшілдік.

+2 +0 (жасыл мен сұр) — қанағаттанбаушылық сезімі, мойындатуға, әсер қалдыруға ұмтылу.

Бірінші түс қызыл

+3 +1 (қызыл мен сұр) — іскерлік құлшыныс, іс әрекетке, әсер алуға, рахаттануға деген белсенді ұмтылыс.

+3 +2 (қызыл мен жасыл) — іскерлік құлшыныс, мақсатқа жетуге деген белсенділік, барлық қиыншылықтарды жеңу, өз іс әрекетінде жоғары баға ие болуға деген құлшыныс.

+3 +4 (қызыл мен сары) — іскерлік, сәл көтеріңкі құлшыныс, әуестік, оптимизм, қарым−қатынасқа ұмтылу, қызмет аймағын кеңейту.

+3 +5 (қызыл мен күлгін) —жоғары қозғыштық, барлық уақытта дұрыс бола бермейтін әуестік, әсер қалдыруға ұмтылу.

+3 +6 (қызыл мен қоңыр) — жағымсыз көңіл күй, сәтсіздіктің салдарынан ренжу, жағымды жағдайдан айырылуды қаламау.

+3 +7 (қызыл мен қара) — жағымсыз көңіл күй, ашу, жағымсыз жағдайдан кетуге ұмтылу.

+3 +0 (қызыл мен сұр) — қанағаттанбаушылық сезімі, тәуекел жасауға бағыттылық.

Бірінші түс сары

+4 +1 (сары мен көк) — жалпы көңіл күй қалыпты, көңілді эмоционалды күйге ұмтылыс, ұстамдылық

+4 +2 (сары мен жасыл) — жалпы көңіл күй жақсы, қойылған міндеттертің оң шешімдерін табу тілегі, өз−өзін бекітуге

талпыныс.
+4 +3 (сары мен қызыл) — бірқатар жоғары іскерлік белсенділік, кең ауқымды белсенділікке деген құлшыныс.
+4 +5 (сары мен күлгін) — шағын эйфория, ерекше оқиғаларға ұмтылу, әсер қалдыруға талпыну.
+4 +6 (сары мен қоңыр) — жағымсыз көңіл күй, реніш және эмоционалдық демалысқа деген қажеттілік.
+4 +7 (сары мен қара) —аса жағымсыз көңіл күй, кез келген мәселеден кетуге ұмтылу, қажетті, жөнсіз шешімдерге бейімділік.
+4 +0 (сары мен сұр) — жағымсыз қажытатын күй, жағымсыз жағдайдан шығуға деген құлшыныс, оны қалай істеу керек екенін айқын білмеу.

Бірінші түс күлгін

+5 +1 (күлгін мен көк) — белгісіз көңіл күй, келісім мен үйлесімге талпыну.
+5 +2 (күлгін мен жасыл) — сақтық, жақсы әсер қалдыру тілегі.
+5 +3 (күлгін мен қызыл) — кейбір қызбалық, жақсы әсер қалдыруға деген белсенді құлшыныс.
+5 +4 (күлгін мен сары) — қозғыштық, қиялдау, ерекше оқиғаларға ұмтылу.
+5 +6 (күлгін мен қоңыр) — қозғыштық, қатты эмоционалдық уайымға бағдарлану.
+5 +7 (күлгін мен қара) — жағымсыз жағдай.
+5 +0 (күлгін мен сұр) — шиеленісті күй, қақтығыстан, күйзелістен өзін қорғауға деген ұмтылыс.

Бірінші түс қоңыр

+6 +1 (қоңыр мен көк) — шиеленісті күй, жалғыздықтан қорқу, жағымсыз жағдайдан шығу тілегі.
+6 +2 (қоңыр мен жасыл) — мазасыздық сезімі, қателік жасамау үшін, өз−өзін қатты қадағалауға деген талпыныс.
+6 +3 (қоңыр мен қызыл) — эмоционалдық босаңсуға белсенді талпыныс.
+6 +4 (қоңыр мен сары) — жақсы болашаққа деген сенімді жоғалту, ойланбастан шешім қабылдау мүмкіндігі («маған бәрібір»).
+6 +5 (қоңыр мен күлгін) — қанағаттанбаушылық сезімі, жайлы, қолайлы жағдайға ұмтылу.
+6 +7 (қоңыр мен қара) — жағымсыз күй, көңіл қалу, тыныштыққа ұмтылу, белсенділіктен қашу тілегі.
+6 +0 (қоңыр мен сұр) — аса жағымсыз күй, қиын мәселелермен күреспей, керісінше олардан кеттуге ұмтылу.

Бірінші түс қара

+7 +1 (қара мен көк) — аса жағымсыз күй, мәселелерден

қашуға ұмтылу («жайыма қалдырса ғой»).
+7 +2 (қара мен жасыл) — қозғыштық, айналадағыларға ашулы қатынас, кейде жөнсіз қырсықтық.
+7 +3 (қара мен қызыл) — аса күшті қызбалық, аффекті қылықтар болуы мүмкін.
+7 +4 (қара мен сары) — аса жағымсыз күй, торығу, өзіне өзі қол жұмсау туралы ойлар.
+7 +5 (қара мен күлгін) — шиеленіскен күй, үйлесімділікті армандау.
+7 +6 (қара мен қоңыр) — қозғыштық, мүмкін емес мақсаттарды қою, түсініксіз ойлардан, жағымсыз жағдайдан шығуға деген талпыныс.
+7 +0 (қара мен сұр) — үмітсіздік, сәтсіздікке ұшырау сезімі, бәріне қарсы келуге деген талпыныс, адекватты емес қылықтар.

Бірінші түс сұр

+0 +1 (сұр мен көк) — жағымсыз жағдай, тыныштық жағдайын қалау.
+0 +2 (сұр мен жасыл) — жағымсыз жағдай, айналадағылардың өшпенділігін сезіну және қоршаған ортадан бөлектену.
+0 +3 (сұр мен қызыл) — жағымсыз жағдай, айналадағыларға жоғары талап қою, барлық уақытта да адекватты белсенділіктің бола бермеуі.
+0 +4 (сұр мен сары) — жағымсыз жағдай, мәселелерді шешуге емес, олардан шығуға деген талпыныс.
+0 +5 (сұр мен күлгін) — мазасыздық, сақтық сезімі, бұл сезімді жасыруға ұмтылу
+0 +6 (сұр мен қоңыр) — аса жағымсыз жағдай, барлық күрделі, қиын, уайымдататындардан кетуге ұмтылу.
+0+7 (сұр мен қара) — аса жағымсыз жағдай, реніш, көңілсіз көңіл күй, дұрыс емес шешім қабылдау мүмкіндігі.

Позиции «–»

Бірінші түс сұр

–0 –1 (сұр мен көк) — қанағаттанбаушылық, эмоционалдық шиеленісушілік сезімдері.
–0 –2 (сұр мен жасыл) — эмоционалдық шиеленісушілік, жағымсыз жағдайдан шығуға деген талпыныс сезімдері.
–0 –3 (сұр мен қызыл) — күйгелектік, қорғансыздық сезімі.
–0 –4 (сұр мен сары) — мазасыздық сезімі, өзінің күшіне сенімсіздік.
–0 –5 (сұр мен күлгін) — аздаған қадағаланатын қызбалық.
–0 –6 (сұр мен қоңыр) — мазасыздық, өзінің күшіне деген сенімсіздік, бірақ сонымен қоса жоғары талаптар, өзін мойындату тілегі.

–0 –7 (сұр мен қара) — өз тұлғасындағы қандайда бір шектеулерді жоққа шығару, іс– әрекетке белсенділік сезімдері.

Бірінші түс көк

–1 –2 (көк пен жасыл) — күшті шиеленіскен жағдай, жағымсыз күйзелістік күйден арылуға деген талпыныс.

–1 –3 (көк пен қызыл) — қатты мазасыздану, қорғансыздық сезімі, эмоционалдық күйден шығуға деген талпыныс.

–1 –4 (көк пен сары) — күйзеліске жақын жағдай, эмоционалдық жағымсыз уайым, қорғансыздық сезімі.

–1 –5 (көк пен күлгін) — күйзеліске жақын жағдай, қарым−қатынастағы қиыншылықтар.

–1 –6 (көк пен қоңыр) — эмоционалдық қанағаттанбаушылық, өзін−өзі шектеу, қолдау іздеу.

–1 –7 (көк пен қара) — күйзеліске жақын жағдай, эмоционалдық қанағаттанбаушылық, психогендік жағдайдан шығуға деген талпыныс.

–1 –0 (көк пен сұр) — бірқатар жабырқаушы күй, мазасыздық, болашаққа деген үміттің жоқтығы.

Бірінші түс жасыл

–2 –1 (жасыл мен көк) — жабырқау күйі, өз күшіне сенбеу, жағымсыз жағдайдан шығуға деген талпыныс.

–2 –3 (жасыл мен қызыл) — күшті қозу, қажытатын уайым, айналадағылармен қарым−қатынасты өзінің дұшпаны деп есептейді, аффективті қылықтар болуы мүмкін.

–2 –4 (жасыл мен сары) — фрустрацияға жақын күй, түңілу, шешім қабылдай алмау сезімі.

–2 –5 (жасыл мен күлгін) — күйзеліске жақын, қорланған сезім, өзінің күшіне сенбеушілік.

–2 –6 (жасыл мен қоңыр) — күйзеліске жақын сезім, өзін−өзі адекватты емес жоғары қадағалау, мойындатуға негізсіз құлшыныс.

–2 –7 (жасыл мен қара) — тәккәпарлықтың талаптарының шектеулілігіне байланысты фрустрациялық күйі, мақсатқа талпынушылықтың жетіспеушілігі.

–2 –0 (жасыл мен сұр) — фрустрациялық күй, сәтсіздіктің кесірінен уайымдау, ерік –жігер қасиеттерінің төмендеуі.

Бірінші түс қызыл

–3 –1 (қызыл мен көк) — жабырқаңқы күй, ашуланшақтық, сабырсыздық, жақын адамдармен болған жағымсыз жағдайдан шығу жолдарын іздеу.

–3 –2 (қызыл мен жасыл) — өзін−өзі теріс бағалаудан туындаған күйзеліс күйі.

–3 –4 (қызыл мен сары) —күдікшілдік, мазасыздық, айналаны теріс бағалау, өзін өзі ақтауға деген талпыныс.

–3 –5 (қызыл мен күлгін) — өзара түсіністікке жету үшін

жасаған талпыныстарындағы сәтсіздіктен туындаған күйзелістік күй, шарасыздық сезімі, аяушылықты қалау.

–3 –6 (қызыл мен қоңыр) — кейде өзін жыныстық тұрғыдан тежеуден туындайтын қатты күйзеліс, достық қатынастардың жетіспеуі, өз күшіне сенбеушілік.

–3 –7 (қызыл мен қара) — қатты түңілуден туындайтын күйзеліс фрустрация, мазасыздану сезімі, қақтығыстық мәселені шешуде дәрменсіздік, фрустрациялық жағдайдан кез келген жолмен шығуға талпыну, оның орындалатынына күмәндану.

–3 –0 (қызыл мен сұр) —тежеуге болатын қозушылық, болашаққа сенімін жоғалту, жүйкенің әлсіреу мүмкіндігі.

Бірінші түс сары

–4 –1 (сары мен көк) —күзеліске жақын түңілу сезім, жағымсыз эмоцияны басуға талпыну.

–4 –2 (сары мен жасыл) — шешім қабылдай алмау, мазасыздану, түңілу сезімдері.

–4 –7 (сары мен қара) — қиналу, сенімсіздік сезімі, бір нәрсеге алаңдау, сырттан қадағалаудан құтылуға деген талпыныс сезімдері.

–4 –0 (сары мен сұр) — қиналу, маңызды бірдеңені жоғалтып алудан, мүмкіндігін жіберіп алудан қорқу, қиындықпен күту.

Бірінші түс күлгін

–5 –1 (күлгін мен көк) — белсенділікке ынталандыратын қанағаттанбаушылық сезімі, серіктестікке деген талпыну.

–5 –2 (күлгін мен жасыл) —өзін өзі бекітуінің орындалмауы салдарынан күйзелістік күй.

–5 –3 (күлгін мен қызыл) — белсенді, кейде ойланбай істелген істердегі сәтсіздіктен туындаған күйзеліс сезімі.

–5 –4 (күлгін мен сары) — алаңдау, күдіктену, түңілу, тұйықтық.

–5 –6 (күлгін мен қоңыр) — қалаған қарым−қатынастың бұзылуы салдарынан күйзеліске түсу, айналасындағыларға жоғары талғампаздықпен қарау.

–5 –7 (күлгін мен қара) — өз бетінше шешім қабылдаудың шектеулілі салдарынан туындайтын қиындық, өзара түсіністікке, өз ойын ашық айтуға деген талпыну.

–5 –0 (күлгін мен сұр) — төзімсіздік таныту, сонымен қатар кейбір эмоционалдық қозу туғызатын өзіндік қадағалауға деген талпыныс.

Бірінші түс қоңыр

–6 –1 (қоңыр мен көк) — сіңірген еңбегін (шынайы және жорамалды) тиісті дәрежеде бағаламаудан туындаған қанағаттанбау сезімі, жағымсыз күй, өз−өзін шектеуге, қадағалауға теген талпыныс.

–6 –2 (қоңыр мен жасыл) — шамадан тыс қадағалаудың салдарынан жағымсыз күй, ерекшеленуге деген қыңыр құлшыныс, әрі оның орындалуына деген сенімсіздік.
–6 –3 (қоңыр мен қызыл) — биологиялық қажеттідіктердің қанағаттандырылмауы салдарынан туындайтын күйзеліс, күйзелістен шығу үшін ынтымақтастыққа талпыну.
–6 –4 (қоңыр мен сары) — мазасыздықты сенімділік пен жайбарақаттық бетпердесі арқылы жасыруға талпынудан туындайтын қиналу сезімі.
–6 –5 (қоңыр мен күлгін) — сезімдік үйлесімділікке талпынудың қанағаттандырылмауы салдарынан туындайытын жағымсыз күй.
–6 –7 (қоңыр мен қара) — тәуелділіктен кетуге талпыну, әртүрлі тыйымдарға жағымсыз қатынас.
–6 –0 (қоңыр мен сұр) — биологиялық жыныстық қажеттіліктердің тұншықтырылуы салдарынан күйзеліске ұшырау.

Бірінші түс қара

–7 –1 (қара мен көк) — көмек, қолдау алуға деген жасырын ниетімен байланысты мазасыздану сезімі.
–7 –2 (қара мен жасыл) — қалаған әрекетін жасау еркіндігін шектеуден туындайтын фрустрацияға жақын күй, кедергілерден құтылуға деген талпыныс.
–7 –3 (қара мен қызыл) — күткен жағдайдан көңілі қалумен байланысты туындайтын күйзеліс, эмоционалдық қозу.
–7 –4 (қара мен сары) — болашақтағы сәтсіздіктерден қорқудан туындайтын күйзелістік жағдай, дұрыс келісімге келуден бас тарту.
–7 –5 (қара мен күлгін) — дәріптелген жағдайдың іздестіру.
–7 –6 (қара мен қоңыр) — жағымсыз шек қою, тыйым салу салдарынан күйзелістік күйге түсу, қойылған шектеулерге қарсы шығу, нышансыздықтан шығу.
–7 –0 (қара мен сұр) — жағымсыз жағдайдан шығуға деген талпыныс.

Бірінші түс сұр

–0 –1 (сұр мен көк) — кейбір қиыншылықтар, жағымсыз сезімдерге қарсы тұруға деген талпыныс.
–0 –2 (сұр мен жасыл) — аса қатты қажу, шаршаумен байланысты жағымсыз күй.
–0 –3 (сұр мен қызыл) — мазасыздықтың басым болуы, аффектілі әрекет жасау мүмкіндігі, ашуланшақтық.
–0 –4 (сұр мен күлгін) — мазасыздану, сенімсіздік сезімі.
–0 –5 *(сұр мен күлгін) —сезімдік уайымды басумен байланысты қиналу.*
–0 –6 (сұр мен қоңыр) — жағымсыз жағдайдан шығуға деген

талпыныс, өзін−өзі біршама жоғары бағалау.
–0 –7 (сұр мен қара) — жағымсыз жағдайдан шығуға деген талпыныс, жақсы болашаққа деген үміт.

М.Люшер сыналушылар басынан кешірген қақтығыстардың бейнелейтін әртүрлі позициядағы түстер үйлесімділігінің кестесін құрды (ол қақтығыстың себебін, түрткісін қарастырған жоқ).
Маңызды қақтығысты көрсететін, алғашқы екі және соңғы екі позицияда тұрған түстер жиынтығын қарастырайық:


Позициялар 1, 2			**7, 8**		
0	4	xx	0	1	xx
0	6	xx	0	2	xxx
0	7	xxx	0	3	xx
1	7	xx	0	4	xx
2	7	xx	1	2	xxx
3	7	xx	1	3	xxx
4	0	xx	1	4	xxx
4	6	xx	2	0	xx
4	7	xx	2	1	xxx
6	0	xx	2	3	xxx
6	4	xx	2	3	xxx
6	7	xxx	3	0	xx
7	0	xxx	3	1	xxx
7	1	xx	3	2	xxx
7	2	xx	3	4	xxx
7	3	xx	3	5	xx
7	4	xx	4	1	xxx
7	5	xx	4	2	xxx
7	6	xx	4	2	xxx
			5	3	xx
			6	3	xx
			7	3	xx

Нәтижелерді тіркеу парағы

Таңдау реті	Түстердің нөмірі ретімен							
1 ші таңдау								
2 ші таңдау								
3 ші таңдау								
4 ші таңдау								

5 ші таңдау								
6 ші таңдау								
7 ші таңдау								
8 ші таңдау								

Стимулдық материалдар



Э. Вагнердің «Қол тесті» әдістемесі

Бұл әдістеменің авторы Э. Вагнер қол қызметінің дамуы бас миының дамуымен байланысты дейді. Яғни, зерттелушілерге көрнекі материал ретінде әртүрлі әрекет жасап тұрған қолдың суреттерін көрсетіп, тұлғаның агрессивтілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Әртүрлі әрекет жасап тұрған қолдың суретін көрсетіп, зерттелушіден оны талдап беруін сұрайды. Суретте көрсетілген әрекет түрін таңдау проекция механизмі арқылы жүзеге асады және зерттелушідегі белгілі-бір жағдайлармен байланысты болып келеді.

Стимулдық материал – қолдың суреті салынған стандартты 9 карточка және суреті жоқ 1 карточка беріледі. Суреттегі қол не істеп тұрғанын айтып беруі керек.

Суреттер белгілі тәртіпте және орналасуда көрсетіледі.

Нақты емес және екі жақты жауап берілсе, оны нақтылап айтуын өтінеді:

«Жақсы, тағы да не?» деп сұрайды, тек ешқандай жауапты міндеттемейді. Егер сіз өзіңіздің әрекеттеріңізден қарама-қайшылық кездестірсеңіз, келесі суретке ауысуыңызға болады.

Сурет-карточкаларды кез- келген жағдайда ұстауы мүмкін.

Карточка бойынша жауаптар нұсқасы шектелмеген және зерттелушілерден қарсыласудың пайда болуына алып келетін стимулдар болмауы керек. Әдетте жауаптың төрт нұсқасын алған жөн. Егер жауаптар саны аз болса, анықтап аласыз, басқа ештеңе айтқысы келе ма жоқ па сұрап аласыз, ал хаттамада тек бір ғана жауап нұсқасы айтылған жағдайда 4 белгісі қойылады, яғни бұл жалғыз баламасыз жауап болады және 4 ұпайға тең.

Барлық жағдайларда анық емес жауаптарды болғызбауға тырысу керек.

Барлық жауаптар хаттамада тіркеледі. Жауаптардан басқа зерттелушінің карточканы қалай ұстағандығы, сонымен қатар суретті көрсеткен уақыттан жауап беру уақыты да тіркеледі.

Нұсқау: Баланың алдына № 1 карточканы көрсетіп:

«Қара, мына жерде қолдың суреті салынған. Оған мұқият қарап – бұл суретте қол не істеп тұрғанын айт? Егер саған бір нәрсе түсініксіз болса, суретті қолыңа ұстап қарауыңа болады»

Әдетте, балаға қысым көрсетпей, толық талдау алу үшін әр сурет бойынша 2- 3 жауап алу керек.

Ары қарай №2 суретті балаға көрсетіп, нұсқауды келесі түрде қайталау керек:

«Қол не істеп тұр?». Балада көбіне барлық суреттерде бір қолдың суреті салынған ба деген сұрақ туындайды. Бұл

жағдайда балаға психологтың оны білмейтіндігі туралы түсінікті түрде айтуы керек, ал бала оған сурет қалай көрініп тұрғанын айтуы керек. Осылайша, балаға реті бойынша 9 суретті көрсетеді. Әр сурет балаға бастапқыда стандартты түрде көрсетіледі (тест нөмірі берілген түрінде). Балаға тура суреттегі әрекеттерді өз қолымен қайталауына тыйым салуға болмайды, бірақ хаттамада бұл жәйттерді тіркеу керек («Нәтижелерді тіркеу» бөлімінде). Егер бала жауап беру барысында қиналса, оған келесі түрде нұсқау беруі керек:
«Тырысып көр, басқадай айналдырып қара, тағы бір рет қарап көр», «Бұл қиын емес» және т.б.

Жауаптар нақты болмаса және өте қысқа болса баладан анықтап сұрап алу керек (мәселен, кімнің қолын алып тұр, кімді ұрғысы келіп тұр, бірінші болып ұра ма, әлде екінші болып па, нені сипалағысы келіп тұр және т.б.).
№ 10 суретті көрсеткенде (бос карточка) балаға төмендегідей нұсқау беріледі:
«Сенің алдыңда бос қағаз тұр. Бұл жерде ештеңенің суреті салынбаған. Көз алдыңа қолды елестетіп, оның не істеп тұрғанын айтып бер». Осылайша алдыңғы карточкаларды көрсеткендей, анықтауыш сұрақтарын қоюға болады және де оларды қысқаша хаттамаға тіркеу қажет.

Нәтижелерді тіркеу.

Баланың барлық жауаптары тіркеледі, суретті көрсеткен кезден жауап берген кезге дейінгі уақыт, анықтауыш сұрақтар, суретті ұстау жағдайы (стандартты немесе ауыстырылған) және әр сурет бойынша қосымша түсіндірулер тіркеледі.

1. **Агрессия (А).** Қол зақым келтіріп жатқан, белгілі бір нәрсені белсенді түрде ұстап тұрған, агрессивті әрекет жасап жатқан қол (шымшып, шапалақпен ұру, өсімдікті өлтіру, ұрайын деп тұрған және т.б.) ретінде қабылданады.
2. **Нұсқау (У).** Қол бір әрекет үдіреске қатысады: бағыттап, кедергі жасап, басқаларға жол көрсету (оркестрге дирижер болу, нұсқау көрсету, дәріс оқу, мұғалімнің оқушыға: «шық мына жерден» деуі, милиционердің машинаны тоқтатуы және басқалар).
3. **Қорқыныш (С).** Қол басқа адамдардың агрессивті әрекеттерінің құрбаны немесе өзін қандай да бір дене әсерден қорғаушы ретінде қабылдануы; өзіне зиян келтіріп жатқан ретінде. Бұл санатқа агрессияны терістеу үрдісі да жатады (ашулы қол, жұдырықты түю, бірақ ұру үшін емес; қорқыныштан қолды көтеру; соққыны тоқтатқан қол және т.б.).
4. **Эмоционалдылық (Э).** Қол басқа адамдарға деген махаббатты бейнелеп тұрған қол; біреуге деген бауыр басушылықты, жақсы қатынасты, мейірімділікті бейнелеп

тұрған (достық қол алысу; иықтан қағу; жануарды сипалау, гүл беріп тұрған қол; құшақтап тұрған қол және т.б.).

5. Қарым-қатынас (К). Қолдың қарым-қатынас әрекеттерін бейнелейді: біреуге қарап сөйлеу, қарым-қатынас орнатуға тырысу. Қарым-қатынас жасап тұрған серіктестер теңдігі (әңгімедегі ым-ишара, ым-ишара тілі, жолды көрсету)

6. Тәуелділік (З). Қол басқа адамға бағыныштылықты көрсетеді: екінші жақтың жақсы қарым-қатынасына негізделген «жоғарыдан төменге» позициясындағы қарым-қатынасқа қатысу

(өтініш; солдаттың офицерге құрмет көрсетуі; оқушы сұрақ қою үшін қолын көтерді; садақа сұрап тұрған қол; адам жолда машина тоқтатып тұр және т.б.).

7. Демонстративтілік (Д). Қол әртүрлі тәсілдермен өзін көрсетуге тырысады, қолдың демонстративті әрекетке қатысуы (сақинаны көрсету, маникюрын көрсету, қабырғада көрсету, билеу, музыкалық аспапта ойнау және т.б.).

8. Жарымжандық (УВ). Қол зақымдалған, ауру қол, белгілі бір әрекеттерге деген қабілетсіздік (зақымданған қол, ауру адамның немесе өлейін деп жатқан адамның қолы, сынған саусақ)

9. Белсенді өзіндік қасиетінің жоқ болуы (АБ). Қол қарым-қатынаспен байланысты емес әрекетке араласу; бірақ қол өзінің физикалық орналасуын ауыстыруы мүмкін (инеге жіпті сабақтау, жазу, тігу, машина жүргізу, жүзу және т.б.).

10. Енжар өзіндік қасиетінің жоқ болуы (ПБ). Әрекетсіз қол немесе әрекет жасайын деп тұрған қол немесе әрекет етуі үшін басқа адамның қатысуын қажет ететін қол, бірақ қол өзінің денелік орналасуын өзгертпейді (демалып жатыр; қозғалмай жатыр; адам үстелге сүйеніп отыр; ұйқы барысында салбырап тұруы)

11. Сипаттау (О). Бұл санатқа қандай әрекет жасап тұрғаны белгісіз қол жатады (томпақ қол, әдемі қол, баланың қолы, ауру адамның қолы).

Тестің нәтижелерін өңдеу және талдау:

Зерттелушінің әр жауабын 11 санаттың біріне жатқызамыз. «Агрессия» және

«Нұсқау» санаттарына жататын жауаптар зерттелушілердің агрессияның жоғары түрлерімен, қоршағандарға бейімделгісі келмеуімен байланысты жауаптар.

«Қорқыныш», «Эмоционалдылық», «Қарым-қатынас» және «Тәуелділік» санаттарының жауаптары әлеуметтік ортаға бейімделумен байланысты әрекеттер үрдісін көрсетеді; бірақ агрессивті мінез-құлықпен байланысты емес. Агрессивтіліктің қосынды ұпайы келесі формула бойынша есептеледі:

А = (Агрессия + Нұсқау) – (Қорқыныш + Эмоционалдылық + Қарым- қатынас + Тәуелділік) Яғни, ашық агрессивті мінез-құлық көрсеткіші алғашқы екі санат бойынша жауаптардың қосындысынан «бейімдегіш» жауаптардың қосындысын шегеру. Формуланың бірінші мүшесі агрессивті үрдісті сипаттайды, екінші – ұстамды агрессивті мінез-құлық үрдістерін тест нәтижелерінің қысқаша талдауы қосынды көрсеткішті тест нормаларымен сәйкестендіріп, зерттелушінің қазіргі жағдайы туралы агрессивтілік деңгейі туралы шешім қабылданады. Осылайша, жағымды тұлға аралық қатынасқа негізделген жауап санының көп болуына қарамастан, әлеуметтік кооперацияны сипаттайтын жауаптардың толық болмауының өзінде 2-3 агрессивті жауап қастандық деңгейінің жоғары болуын сипаттайды. Әр санатқа сәйкестендіргеннен кейін әр санат бойынша пікірлер саны есептеледі. Әр санат бойынша жауаптар пайызы есептеледі.

Стимулдық материал



I




II



III



IV



IX



V



VI



VII



VIII



VIII

Қобалжуды, фрустрацияны, агрессивтілікті және ригидтілікті өзіндік бағалау

Нұсқау:

«Әр тұжырымды мұқият оқыңыз, тұжырымдамаларға келісу деңгейіне байланысты 1, 2, 3 немесе 4 сандарының бағанасына «+» таңбасын қойыңыз».

	Қобалжуды өзіндік бағалау	1	2	3	4
1	Әдетте сіз өзіңізге сенімділікті сезбейсіз?				
2	Болмашы нәрсеге байланысты жиі қызарасыз?				
3	Ұйқыңыз тыныш емес пе?				
4	Сіз сары уайымға тез салынасыз ба?				
5	Сіз әлі болмаған қиялдағы сәтсіздіктерге мазасызданасыз ба?				
6	Сіз қиындықтардан қорқасыз ба?				
7	Сіз өз кемшіліктеріңізді талқылауды ұнатасыз ба?				
8	Сізді сендіру оңай ма?				
9	Сіз иланғыш адамсыз ба?				
10	Сіз күтуді ұнатпайсыз ба?				
	Фрустрацияны өзіндік бағалау				
1	Шешімі бар жағдайлардың өзі кейде маған шешілмейтін сияқты болып көрінеді.				
2	Сәтсіздіктер мені қатты қынжылтады, менің салым суға кетеді.				
3	Үлкен сәтсіздіктерде мен еш себепсіз өзімді кінәлауға бейіммін.				
4	Бақытсыздық пен сәтсіздіктер мені ештеңеге үйреткен жоқ.				
5	Мен күрестен жиі бас тартамын, себебі оны нәтижесіз деп ойлаймын.				
6	Мен өзімді қорғаусыз деп есептеймін.				
7	Кейде менде түңілу жағдайы болады.				
8	Қиындықтар алдында не істерімді білмей жабырқап қаламын.				
9	Қиын жағдайларда кейде мен өзімді кішкентай бала ретінде ұстаймын, өйткені маған жандары ашығанын қалаймын				
10	Өзімнің мінезімнің кемшіліктерін түзету мүмкін емес деп есептеймін.				
	Агрессивтілікті өзіндік бағалау				

1	Соңғы сөзді өзім айтамын.				
2	Көбіне әңгімелесу барасында сөйлесіп отырған адамның сөзін бұзамын.				
3	Мен тез ашуланамын				
4	Басқаларға сын айтқанды ұнатамын				
5	Басқаларға беделді адам боғым келеді.				
6	Аз нәрсемен қанағаттанбаймын, көп нәрсеге ұмтыламын.				
7	Ашуланғанда өзімді ұстауым қиын				
8	Бағынғаннан гөрі басқарғанды ұнатамын.				
9	Менің ым-ишарам біршама дөрекілеу.				
10	Мен кекшілмін.				
Ригидтілікті өзіндік бағалау					
1	Маған әдеттерімді өзгерту қиын.				
2	Зейінімді ауыстыру қиын.				
3	Кез келген жаңа нәрсеге өте қауіптілікпен қараймын.				
4	Мені сендіру қиын.				
5	Кейде мені ойдан шығарып тастайтын ойлар келіп мазалайды.				
6	Адамдарға бірден жақындасып кете алмаймын.				
7	Мен жоспарым біршама бұзылса ашуланамын, мазасызданамын.				
8	Тәуекелге баруым өте қиын.				
9	Табандылықты жиі көрсетемін.				
10	Өзім қабылдаған күнтізбем бұзылса, бірден күйзеліске ұшыраймын.				

Кілті:

Берілген тұлғаның әр қасиеті бойынша ұпай қосындысы есептеліп, 2-ге көбейтіледі. Әр қасиет бойынша жоғарғы ұпай саны – 80-ге тең.

Келесі нормалар беріледі:

20 – 30 ұпай – төменгі деңгей

31 – 45 ұпай – орта деңгей

46 және одан жоғары – жоғары деңгей

Темперамент типін анықтау

Төменде психолог-ғалым В.М.Банщиковтың «О темпераменте человека» («Медицина» баспасы, М.,1973ж.) еңбегі бойынша 80 сұрақ қойылып отыр. Сынаққа түсуші барлық сұрақтарға жауап беруге тиіс ».

Нұсқауы: Сіздерге 80 сауал беріледі. Егер қойылатын сауалға байланысты сіздің өміріңізде осыған ұқсас жақтар болса және үнемі көзқарастарыңызбен мінез-құлықыңызда осыған байланысты белгілер байқалса, онда сіз «иә» деп, ал кері болса «жоқ» деп жауап бересіз.

1.Сіз елгезексіз, бір орында ұзақ отыра алмайсыз.

2.Сіз қызбасыз, ұстамсызсыз.

3.Сіз шыдамсыз адамсыз.

4.Сіз адамдармен қарым-қатынас жасауда кесіп сөйлейсіз.

5.Сіз бірбеткей адамсыз (қайсарсыз).

6.Ерегісте жол тапқышсыз.

7.Сіз жұмысты тұрақты емес, үзіп-жұлып істейсіз.

8.Сізде тәуекел жасауға бейімдік бар.

9.Сіз кекшіл емессіз.

10.Сіз тез, бірақ тұтыға сөйлейсіз.

11.Сіз қызбалыққа артықша бейімсіз.

12.Сіз өзіңізді даукеспін деп санайсыз ба?

13.Сіз өзгенің кемшілігіне немқұрайлы қарай алмайсыз.

14.Сіз әр жағдайды бет-құбылысыңызбен білдіруге жетіксіз.

15.Сізді үйреншікті, күнделікті қам-қарекеттер тез шаршатады.

16.Сіз се лсоқ топтың көңілін тез оятуға ұстасыз.

17.Сіздің іс-қимылыңыздан оқтын-оқтын екпінді қимылға көшуге бейімділік байқалады.

18.Адамдармен қарым-қатынас жасауда сізден тұрақтылық байқалады.

19.Сіз мақсатқа жету жолында алған бетіңізден қайтпайтын адамсыз.

20.Сіз көңіл-күйіңізді тез өзгертуге бейімсіз.

21.Сіз жеке басыңыздағы сәтсіздіктермен қолайсыздықтарды тез жеңе аласыз.

22.Сіз аққөңіл және қамқор адамсыз.

23.Сіз қуатты (күшті) адамсыз.

24.Сіз өзіңіздің қызығушылығыңыз бен бейімділігіңізге терең мән бермейсіз.

25.Сіз болмашы нәрселерді көңілге алып, уайым-қайғыға берілуге бейім адамсыз.

26.Сіз барлық жаңалықтарды тез және жеңіл қабылдайсыз.

27.Сізде керексіз нәрселерге құмарлық басым.

28.Сіз өзіңізге таныс емес қызметті атқаруға жеңіл ауыса саласыз.

29.Сіз өте іскерсіз.

30.Қандайда-бір ауыр жағдайларда да сіз өзіңізді ұстамды сезінесіз және үрейге бой алдырмайсыз.

31.Сіз шешім қабылдатуға үнемі асығыстық көрсетесіз.

32.Әдетте сіз қатты сөйлейсіз және оны айрықша қимылдармен сездіресіз.

33.Сізді әдетте міндетті түрде жұмыс жеңіл болса да өзіне тартады.

34.Сіз өзіңізге мүлде байланыссыз нәрселерді елеуге бейімсіз.

35.Сіз бір-бірімен байланысты білім салалары бойынша түрлі мәліметтерді есте сақтауға бейімсіз.

36.Сіз тыныш әрі тез ұйықтай аласыз және оянасыз.

37.Сіз әр нәрсені әуелі жасап, содан соң оның салдары туралы ойлауға бейімсіз.

38.Бір нәрсеге талас-тартыс туғанда сізді тартыстың туу себебі емес, тек фактісі қызықтырады.

39.Қиын жағдайда сіз өзіңізден бұрын басқаларға жәрдем беруге дайынсыз.

40.Сіз «кек қайтарудан» гөрі оңай келісіп кетуге бейімсіз.

41.Бейтаныс орында сіз өзіңізді сенімді ұстайсыз.

42.Сіз өз күшіңізге толық сенімді емессіз.

43.Сіз жалғыздықты ұнатасыз.

44.Сіз жаңа достармен тез тіл табысып кете алмайсыз.

45.Сіз үйреншікті жағдайда оңай жұмыс істей аласыз.

46.Сіз аз ғана сәтсіздіктің өзін көтере алмайсыз.

47.Сізде өз уайым-қайғыңыздан арылуға бейімдік бар.

48.Сіз ұзаққа созылған ауыр жұмыстан соң толық және ұзақ демалысты қажет етесіз.

49.Сіз өте әсершіл, ерме жансыз, сондықтан да сізді жолыңыздан тайдыру оңай.

50.Сізде қарым-қатынас жасап әңгімелескен адамның мінез-құлқына қарай өзгеріп тұратын белгілері бар.

51.Сіз алдымен асықпай, әбден ойланып сөйлейсіз.

52.Сіз өзгелерге үнемі күдікпен қарауға бейім тұрасыз.

53.Сіз қандай бір ұялту мадақтауға сезімталсыз.

54.Сіз шамадан тыс өкпелегішсіз және үнемі туралықты жақтырмайсыз.

55.Сіз тұйықсыз,ол жайлы көп айта бермейсіз.

56.Сіз әр нәрсені өздігінен істей бермейсіз, сізді міндетті түрде итермелеуге тура келеді.

57.Сіз қиын мәселелерді әбден ойланып шешкенше және өзіңізге толық түсінікті болғанша жарым-жартылай тастап кете

алмайсыз.

58.Сіздің әр түрлі білім салалары бойынша мәселелерді ойда сақтау қабілетіңіз нашар болғанмен, соған жақын салалар бойынша мәселелерді есте сақтау қабілетіңіз жақсы.

59.Сізде айналаңыздағы адамдардың сіздің жағдайыңызға тез түсінуін қалыптастыра алу бейімділігі бар.

60.Сіз жеке басыңызға уайым-қайғы әкелген жағдайды көп уақытқа сақтап, ұмытпайсыз.

61.Сіз өз іс-әрекетіңізді үнемі ретімен және тиянақты жасайсыз.

62.Сіз жағдай мен оқиғаның пісіп-жетілуін күте аласыз.

63.Сіз өзіңізді салқын қанды жанмын деп есептейсіз бе?

64.Сіз тіпті өзіңізге жақын адамдарға да артық-ауыз әңгімелер айтуға құмарсыз.

65.Сіз өз жұмысыңызда белгілі тәртіп пен жұмыс жүйесіне сай әрекет жасайсыз.

66.Сізге әңгімелескенде ойлап алу үшін үзіліс пен тоқтап-тоқтап сөйлеу керек.

67.Сіз әртүрлі күшті толқулар үстінде де өзіңізді-өзіңіз ұстай білесіз.

68.Сіз өзіңіздің де, өзгенің де күшін жұмсауды жөн көрмейсіз.

69.Сізді өз қызметіңізде жұрттың қолдап-қолдамағаны ойландырмайды, сізге бәрі-бір.

70.Сіз сезіммен қарым-қатынас жасауда тұрақты жансыз.

71.Жұмыстағы тәртіптілік сіз үшін жұмыстан кем емес нәрсе.

72.Өз өміріңіздегі жақсылық пен жамандыққа сіз бірдей салқындылықпен қарайсыз.

73.Сіз өзгелердің нашар және жарамсыз мінез-құлықтарына кешірімділікпен қарайсыз.

74.Сіз бір жұмысты жасау жайлы берік шешімге келе отырып, сол жұмысты өте баяу қолға аласыз.

75.Жеке мақсатқа жету үшін сіз оны орындау жолындағы ауырлықтарға, жағдайдың болу-болмауына қарайсыз.

76.Тіпті ауыр уайым-қайғыларыңыздың өзі сіздің өміріңіз бен ағымдағы қызметіңізге өз кесірін тигізе алмайды.

77.Сіз адамдарды емес, олардың жұмысқа қабілеттілігіне қарай бағалайсыз.

78.Әңгіме үстінде сіздің ойыңызды бөлді. Алаңдатқанына қарамастан сіз өз ойыңызды үнемі соңына дейін жеткізуге бейімсіз.

79.Сіз кез-келген айқай-шуды, музыканы, қатты айқайлап айтылған сөздерді сабырмен тыңдай аласыз.

80.Сіз өзіңізді сыртқы әсерсіз-ақ алдандырып ұстауға қабілеттісіз.

Нәтижені өңдеу және талдау

Сынаққа түсуші әрбір адам дәптеріндегі жазылған «иә» және «жоқ» деген сөздерді жазып, осыдан кейін «иә» сөзін санап жазды және олар төмендегі үлгі кесте бойынша жазылады:

Сұрақ нөмірі	Темпераменті	Жауап саны
№ 1-20	Холерик	15
№ 21-40	Сангвиник	8
№ 41-60	Меланхолик	4
№ 61-80	Флегматик	2

Жауап саны есептелген соң темпераменттің басым түрі мына формула бойынша есептеп шығарылады:

$$T=\frac{H(x)}{20}\cdot 100\% * \frac{H(c)}{20}\cdot 100\% * \frac{H(м)}{20}\cdot 100\% * \frac{H(ф)}{20}\cdot 100\%$$

Шартты белгілер былай жазылды:

Т-темперамент;

Н(х), Н(с), Н(м), Н(ф) – жауаптар саны. Мысалы, «иә» болса, соны темпераменттің әр түрінен жиналған санмен есептеу қажет.

Жақшадағы бастапқы әріптер темперамент түрлері атының алғашқы бас әрпін білдіреді.

***Белгі – темперамент түрлеріне қатысын білдіреді.**

Жоғарыда көрсетілген мысалы пайдаланып есепті шығарып көрейік.

Т- формуласының нәтижесі мынадай болады.

$$T=\frac{15}{20}\cdot 100\%\cdot\frac{8}{20}\cdot 100\%\cdot\frac{4}{20}\cdot 100\%\cdot\frac{2}{20}\cdot 100\%$$

Қарапайым есептеу жасап % қатынасын темпераменттер түрлеріне қойып көрейік. Онда:

Т=75(х)*40(с)*20(м)*10(ф)

Алынған анықтамаға талдау жасау.

Салыстырмалы түрде % есебімен алынғандағы ең басым темперамент %-ті сыналушы адамдағы қай темпераменттің басым екендігін көрсетеді. Мысалы: жоғарыдағы есептеуде 75% (х) басым екендігін көрсетіп тұр.

Әдетте Т формуласы бойынша есептегенде 40%-тен төмен көрсеткіштерді елеп, есепке алмаса да болады.

Жоғарыдағы көрсеткіш бойынша сыналушы адамның

сангвиникке де қатысы бары көрсетілген, өйткені 40% (с) есептедік.

ЕСКЕРТУ: Әдетте бір ғана қасиетпен немесе темперамент түрімен адамды жан- жақты сынауға болмайды және ол мүмкін емес, сынаққа түскен адамда темперамент түрлерінің екі немесе үш түрі көрінуі мүмкін.

Темперамент қасиеттерін анықтау (В.М.Русланов)

Мақсаты: оқушының темпрамент қасиеттерін анықтау.
Әдістеме 1980 жылдары дайындалып ұсынылды.
В.М.Русаловтың әдістемесі арқылы адам темпераментінің келесі қасиеттерін анықтауға болады:

- эмоционалдылық;
- қуаттылық;
- икемділік;
- кейіп;

Эмоционалдылық – адамдармен қарым-қатынас кезінде, тәжірибе кезінде, белгілі-бір жағдайларға байланысты адамның эмоционалды жауап қайтаруы.

Қуаттылық - адамның адамдармен араласуы мен тәжірибеде көрінетін белсенділігінің сатысы.

Икемділік – бұл бір жұмысты атқарып келесі жұмысқа көшу жеңілдігі немесе адамдармен қарым-қатынас кезіндегі мінез – құлықтың өзгеруі.

Кейіп – іс-әрекетті, жеке іс-әрекеттерді орындау жылдамдығы.

Адам темпераменті әр кезде әр түрлі байқалады, сондықтан осы әдістеме арқылы жоғарыда айтылған қасиеттерді жеке анықтауға болады. Әдістеме жүргізу барысында әрбір сұраққа «иә» немесе «жоқ» деген жауап беру керек. «Білмеймін» деп жауап беруге немесе жауаптан бас тартуға болмайды.

Нұсқау: «Әр сұрақты мұқият оқыңыз, сұрақпен келіссеңіз «иә» деп, келіспесеңіз «жоқ» деп жауап беріңіз. Жауабыңызды жауаптар парағына жазыңыз.

Сұрақтар:

1.Сіз белсенді адамсыз ба?
2.Сізді қызықтырған әңгімеге ойланбастан кірісуге дайынсыз ба?
3.Үлкен топтың құрылуына қалай қарайсыз?
4.Әрдайым белгілі бір жұмыс атқаруға құлшынысыңыз бар ма?
5.Сіз баяу сөйлейсіз бе?
6.Сіз жараланғышсыз ба?
7.Достарыңызбен ұрысып қалғаныңызға байланысты ұйықтай алмайсыз ба?
8.Бос уақытыңызда әрқашан жұмыспен айналысасыз ба?
9.Адамдармен араласу кезінде ойланбастан сөйлейсіз бе?
10.Әңгімелесуші адамның тез сөйлегенін жақтырмайсыз ба?
11.Ұзақ уақыт аралығында басқа адамдармен сөйлесе алмасаңыз, өзіңізді бақытсыз адам деп санайсыз ба?
12.Белгіленген кездесуге немесе мектепке кешіккен кездеріңіз болды ма?
13.Қатты жүгіру сізге ұнай ма?

14.Жаман бағаға, ата-ананың немесе ұстаздардың ескертулеріне қатты уайымдайсыз ба?
15.Қосымша қадағалауды қажет ететін жұмысты орындауға дайынсың ба?
16.Тез сөйлеуге қиналасыз ба?
17.Белгілі бір жұмысты немесе үй жұмысын толық орындамасаңыз,
әрдайым алаңдаушылық бола ма?
18.Әңгімелесу кезінде сіздің бір ойыңыз екінші ойға ауысуы жиі бола ма?
19.Сізге шапшаңдылықты жәнеептілікті қажет ететін ойындар ұнай ма?
20.Белгілі бір тапсырманың жаңа шешімін табу сізге оңай ма?
21.Әңгімелесу кезінде сізді дұрыс түсінбесе алаңдаушылық бола ма?
22.Жауапты және күрделі жұмыстыептілікпен орындайсыз ба?
23.Өзіңіз түсінбейтін заттарды айтасыз ба?
24.Бірқалыпты тез темппен бірнеше адамдармен сөйлесе аласыз ба?
25.Бір уақытта бірнеше жұмысты атқара аласыз ба?
26.Ойланбастан сөйлегенізге байланысты достарыңызбен араздасуыңыз болды ма?
27.Көп күш-қуатты қажет етпейтін күнделікті жеңіл жұмысты ұнатасыз ба?
28.Кез-келген жұмыстың дұрыс орындалмағанын байқаған кезде алаңдайсыз ба?
29.Отырып атқарылатын жұмысты ұнатасыз ба?
30.Бейтаныс адамдармен қарым-қатынасқа оңай түсесіз бе?
31.Сөзді айтпастан бұрын ойланасыз ба?
32.Сіздің әдеттеріңіздің барлығы ұнамды ма?
33.Жұмыс барысында қолдарыңыз тез қозғалады ма?
34.Бейтаныс адамдар тобында сөйлемей отырып, қарым-қатынасқа түсуге асықпайсыз ба?
35.Тапсырманы шешу үшін бір жауаптан екінші жауапқа тез көшесіз бе?
36.Жақын адамдарыңыз сізге жаман қарай ма?
37.Сіз көп сөйлейтін адамсыз ба?
38.Тез шапшаңдылықты қажет ететін жұмысты оңай орындайсыз ба?
39.Мүдірмей, еркін сөйлесесіз бе?
40.Жұмысыңызға немесе оқуыңызға байланысты алаңдайсыз ба?
41.Адамдар сіздің жеке бас кемшіліктеріңізді көрсетсе ренжисіз бе?
42.Жауапкершілікті қажет ететін жұмысты орындауға

құлшынысыңыз бар ма?
43.Барлығын ақырын, байыппен істегенді ұнатасыз ба?
44.Басқа адамдардан жасырғыңыз келетін ойларыңыз бар ма?
45.Көп ойланбастан екінші адамға оны ойландыратын қиын сұрақ қоя аласыз ба?
46.Шапшаң іс-әрекеттерден рахаттанасыз ба?
47.Өзіңіз айналысатын жұмыспен байланысты жаңа идеяларды қалыптастыру сізге ұнай ма?
48.Маңызды, жауапты әңгіме алдында алаңдаушылық бола ма?
49.Сізді берілген тапсырманы тез орындайды деп айтуға болады ма?
50.Өз бетімен жұмыс істегенді ұнатасыз ба?
51.Сырт келбетіңізден жан дүниеңізді білу оңай ма?
52.Өзіңіздің сөз бергеніңізді әрқашан орындайсыз ба?
53.Айналадағылардың сізбен қарым-қатынасына ренжисіз бе?
54.Бір уақытта тек бір жұмысты атқарғанды ұнатасыз ба?
55.Шапшаң ойындарды ұнатасыз ба?
56.Сөйлегенде кідіргенді ұнатасыз ба?
57.Топты белсендіруді ұнатасыз ба?
58.Кейде қиын жұмыспен айналысуға күш жоқ екенін сезінесіз бе?
59.Бір жұмыстан екінші жұмысқа көңіл аудару қиын ба?
60.Маңызды жұмыстың орындалмауына байланысты көңіл-күйіңіз болмаған кездеріңіз болды ма?
61.Жұмысыңыздың дұрыс жүрмеуіне байланысты ұйықтамаған кездеріңіз болды ма?
62.Үлкен топта болғанды ұнатасыз ба?
63.Достарыңызбен қарым-қатынасты анықтаған кезде алаңдайсыз ба?
64.Толықтай күш жұмсайтын жұмысты қажет етесіз бе?
65.Әрдайым ызаланып, жынданасыз ба?
66.Бір уақытта бірнеше жұмысты атқарғанды ұнатасыз ба?
67.Үлкен топта өзіңізді еркін ұстайсыз ба?
68.Дұрыс ойланбастан, бір рет көргеніңізде ғана тұрақталып, соны дәлелдейсіз бе?
69.Белгілі бір жұмысты орындау үрдісінде сенімсіздік болады ма?
70.Сіз баяу жұмыс істейсіз бе?
71.Бір жұмыстан екінші жұмысқа оңай ауысасыз ба?
72.Қатты дауыспен тез оқисыз ба?
73.Кейде өсек таратасыз ба?
74.Достар арасында үндемейсіз бе?
75.Сізді қолдаған және құптаған адамдарды қажет етесіз бе?
76.Бір уақытта көп жұмысты орындай аласыз ба?
77.Шапшаң жұмысты орындай аласыз ба?

78.Бос уақытыңызда адамдармен сөйлескіңіз келе ме?
79.Жұмыста келіспеушіліктер болып, ұйықтай алмаған кезеңдеріңіз болды ма?
80.Ұрыс кезінде қолдарыңыз дірілдей ме?
81.Өзіңіздің пікіріңізді айтпас бұрын көп уақыт ойша дайындаласыз ба?
82.Сіздің таныстарыңыз арасында жақтыртпайтын адам бар ма?
83.Жеңіл жұмыспен айналысқанды ұнатасыз ба?
84.Сізді реңжіту оңай ма?
85.Топта сөйлеуді бірінші болып бастайсыз ба?
86.Адамдар арасында көп уақыт болғыңыз келе ме?
87.Бірінші ойланып, одан кейін сөйлейсіз бе?
88.Өзінңің жұмысын немесе оқуын туралы алаңдайсын ба?
89.Көліктегі қадағалауды қорықпасаңыз, жүк үшін ақша төлеуші ме едіңіз?
90.Көңілді кештерде бірқалыпты жүресіз бе?
91.Жұмысыңызда болатын сәтсіздіктерді асыра сілтеп айтасыз ба?
92.Тез сөйлеу сізге ұнайды ма?
93.Кенет пайда болған ойды дауыстап айтпау жеңілге түседі ме?
94.Баяу жұмыс атқарғанды қалайсыз ба?
95.Жұмыстардағы кемшіліктерге алаңдайсыз ба?
96.Сізге адамдармен баяу және ақырын сөйлескен ұнай ма?
97.Қателескеніңіз үшін алаңдайсыз ба?
98.Ұзақ уақытқа созылатын, көлемді жұмысты жақсы атқара аласыз ба?
99.Бейтаныс адамға өзіңіздің мінезіңізді анықтауға көмектесуді сұрай аласыз ба?
100.Адамдармен қарым-қатынас кезінде өзіңізді жайсыз сезінесіз бе? 101.Бейтаныс, жаңа жұмысты орындауға әрдайым дайын тұрасыз ба?
102.Көп сөйлегеннен жалығасыз ба?
103.Стрессіз, баяу жұмыс істеген ұнай ма?
104.Бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысуды қажет ететін көп қырлы жұмыс ұнайды ма?
105.Көп уақыт бойы жалғыз болғанды ұнатасыз ба?

Жауаптары:

Төменде темперамент қасиеттерін анықтайтын әдістемеде сұрақтар өлшемі мен оларға арналған жауап нұсқалары көрсетілген. Егер қойылған сұрақ дұрыс болса
«1» ұпай, дұрыс емес болса «0» ұпай қойылады. Әрбір темперамент қасиетінің даму сатысы балдардың санымен

бағаланады.
1. Жұмыстағы қуаттылық: «иә» - 4, 8, 15, 22, 42, 50, 58, 64, 98; «жоқ» - 27, 93, 103;
2. Адамдармен қарым-қатынасындағы қуаттылық: «иә» - 11, 30, 57, 62, 67, 78, 86;
«жоқ» - 3, 34, 74 ,90, 105;
3. Жұмыстағы икемділік: «иә» - 20, 25, 35, 38, 47, 66, 71, 101; «жоқ» - 54, 59;
4. Адамдармен қарым-қатынасындағы икемділік: «иә» - 2, 9, 18, 26, 45, 68, 85, 99;
«жоқ» - 31, 81, 87, 93;
5. Жұмыстағы кейіп: «иә» - 1,13, 19, 33, 46, 49, 55, 57; «жоқ» - 29, 43, 70, 94;
6. Адамдармен қарым-қатынастағы кейіп: «иә» - 24, 37, 39, 51, 72, 92; «жоқ» - 5,
10, 18, 56, 96, 102;
7.Жұмыстағы эмоционалдылық: «иә» - 14, 17, 28, 40, 60, 61, 69, 79, 88, 91, 95, 97;
8.Адамдармен қарым-қатынастағы эмоционалдылық: «иә» - 6, 7, 21, 36, 41, 48, 53, 63, 75, 80, 84, 100;
7. 9.Бақылау сұрақтары: «иә» - 32, 52, 89; «жоқ» - 12, 23, 44, 65, 73, 82;

Ең бірінші бақылау сұрақтары арқылы жауап берушінің қаншалықты шынайы жауап бергені анықталады. Егер бақылау сұрақтары жауаптармен үш жағдайдан көп сәйкестік келсе, онда жауап беруші өзін жақсы деп көрсетуге талпынғанын түсінеміз және шынайы жауап бермегені белгілі болады. Сондықтан да ол туралы нақты ақпаратты алу мүмкін емес. Ал үш сәйкестіктен аспаса оның жауаптарынан дұрыс деп санауға болады.

Нәтижелерді өңдеу және талдау

Егер жауап беруші 9 және одан көп ұпай жинаса оның темпераментінің қасиеті жоғары дамыған; 4 және одан төмен болса төмен дамыған; 5-тен 8 аралығында жинаса орташа дамыған болып табылады.

Сангвиник – барлық қасиеттер бойынша орташа көрсеткіштер.

Холерик – қуаттылық, эмоционалдылық және кейіпің жоғары көрсеткіштері; икемділіктің жоғарғы немесе орташа көрсеткіштері.

Флегматик – барлық қасиеттерінің төмен көрсеткіштері.

Меланхолик – икемділіктің, қуаттылықтың және кейіптің төмен көрсеткіштері; эмоционалдылықтың төмен және жоғарғы көрсеткіштері.

Әрбір адамда екі темпераменттің қасиеті байқалады: біреуі – жұмыс барысында, екіншісі – адамдармен қарым-қатынас кезінде.

«ҮЙ – АҒАШ - АДАМ» проективтік әдістемесі (Дж. Бук)

Бұл әдістеме үлкендерге, балаларға және де топтық зерттеулерге арналған.

Бұл әдістемені жүргізудің негізі мынадан тұрады: сыналушы үйдің, ағаштың және адамның суретін салуы керек. Содан кейін құрастырылған жоспар бойынша сұрақтар қойылады.

Р.Бернс «ҮАА» тестін қолданғанда оған ағаш, үй және адамды бір суретте бейнелеуін сұрайды. Үй, ағаш және адам арасындағы әрекеттестік көру метафарасын анықтауға мүмкіндік береді деп саналады. Егер барлық суретті қимылға келтіретін болсақ, онда біз шын мәнінде өмірімізде не болып жатқанын байқай аламыз.

Талдаудың ерекше тәсілі үйдің, ағаштың және адамның суреті қандай ретпен салынуына негізделеді. Егер ағашты бірінші салса, ондай адамға ең негізгісі - өмірлік күш – жігер; ал егер бірінші болып үй салынса, онда бірінші орында – қауіпсіздік, табысқа жету немесе керісінше, бұл түсініктерді елемеу.

Нұсқау: «Парақ бетіне үш заттан – үй, ағаш және адамнан тұратын суретті сал. Олардың суретін мүмкіндігінше әдемі етіп сал.Үйді, ағашты және адамды кез келген түрде, қалауың бойынша сал. Қалай салатыныңды өзің шешесің. Суретті өшіруге болады, бұл бағалауға әсер етпейді, әрі уақыт та шектеулі емес, тек қана суретті әдемі етіп сал»

Сурет салуға жұмсалған уақытты белгілеу қажет.Сыналушы үйдің суретін салып болғаннан соң ағаштың суретін, кейін адамның суретін салуды ұсыну қажет.

«Үй – Ағаш – Адам » тестіндегі белгілер бойынша талдау

Құлағалы тұрған ескі үй – кейде адам мұнымен өзіне деген қарым – қатынасты көрсетеді.

Алыста орналасқан үй – шеттеліп тасталған адамның сезімі.

Жақында орналасқан үй – ашықтық, қол жетерлік және жылылық пен қонақжайлық сезімдерін білдіреді.

Үйдің жоспары (үстінен қарағандағы сызбасы) – (үйдің орнына) - көңіл қоюды талап ететін дау – дамай.

Әртүрлі қосымша салынған құрылыстар – нақты үй иесіне қарсы бағытталған агрессивтілік немесе субьектінің жасанды және мәдени стандарт деп санайтындарға қарсылығы.

Терезе қақпағы жабық – субьектінің интерперсональды қарым – қатынасқа бейімделуге (түсуге) дайындығы.

Есіксіз саңлаусыз қабырға әкелетін баспалдақтар –

шындықтың дұрыс бағалануына зиян келтіретін қақтығыс жағдайдың бейнеленуі. Субъектінің тәкапарлығы (өзі іштей қалап тұрса да қарым – қатынасқа түсуді мойындамау).

Қабырғалар

Өзгеше етіп бейнеленген артқы қабырға - өзін саналы қадағалауға тырысу, келісімге келуге бейімділік, бірақ сонымен қатар күшті дұшпандық тенденциялары да бар.

Артқы қабырғаның сызығы басқа бөліктермен салыстырғанда жуанырақ (ашығырақ) – субьект шындықпен қатынасты сақтауға (жоғалтып алмауға) ұмтылады.

Негізі жоқ қабырғалар – шындықпен әлсіз байланыс (егер сурет төменгі жақта орналасқан болса).

Ерекше көңіл аударарлық негізі бар қабырға – субьект қақтығыстық тенденцияларды ысырып тастауға тырысада, қиыншылықтар мен алаңдаушылықтарды (қауіп – қатерді) сезеді.

Ерекше көңіл аударарлық, көлденең өлшемді қабырға – уақытты нашар бағдарлау (өткеннің немесе болашақтың басым болуы) Субьектінің ортаның қысымына аса сезімтал болуы мүмкін.

Қабырғаның бүйір пішіні өте жіңішке және дұрыс емес – қауіп – қатерді алдын – ала сезіну.

Қабырғаның пішін сызықтары ерекше көңіл аудартады – саналы түрде бақылауды сақтауға ұмтылу.

Қабырғаның бір өлшемді көрінісі – тек бір жағы ғана бейнеленген. Егер бұл бүйір қабырға болса, онда оқшаулануға және оппозицияға бейімділік байқалады.

Түссіз мөлдір қабырғалар – санасыз әуестік, мүмкіндігінше ситуацияға әсер етуге деген қажеттілік (басқару, ұйымдастыру).

Ерекше көңіл аударарлық тік өлшемді қабырға – субьект рахаттануды ең алдымен өз фантазияларынан іздейді және оның шындыққа қатынасы өте аз.

Есіктер.

Есіктердің болмауы – субьект басқалардың алдында (әсіресе отбасы ортасында) ашылуға ұмтылуда қиыналады.

Есіктер (біреу немесе бірнешеу), артқы немесе жанындағы – кері шегіну, қашқалақтау.

Есіктер ашық – ашықтықтың, қол жетімділіктің алғашқы белгісі.

Есіктердің ашық болуы – Егер бұл тұрғын үй болса – бұл сырттан келетін жылуға деген күшті қажеттілікті немесе ашықтық, қол жетімділікті көрсетуге ұмтылуды білдіреді.

Бүйір есіктер (біреу немесе бірнеше) – жатсыну,

оқшаулану шындықты қабылдамау. Тәкапарлық.

Өте үлкен есіктер – басқаларға тәуелділік немесе өзінің әлеуметтік үйірсектігімен таңдандыруға ұмтылу.

Өте кішкентай есіктер - өзінің «Меніне» ешкімді кіргізбеу тілегі. Әлеуметтік жағдайларда сәйкес келмеу, батылсыздық және шешім қабылдай алмаушылықтың сезімдері.

Үлкен құлыпты есіктер - өшпенділік, күдікшілдік, тұйықтық, қорғаныштық тенденциялары.

Түтін

Өте қою түтін –ішкі қысым күштілігі. (түтіннің қоюлығымен байланысты)

Жұқа түтін – үйдегі эмоционалдық жылудың жетіспеуі.

Терезелер

Бірінші қабат соңына қарай салынған – қызмет аралық қатынастардан жиіркену. Шынайлықтан оқшаулауға бейімділік.

Айқара ашылған терезелер – субъект өзін еркін және турашыл ұстайды. Терезенің көп болуы қарым – қатынасқа түсуге дайындықты көрсетеді. Ал перделердің болмауы - өз сезімдерін жасыра алмау.

Жабық терезелер (перделермен) – ортамен өзара әрекетке түсуді уайымдайды. (егер ол субъек үшін маңызды болса).

Әйнексіз терезелер - өшпенділік, жатсынушылық. Бірінші қабатта терезелердің болмауы - өшпенділік, жатсынушылық.

Төменгі қабатта терезелердің болмауы, бірақ жоғарғы қабатта терез бар – шынайы өмір мен қияли өмір арасындағы тұңғиық.

Шатыр

Шатыр – қиял аймағы. Желден жұлынған шатыр мен мұржа – субьектінің сезімдерін, өз ерік күшіне қарамастан оны не басқаратынын көрсетеді.

Суретке тән емес қою сызықпен салынған шатыр – әдетте қорқынышпен бірге жүретін қанағаттану сезімінің негізі болып табылатын қиялға көңіл қою.

Шеткі жақтары жіңішке сызықпен салынған шатыр– уайымдау, қиялды қадағалаудың әлсіреуі.

Шеткі жақтары жуан сызықпен салынған шатыр– қиялды қадағалаумен (оны шектеумен) байланысты шамадан тыс уайымдар.

Төменгі қабатпен нашар үйлескен шатыр – тұлғалық ұйымдастырыдың төмен деңгейі.

Шатырдың карнизі ерекше көңіл аударарлықтай ашық сызықпен немесе қабырғаның артына созылып салынған

– күшті қорғану бағдарының болуы (әдетте күмәнданумен бірге жүреді).

Бөлме.

Бөлме туралы ассоциациялар мына жағдайлармен байланысты **туындайды:**

1.бөлмеде тұратын адам

2.бөлмедегі өзара қарым – қатынас

3.бұл бөлме неге арналғанына байланысты

Ассоциациялар жағымды және жағымсыз эмоционалдық реңкте болуы мүмкін.

Қағаз бетіне сыймай қалған бөлме – субьект белгілі бір бөлмелерді салғысы келмейді, себебі сол бөлмемен немесе олардың тұрғындарымен байланысты жағымсыз әсердің болуы.

Субьект ең жақын бөлмені таңдайды – күмәнданғыштық.

Жуыну бөлмесі тазалық міндетін атқарады. Егер жуыну бөлмесін бейнелеу тәсілі маңызды болса, онда бұл қызметтердің бұзылғандығын білдіруі мүмкін.

Мұржа.

Мұржаның болмауы – субьект үйдегі психологиялық жылудың жетіспеуін сезінеді.

Мұржа мүлдем көрінбейді (жасырын) – эмоционалдық ықпалмен әрекеттес болғысы келмейді.

Мұржа шатырда қиғаш орналасқан – балада бұл қалыпты жағдай; үлкендерде ол айтарлықтай регрессияны білдіреді.

Су ағызатын құбыр – күшті қорғаныш және әдетте күдікшілдік.

Су жүргізетін құбырлар – (немесе төбеден су ағызатын құбыр) – күшті қорғаныш (және әдетте жоғары күдікшілдік).

Қосымшалар

Түссіз, «шыны» жәшік өзін басқаларға көрсетумен байланысты уайымдарын білдіреді. Өзін көпшілікке көрсеткісі келеді, бірақ көзбен шолу арқылы көрсетумен ғана шектеледі.

Ағаштар әр түрлі адамдарды білдіреді. Егер олар үйді «тығып» тұрғандай болса, онда ана аналардың үстемшілдігі кезіндегі тәуелділікке деген күшті қажеттіліктің орын алғанын көрсетеді.

Бұталар кейде адамдарды бейнелейді.Егер олар үйді тығыз қоршап тұрса, онда субъектінің өзін кедергілер арқылы қорғану тілегінің бар екенін көрсетеді.

Бұталар кеңістікте қалай болса солай немесе жолдың еш жақ шетінде ретсіз шашылған – шындықпен байланысты болмашы уайымдары әрі оны саналы басқаруға ұмтылу.

Жалғыз аяқ жол, жақсы үйлесімді, жеңіл салынған – индивидтің басқалармен қарым – қатынастағы әдептілігі пен өзін - өзі қадағалауын көрсетеді.

Өте ұзын жалғыз аяқ жол – дұрыс әлеуметтенуге деген қажеттілікпен бірге жүретін азайтылған қолжетімділік.

Бас жағы өте жалпақ, үйге жақындағанда тарылатын жалғыз аяқ жол –үстірт ықыласпен жалғыз болу тілегін жасыруға тырысуы.

Күн беделді тұлғаның белгісі. Жылу мен күштің қайнар көзі ретінде қабылданады.

Ауа – райы (қандай болып бейнеленген) жалпы субьектінің қоршаған ортамен байланысты уайымдарын бейнелейді. Неғұрлым жаман , жағымсыз ауа райы бейнеленсе, субъект соғұрлым ортаны өшпенді, шырмап - матаушы ретінде қабылдайды.

Түс

Түс, әдеттегі оның қолданылуы:

Жасыл түс – шатырға арналған,

Қоңыр түс – қабырғаға арналған.

Сары түс, егер үйдің ішіндегі жарықты бейнелеуге қолданылса, сонымен қатар түнді немесе оның жақындап келе жатқанын бейнелесе, онда субьектінің мынадай сезімдерін білдіреді:

1.орта оған өшпенділікпен қарайды.

2.оның іс - әрекеті бөтен көздерден жасырын болуы керек.

Пайдаланылатын түстер саны: жақсы бейімделген, ұялшақ әрі эмоцияға мұқтаж емес субьект әдетте екіден кем емес, 5-тен көп емес түстерді қолданады. Үйді 7-8 түрлі түспен бояған субьект өте тұрақсыз болады. Бір түсті ғана қолданушы эмоционалдық қозудан қорқады.

Түсті таңдау.

Егер субьект түсті ұзақ уақыт әрі сенімсіздікпен таңдаған болса, онда тұлғалық бұзылыстың болу мүмкіндігі жоғары болады.

Қара түс – ұялшақтық, қорқақтық.

Жасыл түс – қауіпсіздік сезіміне деген қажеттілік, қауіп – қатерден өзін алшақ ұстау. Егер жасыл түсті үйдің шатыры немесе ағаштың бұталары үшін қолданса, онда бұл жағдай аса маңызды емес.

Сарғыш түс – сезімталдық пен өшпенділіктің үйлесімі.

Қара қошқыл немесе қан қызыл түс – билікке деген күшті қажеттілік.

Қызыл түс – асқан сезімталдылық. Қоршаған ортадан жылу алуға деген қажеттілік.

Түс, парақ бетінің ¾ бөлігі штрихталған – эмоциясын

көрсетуде қадағалаудың жетіспеуі.

Сурет сыртына шығып кеткен штрих сызықтар – қосымша ынталандыруға ырықсыз жауап беруге бейімділік.

Сары түс - өшпенділіктің күшті белгілері.

Жалпы көрініс

Суретті парақтың шетіне қарай орналастыру – жалпыланған сенімсіздік пен қауіп сезімі. Белгілі бір уақыттық маңызбен жиі бірге жүреді:

а) оң жағы – болашақ, сол жағы - өткен шақ.

б) бөлменің неге арналғанымен немесе оның тұрақты тұрғынымен байланысты.

в) алаңдаудың ерекшелігін көрсетуші: сол жақ шеті – эмоционалды, оң жағы – интеллектуалды.

Сәулетті көрініс

Субьектінің үстінен қарағандағы көрініс (төменнен жоғары қарау) – субьект шеттетілген, және үйде оны ешкім мойындамайды. Немесе субьект қолжетімді деп санайтын отбасына деген қажеттілікті сезінеді.

Суретті алыста орналастырған – шартты қоғамнан алыстау тілегі.

Оқшаулану, шеттелу сезімдері. Қоршаған ортадан оқшалануға бейімділік.оқшауланууды қалау, сурет нені білдіретінін немесе суретті тұтастай жоққа шығару.

Көрініс, «көріністі жоғалту» сезімдер (тұлға үйдің бір бөлігін дұрыс салады, бірақ келесісінде (басқасында) шатыр мен дауалдың сызықтарын тік етіп салады – тереңдікті бейнелей алмайды) біріктірудегі басталып келе жатқан қиыншылықтар туралы белгі береді, болашаққа қорқынышпен қарау (егер тік бүйір сызығы оң жағында орналасса), немесе өткенде ұмытуды қалау (сызық сол жағында болса).

Үш өлшемдік көрініс (үш өлшемді, субьект кем дегенде төрт бөлек қабырға салады, сол жоспарда тіпті ұқсас екеуі де жоқ) – айналадағылардың пікірі оны көп ойландырады. Барлық байланыстар жайлы, тіпті болмашы бітістерді де білуге ұмтылу.

Суреттің орналасуы.

Сурет парақтың ортасында орналасқан - егер сурет парақтың ортасына неғұрлым ортадан жоғары орналасса, онда мынадай болуы мүмкін:

1.субьект күресудің ауырлығын және қойған мақсатына жете алмаушылықты сезіну.

2.субьект қанағатты қиялынан іздеуді ұнатады (ішкі қысым).

3.субьект шетте тұруға бейім.

Сурет тура парақтың (беттің) ортасында орналасқан –

қорғану мен қырсықтық.

Психикалық тепе-теңдікті сақтау үшін қамқоршылдық қадағалауды қажет ету.

Суретті парақтың ортасынан төмен қарай орналастыру – неғұрлым сурет беттің ортасынан төменде орналасқан болса, соғұрлым ол мынаған ұқсайды:

– субьект өзін қауіпті жағдайда және қолайсыз сезінеді, бұл оның депрессиялық көңіл-күйін туғызады.

– субьект өзін шектеулі, шындықпен шырмалғандай сезінеді.

Суреттің парақтың сол жағына қарай орналасуы - өткенге ерекше көңіл аударады. Албырттық (ырықсыздық).

Суретті парақтың сол жақ жоғарғы бұрышта орналастыру - жаңа уайымдардан қашуға бейімділік. Өткенге қайта оралу тілегі немесе терең қиялға берілу.

Суретті парақтың оң жақ бөлігінде орналастыру – субьект рахатты интеллектуалдық аймақтан іздеуге бейім. Қадағаланушы мінез- құлық. Болашаққа ерекше назар аудару.

Суретті парақтың сол жағынан шығарып бейнелеу - өткенге көңіл қойып, болашақтан қорқу. Ашық еркін эмоционалдық көңіл күйлері үшін шамадан тыс уайымдау.

Суретті парақтың оң жағынан шығарып бейнелеу - өткеннен құтылу үшін болашаққа кетуді армандау.Ашық еркін уайымдарынан қорқу.жағдайды қатал қадағалауға ұмтылу.

Суретті парақтың үстіңгі жағынан шығарып бейнелеу – субъект рахаттанудың негізі ретінде шынайы өмірде сезініп көрмеген ойлау мен қиялға назарын шоғырландыру.

Өте түзу сызықтар – қырсықтық.

Үнемі қолданылатын эскиздік сызық – жақсы жағдайда ұсақтық, нақтылыққа ұмтылу, жаман жағдайда нақты позицияға деген қабілетсіздікті көрсету.

<u>Адам.</u>

Басы – интеллект аймағы (қадағалау). Қиял аймағы.

Үлкен бас – адамның іс әрекетінде ойлаудың мәні туралы тұжырымға санасыз тұрғыда назар аудару.

Бастың кіші болуы - интеллектуалдық сәйкессіздікті уайымдау.

Басты анық емес етіп бейнелеу – ұялшақтық, жасқаншақтық.

Бас ең соңында ғана бейнеленеді – тұлға аралық қақтығыс.

Қарсы жыныс өкілінің басының үлкен болуы – қарсы жыныс өкілінің жалған артықшылығы және оның жоғары әлеуметтік беделі.

Мойын – қадағалау (бас) аймағы мен әуестік аймағы (дене)

арасындағы байланысты бейнелейтін мүше).

Бұл олардың үйлестіруші белгісі.

Айрықша етіп бейнеленген мойын – қорғаушы интеллектуалдылық қадағалауға деген қажеттілік.

Мойынның жуан болуы – денесіндегі импульстарды түсіну және оларды басқаруға ұмтылу.

Жіңішке ұзын мойын – тежелу, регрессия.

Жуан қысқа мойын - өзінің әлсіздігі мен тілектеріне жол беру, басылмаған шабытты көрсету.

Иықтар, олардың көлемі – дене күшінің белгісі және билікке деген қажеттілік.

Шамадан тыс үлкен иықтар – үлкен күшті сезіну немесе күш пен билікке шамадан назар аудару.

Кішкентай иықтар – құнсыздық пен қуыс кеуделікті сезіну.

Қырланған иықтар – сақтық пен қорғану белгісі.

Жайпақ иықтар – (көлбеу) – мұң, қажу (үміт үзу), кінә сезімі, өмірліктің жетіспеуі.

Кең иықтар – күшті дене түрткілері (импульстері).

<u>Кеуде ержүректіктің белгісі</u>

Бұрышталған немесе төртбұрышты кеуде – ержүректік.

Өте үлкен кеуде - субъектідегі қанағаттандырылмаған қажеттіліктің бар болуын жете түсінуі.

Дұрыс емес кішкентай кеуде – кемсіту мен құнсыздық сезімдері.

<u>Бет әлпеті</u>

Бет әлпетіне көздері, құлақтары, ауыз, мұрын кіреді. Бұл шындықпен сенсорлық байланыс.

Айрықша етіп бейнеленген бет әлпет– басқалармен қарым – қатынасы және өзінің сырт келбеті үшін уайымдау.

Иекке назар аударта бейнелеген – үстемдікке қажеттілік.

